



## Цикл уроков: Өлім мен қабірдің мінәжат құпиялары

Имам Абу Хамид Мұхаммад Ғазали

### 1 бөлім: Адамдардың өлімге деген көзқарастарына қарай топтасуы

Өмірде дүниеге шектен шыға берілген адамдарға аса көңіл қоюға тұратын бір сұрақ бар. Адамдар дүниенің жылтырағы мен жұмсақтығына алданып, нәпсілеріне күш беретін заттарға деген махаббатта жүреді. Осындай халдегі адамдар өлімді мүлде еске алмайды және де тіпті ол туралы сөз етпейді де. Егер өлімді олардың естеріне салатын болсаң, наразылық танытып, оған деген жеккөрініштері мен жиіркеніштерін білдіреді. Міне, Алла Тағала айтқан адамдар нағыз осылар:

**«Оларға: “Расында сендер қашқан өлім; әрине ол, сендерге кездеседі. Сосын көместі, көрнеуді білуші Аллаға қайтарыласыңдар. Сонда сендерге істеген істеріңді түсіндіреді” де».** («әл-Жұмға», 62/8).

Адамдар үш топқа бөлінеді: біріншілер – өздерін түелдей дүниеге арнаған адамдар, екіншілер – тәубе етіп ондай жайлы өмірден бас тартқандар болса, үшіншілер – дүниеден толықтай бас тартқан, арифтер.

**Өздерін толықтай осы дүниеге арнаған жандар** өлім дегенді мүлде еске алмайды. Тіпті оны ауыздарына алып, естеріне түсіргілеріде келмейді. Егер бір нәрсе өлімді естеріне түсірсе, өмірге деген махаббаттың себебінен дүниемен қоштасуыларына тура келетіні естеріне түсіп мұңайып қалады да, өлімді жамандай бастайды. Осындай жандар өлімді еске алған сайын Алла Тағаладан едәуір алыстай береді.

**Тәубеге келген адам** әдетте өлімді көп есіне алып, ол туралы жиі әңгіме қозғайды. Бұндай адамдардың жүректерінде Алладан қорқу сезімі туады да, олардың жүректері жұмсара түседі. Сондықтан да олар осы тұрғыдан тәубелерін ең көркем түрде жасауға әрекет етеді. Бұндай адамдар кей кездері өлімнен қорқады, бірақ бұл қорқыныш өздерінің тәубелері толық болмай қалғандықтан туындайды. Олар аяқ- асты келген ажалдан қорқады, сондықтан да қобалжып, мазасыздыққа салынады. Демек, олардың мазасыздықтары арғы жақтағы өмірлері азапқа айналмас үшін тәубе жасауға құлшынғандықтарынан болады. Сол себепті де олар өліммен аяқ-асты қауышқанды қаламайды. Расында олар ақыретке қажетті азықтарын әлі де толық жинап болмағандар. Олар ажалды қаламағандықтан да кешірімге лайықталар болып саналады. Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан мына хадисі:

**«Кімге Жаратушының алдында тұрған жағымсыз болып көрінсе, Алла Тағалаға да ол адамның Өзінің алдында тұрғанына разы болмайды»** - оларға қатысты айтылған сөздер емес.

Дей тұрғанмен, бұл тәубе еткен адамдарда ажалға разылық білдірмеушілік сезімі болмайды. Олар Алламен жүздесуді де қаламайды емес әрі бұл мәселеде де оларда разы болмау сезімі жоқ. Олардың мазасыздық пен күдіктерінің жалғыз ғана себебі, Алланың алдында өздерінде

үлкен мін бар деп санайтындығы және де өзінің кемшіліктері мен Алланың алдындағы міндеттерін атқармағандықтан Алламен жүздесе алмаймын деп ойлауы. Бұл топтағы адамдардың мазасыздығын сүйіктісімен жолығып, оның дидарын көруге дайындалып, алайда кездесу уақытын созып, кейінге қалдырып отырған адамның мысалына келеді. Бұл - Оны көруге әлі де дайын еместіктен болатын мазасыздың. Осы себепті бұл адамдар кезесуден және де сүйіктісіне қауышуды жек көретіндер қатарынан емес. Өйткені бұл адамдарда амалдың белгілері мен жігердің белгілері бар. Бұл белгілер олардың ақыретке дайындалып жатқандығын көрсетеді. Расында олардың бұдан өзге айналысатын ісі жоқ. Әйтпегенде олар бірінші топтағы адамдар секілді дүниеге алданып кетер еді.

**Арифтер** – Алланы танығандар. Мұндай адамдар үнемі, минут сайын ажал жайлы ойланады. Олар үшін өлім – сүйіктімен жүздесудің қас қағым сәті. Ғашық адам сүйіктісімен жолғауға белгілеген сағатты ешқашанда есінен шығармасы анық. Ондай адам кездесуге қашанда даяр тұрады. «Ариф» әркезде де өлім кешігіп жатыр деп «Сүйіктіме қашан қауышамын?» деген оймен сол сәтті тағатсыздана күтеді. Ол кездесуге мейлінше ертерек барғысы келеді, өйткені ол мына бүлікке толы өмірден, бағынбайтын адамдардан құтылғысы келеді. Сондықтан да ол ажалды күтумен көзі талған адамға ұқсайды. Ол бойсұнбайтын, бүлікке толы жалғаннан ажал арқылы құтылып Әлемдердің Раббысы – Алланың көршісі болудың қамымен болады.

Мысалы, Мәртебелі Хузейфаның аңызы бойынша, ажал келген сәтте ол былай деген екен: «Сүйіктім жоқшылық пен мұқтаждықта отырған кезімде келіп жетті. Алайда оның келгеніне қуанбаған адам, бақытты сезіне алмайды. Менің Алла! Егер маған ауруым сау болғанымнан хайырлы болса және де өмірден гөрі ажал хайырлы болса менің ажалымды жеңілдет, мен Сенімен қауышайын!».

Екінші топқа жататын, осындай халдегі және де жасаған амалдары үшін ұялған адам аяқасты өліп кетуден қорыққаны үшін кешірімге лайықты деп есептеледі. Үшінші адам да өлімге деген махаббаты мен ажалды қалағаны үшін кешірімге лайық болады. Арифтер мен тәубе еткен адамдарды басып озатындар – ол барлық істерін Аллаға тапсырғандар және де барлық үмітін тек Аллаға ғана артатындар. Ондай адамдар өздері үшін өлімді де, өмірді де қаламайды. Олар үшін ең бастысы – Алланың разылығын табатын нәрселерді қалау әрі Раббыларын разы қылатын нәрселерге жету. Бұл - қуаныш пен рахаттың таусылмас қайнары болған Аллаға деген махаббат пен Оған жақындықтың арқасында тағдыр мен Аллаға мойынсұну дәрежесіне жетіп, содан ләззат алатын тұлғалар. Бұл - олардың қол жеткізуге талпынған ең соңғы әрі ең басты нүктесі болып табылады.

Адам баласы үшін өлім жайлы көп еске алып, ол туралы әңгіме қозғауда пайда бар. Егер дүниеге шектен тыс берілген адам өлімді жиі еске алатын болса, ол өзінің дүниеге байланушылық қасиетінен арылуы мүмкін. Расында бұл өмірдің рахаттары ойымызға өлім келген сайын сөне береді. Өлім адам баласын дүниеге деген махаббаттан және олардан рахат алу ләззатынан айырады. Адамды уайымға бөлеп, мазасыздыққа ұшырататын, бұл өмірдің рахаттарының дәмін кетіріп, сағынышқа орайтын бұндай хал, ақырында адамның ағаттық жасауынан құтқарылуына себеп болуы мүмкін.

## **2 бөлім: Үнемі ажалмен бетпе - бет келу халі**

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мн сәлемі болсын) былай деген: «**Ләззаттарды күйретуші әрі ауызды қуырушы (дәмдерді жоғалтушы) өлімді жиі еске алыңдар!**».

Пайғамбарымыз (оған Аланың игілігі мен сәлемі болсын) өлім атты оқиғаны жиі еске алуды бұйырған. Себебі өлімді жиі еске алатын адамның бұл дүниеге деген құштарлығы толықтай жоғалады не болмаса азаяды.

Ал өзге хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Егер жануарлар адам секілді өлім жайлы білгенде еді, адамдар олардың еттерін жей алмай қалатын еді».**

Мүміндердің анасы Айша (оған Алла разы болсын) Алла Елшісінен (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Я, Алланың Елшісі! Қайта тірілу күні шейіт болғандармен бірге тірілетін адамдар болады ма?»,- деп сұрайды.

Сонда Алла Елшісі былай деп жауап береді: **«Иә, болады, әр күні, әр түні өлімді жиырма мәрте есіне алған адам шейіттермен бірге тіріледі».**

Бұл мейірімнің себебі өлімді жиі еске алуда жатыр. Өйткені, егер кімде кім ажалды еске алатын болса, ол ойы оны дүниеге алданудан алыстатып, оған байланудан тосады. Сонымен бірге ол оған ақыреттегі өмірге дярлық жасауға мүмкіндік береді. Ал егер кімде кім бейғам әрі қаперсіз болып, ажал атты ақиқатты еске алмайтын болса, сезім мен қалаудың құшағында өзін-өзі жоғалып қояды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Өлім - мұминнің сыйлығы».**

Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөзінің астарында дүние мүмін үшін түрме екендігін көрсету жатыр. Өйткені, мүмін адам бұл өмірде өзінің нәпсісінің әсерінен, жүрегінің қаттылығынан сондай-ақ шайтанның дұшпандығынан, өзінен-өзі қорғанып, толассыз күресте жүреді. Адам баласы бір жағынан өзінің нәпсісінің қысымында, бір жағынан құштарлық сезімінен шаршап, үшінші жақтан шайтанның қамалында тұрып үздіксіз шайқаста жүреді.

Міне сол үшін адам баласына осындай қиындық пен азаптан ажал атты нәрсе бостандық береді. Бұл бостандық-оны қабылдаған кезде адам үшін нағыз сыйлық болып табылады.

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің бір хадисінде былай деген: **«Әр мұсылманға келген өлім - күнәсінің өтелуі».**

Демек, кім Исламда өмір сүретін болса, яғни кімде кім шарифатқа қарсы шықпайтын болса ол адам үшін ажал – күнәсінің өтемі және құтылу мен бостандық. Шынымен де, бұл тура, әділ, дұрыс мұсылманға, сөзі мен амалы бір, сөзі амалының кепілі болатын адам үшін рас нәрсе. Ауыр күнәға белшеден батпай, жеңіл күнә жасаған адамдардың халі осылайша бағаланады. Ондай мұсылманның күнәсін жуатын нәрсе бар. Тек қана ол ауыр күнәлардан аулақ болса және де парыз амалдарға немқұрайлы қарамаған болса болғаны.

Ата әл-Хорасани былай деп жеткізеді: «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) адамдар қатты күліп отырған жиынға барады. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) олардың жағдайларына қарап, былай дейді: **«Жиындарыңды ләззаттарды бұзушымен күңгірттеңдер».** Сол жерде отырғандар: «Адамға мазасызық беріп, ләззаттан тиятын не нәрсе»,- деп сұрайды. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): **«Өлім»,-** деп жауап береді.

Әнас (оған Алла разы болсын) Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізеді: **«Өлімді жиі еске алыңдар. Өйткені өлімді жиі еске алу күнәні жуып, дүниеден тосады».**

Және де Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Ақиқаттар ашылуы үшін ажалдың келуі жеткілікті».**

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) және былай деген: **«Фибрат алу үшін өлімніңөзі жеткілікті».**

Бірде Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бір жиынға келіп, ол жердегі бірнеше адмадардың әңгіме айтып, күлісіп отырғандарын көреді. Оны көрген Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Өлім жайлы айтыңдар. Жаным қолында болған Алламен ант етемін, маған белігілі нәрселерді сендер білгендеріңде аз күліп, көп жылайтын едіңдер».**

Пайғамбарымыз отырған бір жиында (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бір адам мақталады. Мұны естіген Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): **«Сендер мақтап жатқан адам ажалды еске алуда қандай еді?»** деп сұрайды. Сахабалар болса: «Біз оның өлімді еске алғанын ешқаншанда естімедік», - деп жауап береді. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): **«Олай болса, сендердің жолдастарың мақтауларыңа лайық емес»**, - дейді.

Абдулла ибн Омар (оған Алла разы болсын) былай дейді: «Біздің он шақтымыз Алла Елшісіне келдік. Осы кезде ансарлардың бірі: Ей, Алланың Елшісі! Адамдардың қайсысы ақылдырақ әрі жомарттау» деп сұрады. Пайғамбар сондай былай деді: **«Олар - өлімді жиі еске алып, оған көбірек қам жасайтын тұлғалар. Сол үшінде олар ең ақылды және ең парасаттылар болып табылады. Жер бетінде мадақ пен құрметте жүріп, олар бұл өмірден алыстап, ақыреттің сауабы мен құрметін алып кеткендер».**

### **3 бөлім: Ізгілердің насихаттары**

Хасан Басри (оған Алла рақым етсін) былай деген: «Ажал дүниені масқаралады. Өлім ақыл иелерінің ешбіріне шаттық берген емес».

Раби бин Хайсам (оған Алла рақым етсін) былай дейді: «Мүмін үшін өлімнен басқа хайрлы нәрсе болмаған. Өлім – қашан жететінін білместен, үнемі күтіп жүретін қорытынды. Олар үшін ең жақсы әрі күтуге лайықты болған – өлім». Сонымен қатар Раби ибн Хайсам былай дейді: «Маған ешкім жайлы хабар бермеңдер де, мені Раббыма қарай тартыңдар».

Ғалымдардың бірі өзінің досына былай депті: «Бауырым! Мына дүниеде болғаныңда өлімнен сақтан. Себебі сен өлімді қалсаң да оған жете алмайтын жаққа бара жатырсың».

Ибн Сириннің қасында өлім жайлы айтылған кезде оның денесі қатып, ешнәрсе сезбей қалатын.

Омар ибн Абдул Азиз (оған Алла рақым етсін) әр кеште шарифат білгірлерін- фақиһтарды

жинайтын болған. Олар барлығы Есеп күні жөнінде, қабірден тұру мен ана өмір жайлы сөз қозғап, барлығы мәйіттің жанында отырғандай жылайбастайтын.

Ибраһим ибн Тайми айтады: «Осы өмірдің ләззатын екі нәрсе бұзады. Бірі- өлім, екіншісі – Алланың алдындағы есебім. Осы екі нәрсені ойласам болды, мен барлық ләззаттан арыламын».

Каъб болса былай деген: «Ажалдың ақиқат екендігін білетін адамға дүниенің әуресі мен бақытсыздықтың мәні болмайды».

Сафия (оған Алла разы болсын) былай айтқан: «Бір әйел Айшаға келіп, жүрегінің мейірімсіз, қаттылығын айтып шағымданады. Сонда Айша (оған Алла разы болсын): «Үнемі өлімді есіңнен шығарма және де өлім жайлы көп айт. Ол сенің жүрегіңді жібітіп, жұмсартады». Біраз уақыттан соң әлгі әйел Айшаға келіп, оған алғысын айтады».

Иса пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын), жанында өлім туралы айтылғанда оның денесінен қан тамшылай бастайтын.

Дәуід пайғамбардың жанында ажал жайлы айтылған кезде, я болмаса ол өзі айтқан кезде немесе Есеп күні туралы әңгіме болған кезде, ол буындары ауырғандай жылайтын. Ол өзіне-өзі тек қана Алланың мейірімі мен рақымы жайлы айтылған кезде ғана келетін.

Хасан Басри (оған Алла рақым етсін) былай деген: «Мен өлімге немқұрайлы қарамайтын және өлімді еске алып мұңаятын адамдардан өзге ақылды адамдарды көрмедім».

Омар бин Абдул Азиз (оған Алла рақым етсін) бір ғалымға былай деген: «Өтінемін, маған біраз насихат айтшы?» Ал ол болса былай деп жауап береді: «Өлімге душар болған бірінші халиф сен емессің!» Омар бин Абдул Азиз: «Жалғастыр», - дейді. Сонда ол: «Сенің ата- бабаң Адамға дейін тірі қалмаған, барлығына да өлім жеткен. Енді сенің кезеңің келді. Сен де өлесің!» Сонда халиф Омар бин Абдул Азиз осындай насихатты естіген соң, өзін- өзі ұстай алмай жылаған екен.

Раби ибн Хайса үйінен қабір қазып қойып, күн сайын, бірнеше мәрте сол жерге кіріп жататын болған. Осылайша ол өлімді үнемі еске алып тұруды қалайтын. Ол өзі былай деген: «Өлімді бір сәтке болсын естен шығарған кезімде жүрегім тулап кетеді».

Мутарриф бин Абдуллах бин Шухайр былай деген: «Шындығын айтқанда, ажал байлық пен молшылықтағы адамдардың ләззатын алып қойған. Себебі ажал адамдағы байлық пен молшылықтан туған рахаттану сезімін алып қояды. Сондықтан да ажал ерекше рақымдылық, сирек нығымет».

Омар бин Абдул Азиз Әнасқа былай деген екен: «Өлімді жиі еске алып, ол туралы көп айт. Егер сен ризық табуда қиналмасаң және де ауқатты болсаң ажал сенің алқымыңнан алып қиын жағдайға салады. Сол кезде саған бұл дүние тар болып кетеді. Ал егер саған ризығыңды табу қиын болса, ол саған кеңдік, разылық пен жақсылық береді».

#### **4 бөлім: Өлімді жан дүниенің есіне салу жолдары**

Расында өлім адамға үрей мен қорқыныш тудыратын, үлкен қауіп-қатер төндіретін құбылыс болып табылды. Адамдардың ажалға деген бейқамдығы мен қырғылықтың жоқтығы, оларда өлім жайлы мағлұматтар мен білімнің болмауынан, әрі өлім жайлы жиі ойланбауларынан

болады. Ал өлімді ұмытып қоймаймын дейтіндерінің басым бөлігі, көбінесе бұл сөздерінің сыртқы сипатын ғана көрсетеді. Өйткені, олар өлімді бір қалыпты, жайлы күйдегі жүреппен еске алмайды. Керісінше, олардың жан дүниесі мен жүрегі үнемі дүниенің әуресіне толы болады. Ондай адамның жүрегіне өлімді еске алу ешқандай әсерін бермейді, ал жандүниесінде қайғы мен уайым болады. Негізінде адамға жүрегін тазалап, одан өлімнен басқаның барлығын шығарып тастауы керек. Ол әр сәтте өлім жайлы ойлануы керек. Өйткені адамдар өздерінің таныстарын жер қойнына беріп жатқанын күнде көреді. Адам баласы ажалды еске алған кезінде, оны қауіпті әрі жыралы жолмен жүруге арналған көлік ретінде елестетуі керек. Я болмаса өлімді шексіз мухит ретінде елестетіп, өзін сол мухиттің қауіпке толы буда толқындарының арасында сапар шегіп бара жатқандай көруі қажет.

Осындай сапардың қаншалықты қауіп-қатері бар екенін білген адам өзге нәрсені ойдауға шамасы келеді ме? Оның санасында осы жалғыз ғана жолдың қауіп-қатерлерінен қалай ғана құтылып, сапарын аман сау аяқтаудың қамын жеуден басқа ой болады ма? Егер кіме кім, өлімді әр кез еске алып тұратындай, оны өз жүрегіне енгізуде жетістіктерге жеткен болса, оның адамға деген әсері тым үлкен болады. Бұл мақсат сәтті орындалып, оған қол жеткен кезде, дүниенің рахаты мен машақатына деген қуаныш азайып, дүниеге деген махаббаты пен қызығушылығы кеміп, жан дүниесіне орныққан дүнияуи қалаулар өледі. Адамды осы жолда тәрбиелеудің қарапайым жолы - замандастары мен жолдастарын есіне түсіру. Егер ол адамның өмірден озған бақуатты, кезінде қолында барлығы болып, қазыр түгіде қалмаған достары я таныстары болса, сол адамдар жайлы есіне салу керек. Олардың бет-әлпеттерінің, қоғамдағы орындарының қандай болғандығын есіне салу керек. Олардың әдемі жүздері мен қуатты денелерін қабір өзіне алып, қалай шірітіп, қоқымға айналдырып жібергенін есіне салу керек. Және де олардың дене мүшелерін бір-бірінен ажыратып, күл-талқан қылғанын айту керек. Ал сүйектері болса шіріп, олардан ешқандай із де қалмайды. Олардың арттарында қалған әйелдерінің, күйеулері мен бала-шағаларының жағдайларын есіне салу керек. Олар байлықтарын қалайша ысырап қылғандарын да есіне салу керек. Олардың мешіттегі орындары да қаңырап бос қалғанын есте ұстау қажет.

Олардың іздері де қалмағанын ұғынуымыз керек. Егер адаммен дәл осылай сөйлесер болсаң, оның жан дүниесі өмірден озған жақындары мен достарының өлімімен байланысты болған білімді ала алады. Ал егер оның қиялына өзіне аяулы болған адамдардың қабірде қандай күйге түскендерін елестеттірсеңіз; егер адамға қайтыс болған жақынының көңілді әрі жап-жас болғандығын есіне салар болсаңыз; оның мына жалған дүниеде өлімді мүлде есіне алмай өмір сүргенін, ылғи да себептерді сылтауратудың арқасында алданып, адасып жүргендігін айтсаңыз – міне сол кезде бұл айтылғандардың барлығы адам баласына есін жинатып, ақылымен пайымдататын сабақ болары сөзсіз. Сонымен қатар ол адамға өзінің жастығы мен күш- қуатына сеніп, күндердің бір күні қарттық келіп жеткенде бейшара әрі әлсіз халге түсетінін, әр күнін көңілді, ойын-күлікімен өткізгісі келетінін, алайда ажал көз алдында адамдарды алып кетіп жатқанына қарамастан, өлім жайлы мүлде білімі жоқ екенін айту керек. Адамға осылайша оның құрдым мен жоқ болуға бұйырылғандығын ескерту қажет. Оның қимылдары бұрын жылдам әрі шапшаң болған болса, ал қазыр буындары мен сүйектері жаймен қалтырап, қаусап бара жатқанын және де бір күні бір-бірінен ажырап, шашылып қалатындарын есіне салу керек. Өмірден озған адамның кезінде қандай жақсы сөздер сөйлегенін, ал қазір әдемі сөздер сөйлеген тілі қабір ішіндегі құрт- құмырсқаға жем болып жатқанын, тірі кезінде әдемі тістерін көрсете күлген болса, ал енді қабір оның тістерін жоқ еткенін жеткізу керек.

Адам өзінің болашағы үшін сергелдеңде түсіп, еңбек етіп, мұқтаж болмаса да көптеген

нығыметтерге қол жеткізеді. Өмір сүруіне тек бір ай ғана қалған кезде де, ол әлі де жиырма жылға жетерлік ризығын жинап алған еді. Алайда адам ажалдың оған жақындай түскенінен хабарсыз болады. Ажал аяқ- асты және ескертусіз келеді де, ол адам ойламаған уақытта есігін қағады. Дәл осы сәтте ол өлім Періштесінің дидамын көреді. Әлгі Періште оның құлағына Жәннатпен сүйіншілеп сыбырлайды, не болмаса үрейі Тозақтың үрейінен кем болмайтын әрі құлағын жарып жіберетіндей ащы дауыспен, Тозақ жайлы хабар береді...

Міне, осындай мысалдарды адамдарға насихатпен айту керек. Сол кезде ғана олар өздері жайлы ойлана бастайды. Ол: «Олардың басына келген нәрсе маған да келіп жете ме? Мен де солар секілді бейғам, қаперсіз болғаным ба? Менің де ақырым сондай болмақ па?» деген сұрақтарға ойлана бастайды.

Әбу Дарда (оған Алла разы болсын) былай деген: **«Өмірден озған адамдарды есіңе алғанда, өзіңді солардың бірімін деп есептеуге тырыс».**

Абдулла ибн Масғуд (оған Алла разы болсын): **«Шынайы бақытты адам өзегеге қарап өзі үшін сабақ алатын адам»,-** деген.

Омар ибн Абдул Азиз (оны Алла рақымына бөлесін), былай деген: **«Сендер әр күні, күндіз де, кеште де жақындарыңызды Алланың алдына жөнелтіп жатқандарыңыздың көрмейсіздер ме? Сіздер оларды жер қойнауына тапсырып, мәңгілік сапарға шығарып салып жатырсыздар. Ол адам қабір ішіндегі төскке ие болады. Әйелі мен жолдастарын артына қалдырады. Осыдан кейін, оның жасауға шамасы жетерліктей болған амалдары артта қалады».**

Адам баласы осындай ой мен түйсіктің иесі болуы үшін, сондай- ақ ажал жайлы ұмытпас үшін қабірлерді зиярат етіп, науқас жандардың халін сұрап баруы керек. Осындай зияраттар ол адамның есіне өлімді салады және де тіпті оның ұмытпайтын әдеті болып қалыптасуы да мүмкін. Ақыр соңында өлім ылғи да оның көз алдында тұрады да, ол өлімді мүлде есінен шығармайтын болады.

Осындай халге қол жеткізген адам ажалға әрі ақыретке дайындық жасайтын болады. Ол көптен оқшауланып, дүниенің жылтырағына алданбауға тырысады. Әйтпесе адам, өлімді есіне алып, ол жайлы айтқанымен, ажалға немқұрайлы қарап, шынайы қорықпағандай болып көрінеді, ал бұл болса оның шынайы мақсаты мен меңзеген пайдасына сай келмей, ақырғы өмірге дайындығына ешқандай септігін тигізбейді.

Егер адам баласы дүниеден рахат алар болса немесе дүние зейнетінен оған бір нәрсе ұнар болса, дереу өлімді есіне алуы қажет. Бұл ләззат пен рахаттар оған өлімді ұмытттырып қоймауы керек және ол бұндай сезімдерден арылу жолын ойлануы қажет.

Ибн Мути бірде өзінің үйіне қарайды. Оған үй қатты ұнап кетеді. Алайда артынша ол жылай бастайды да былай дейді: **«Алламен ант етемін, егер өлім болмағанда мен сенімен бақытты болар едім. Біздің барар жеріміз тар қабір болмағанда талассыз, мен сен үшін қуанышты болар едім!».** Осыдан соң ол еңреп жылап жібереді.

## **5 бөлім: Аз мөлшердегі мақсаттар, ұмтылыстар мен үміттердің жақсылығы**

Алдымен Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) хадистеріне жүгінейік: «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын), Омардың ұлы Абдуллаға (оларға Алла

разы болсын) былай деп айтқан: «Егерде сен таңыңды аттырсаң, кеш батқанға дейін өмір сүремін деп үміттенбе, ал кешіңді батырсаң, онда таң атқанға дейін өмір сүремін деп үміттенбе. Өміріңді тірі кезіңде бағалай біл, ажал есігіңді қақпай тұрып, өміріңді жақсылап танып ал. Денсаулығыңды ауру келмей тұрып бағалай біл. Иә Абдулла! Саған ертең қандай болатыныңды білу қажет емес».

Әли (оған Алла разы болсын) айтқандай, Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Сендердің екі мінездеріңнен аса қауіптенемін. Біріншісі – нәпсілеріңнің қалауына еріп кетулерің, ал екіншісі болмашы қиял мен алыстағы елес үміттің артынан ерулерің. Олар Алла мен сендердің араларыңда тосқауыл болады. Ал бос қиялдар мен жалған елестер дегеніміз - шахуат пен дүниені шектен тыс сүйю».

Осыдан соң Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтты: «Ақылға келіңдер! Ақиқатында Алла Тағала байлықты сүйген құлына да, сүймеген құлына да береді. Егер Алла бір құлын жақсы көрген болса, Ол оған иман береді. Ақылға келіңдер! Өйткені қалай осы дүниеге байланған адамдар бар болса, дәл солай дінге берілген адамдар да бар. Естеріңді жиыңдар! Бұл өмір сендерден кері бұрылып, арғы өмірге кетіп қалды. Мұқият болыңдар! Мәңгілік әлемдегі өмір сендерге қарай келе жатыр. Ояныңдар! Қазір сендердің бұл өмірлеріңде есеп пен жауапкершілік жоқ, бірақ жасауға тұратын амалдар бар. Соларды іске асырыңдар. Ояныңдар! Өйткені қазір сендер амал мен еңбегі жоқ, бірақ солар үшін есебі мен сұралуы бар күнге тым жақын тұрсыңдар».

Умм Мунзир айтқан: «Бірде, кешкісін, Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) халықтың алдына шығып былай деді: «Уа халайық! Алланың алдындағы ұяттарың қайда?». Сахабалар одан: «Уа Алланың Елшісі! Бұл сөздеріңнің мағынасы неде?»- деп сұраған кезде, ол: «Сендер өздерің жемейтін ас жинайсыңдар, қолдарың жетпейтін заттарға үміт етесіңдер, өздерің тұрмайтын ғимараттар саласыңдар».

Әбу Саид Худри (оған Алла разы болсын) айтады: «Усама бин Зейд, бір айлық мерзімге 100 динар қарыз алып, Зайд бин Сәбиттің бір күнін сатып алады. Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұған былай айтты: «Усаманың бір айлық мерзімге қарыз алып, күн сатып алғандығы сендерді таңдандырмады ма? Ақиқатында Усама түкке тұрғысыз қалауының етегінде жүр. Өмірім құзырында болған Алланың атымен ант етемін! Кірпіктерімді қаққан сайын олар ашылып, қайта жұмылғанға дейін Алла менің жанымды алып қояр ма деп ойлаймын. Менің жаным, кірпіктерім ашылып, қайта жұмылғанынша шығып кетер деп ойлаймын. Немесе, қандай ба болмасын асты аузыма салған сайын, оны шәйнап үлгергенімше өлім атты мұхит мені жұтып қояды ма деп ойлаймын».

Содан кейін Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай жалғастырды: «Уа адам! Егерде сен шын мәнінде ақыл иесі болсаң, өзіңді өлімге дайында. Өмірім құзырында болған Алланың атымен ант етемін, расында сендерге үде етілген нәрсе міндетті түрде келеді, әрі сендердің оны тоқтатуға шамаларың келмейді».

Абдулла ибн Аббас (оған Алла разы болсын) айтады: «Мен Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын), кіші дәрет алу үшін аулаға шығып, артынша дереу топырақпен тазаланғанын көрдім де, сұрадым: «Уа, Алланың Елшісі! Жақын жерде су тұрса да неге топырақпен тазаланып жатырсың ». Сонда Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Суға дейін жеткенге менің уақытым бар ма, жоқ па – мен білмеймін. Мен суға жете алмай қалуым мүмкін», -деп жауап берді».



Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) үш шыбық алып, біреуін дәл өзінің алдына жерге қадады, екіншісін біріншінің жанына, ал үшіншісін өзінен алыс жерге қадап қойды да: «Мұның не екенін білесіңдер ме?» - деді. Сол жерде тұрған адамдар: «Алла мен Алланың Елшісі жақсырақ біледі» - деп жауап берді. Сол кезде Алланың Пайғамбары (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Бірінші шыбық – адам. Оның қасында тұрған екінші шыбық – өлім. Ал алыста тұрған – оның армандары, мақсаттары мен қиялдары. Адам баласы –арманы мен қиял-мақсаттарына қол жеткіземін деп әлекке түсіп жатқанда, өлім оны қуып жетеді» - деді.

Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтады: «Адам сондай халде жаратылған, ол өлімнің 99 себептеріне салғырт қарайды. Тіпті, егерде ол осы кедергілерден өтіп кетсе де, кәріліктің құшағынан құтыла алмайды».

Сондай-ақ, Абдулла бин Масғуд (оған Алла разы болсын), былай айтқан: «Мынау адам, ал мынау – оның ажалы. Ол адамға тұзақ құрып, жан-жағынан қоршап алған. Үлкен қауіп-қатерлерімен ол адамға таяп келеді. Егер де адам бұл қауіптерден өтіп кетсе, кәрілік атты оқиғаға тап болады. Ал алыстағы мақсаттары, қиялдары мен қалаулары – ол кәріліктен тыс жерде жатыр. Адам әрдайым сондай алыс қиялдар мен мақсаттарды қуып жүреді. Бірақ, сонымен қатар, қауіп-қатерлер де оған қарсы келіп жатады. Олардың қайсысы бірі адамға тап болған сәтте-ақ оны іліп ала кетеді. Адам егерде бұдан да аман өтіп кетсе, кәрілік атты ақиқаттан өлімін табады. Алайда, қазіргі уақытта адам алыс мақсаттарының жетегінде жүріп, олардың орындалуын күтуде. Тек олар орындалам дегенше ол өмірін қортындылап, кәріліктің есебін төлеп қойған».

Абдулла бин Масғуд (оған Алла разы болсын), тағы былай айтқан: «Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бізге төртбұрыш салып, оның ортасынан тағы да бір сызық сызды. Сол сызықтың қасынан тағы да бірнеше сызықтар салып, ал бір сызықты төртбұрыштың сырт жағынан салды. Содан, бізге қарай бұрылып, бізден сұрады: «Мұның не екенін білесіңдер еме?». Біз: «Алла мен оның Елшісі жақсырақ біледі» деп жауап бердік. Сонда Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын), былай деді: «Мына ортасына салынған сызық – адам. Төрт бұрыш болса – оны жан жағынан қоршап алған өлім. Ал мына басқа сызықтар – орын алып жатқан оқиғалар. Егер адам қателесіп қалса, олар оның мазасын алып, уайым-қайғы туғызады. Ал мына сыртта тұрған сызық – оның алыста көздеген мақсаттары мен ұмтылыстары».

Әнәс (оған Алла разы болсын) айтатын: «Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтқан: «Адам қартаяды, бірақ екі нәрсе күш-қуатын жоғалтпастан онымен бірге бола береді. Олардың бірі - атаққұмарлық, ал екіншісі – алыста жатқан мақсаттары мен қалаулары».

Тағы бір хадисте былай айтылған: «Адамның кәрілігіне қарамастан екі нәрсе оның қасында жас болып қала береді: байлыққа құмарлығы мен ұзақ өмір сүруге құлшынысы».

Алла Елшісі, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, былай айтқан: «Бұл қауымның алғашқылары мықты иманның, шарифатқа берік болғандықтың және аскетизмнің (зухд) арқасында құтылған еді. Олардың артынан келгендер болса сараңдықтары мен алыс мақсаттарды қуғандықтарынан құрып кеткен».

Аңызда айтылғандай, бір күні Иса пайғамбар, оған Алланың сәлемі болсын, бір жерде отырып, бір адамның жер қазып жатқанын көреді. Осыған байланысты ол Аллаға былай дұға етеді: «Уа Аллаһым! Мына адамның жүрегінен алдына қойған алыс мақсаттарын шығарып таста!». Осы кезде әлгі адам күректі тастай сала, бір нәрсеге сүйеніп, біраз уақыт осылайша отырды. Сол

кезде Иса пайғамбар, оған Алланың сәлемі болсын, былай дұға жасайды: «Оның алыс мақсаттарын қайтарып бер!». Сол сәтте, ол адам орнынан тұрып, жұмысына қайта кіріседі. Иса пайғамбар оның қасына келіп, неліктен жұмысын тастап, дем алып, қайта жұмысты бастағандығын сұрайды. Сол кезде әлгі шал адам былай айтады: «Мен жұмыс жасап жатқанымда нәпсім маған: «Қашанғы жұмыс істей бересің? Әбден кәртайдың емес пе? Жұмыс істеуіңді тоқтататын ойың жоқ болар сірә?» - деді. Сондықтан мен күрегімді тастай салдым да, дем алып, біраз уақыт отырдым. Сол кезде менің нәпсім маған: «Иә, Алланың атымен ант етемін! Бұл дүниеде өмір сүргеніңше жұмыс істеуің керек!» - деді. Мен орнымнан тұрып, күрегімді қайта қолыма алдым».

Хасан әл-Басридің рахматуллахи әлейһи, мына сөздері бар: «Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сұрақ қойды: «Сендердің барлықтарыңның жұмаққа кіргілерің келеді ме?». Айналасындағы адамдар: «Иә, Алланың Елшісі! Әрине!» деп жауап берді. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сонда оларға былай айтты: «Өздеріңнің алыстағы мақсаттарыңды шетке қарай ысырып қойыңдар да, өздеріңнің өлімдеріңді көз алдыларыңа елестетіңдер. Осыдан соң, Алланың алдында қалай ұялған болсаңдар, дәл сондай ұятқа келіңдер».

Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаға мынандай дұға айтып жалбарынатын: «Уа Алла! Ақыреттің жақсылығы мен нығметтерінің алдында жүретін бұл дүниеден Сенің атыңмен сақтанамын! Иә Алла! Өлімнің пайдасы мен жақсылығына тосқауыл болатын бұл өмірден Сенің есіміңмен сақтанамын! Ең абзал болған амалды жасауға кедергі болатын алыс мақсаттар мен бос тәуекелдерден құтылу үшін Сенен жәрдем сұраймын!»

## **6 бөлім: Ізгілердің насихаттары**

Мутарриф бин Абдуллах былай деген: «Егер мен қашан өлетінімді білсем, есімнен адасар едім. Алланың Өзінің құлдарына жасаған мейірімі сол – өлімін өмірінің ішіне жасырып қойғаны. Егер адамдар қашан өлетіндерін білетін болса, өмірдің тәттілігін сезіп, рахат алмайтын еді. Және де олар базарлар мен сауда үйлерін тұрғыза алмайтын еді».

Хасан Басри (оған Алланың рақымы болсын) былай деген: «Өлімнен хабарсыз болу мен қателік жасау – екі үлкен нығмет. Адам осыны білуі керек. Егер бұлар нығмет болмағанда мұсылмандар көшеде жүре алмайтын еді».

Ал Суфиян Сәури (оған Алла рақым етсін) былай деген: «Білгенім, адам баласы ақымақ болып жаралған екен. Егер бұлай болмағанда ол бұл өмірде бақытты болмас еді әрі қуану сезімін біле алмас еді».

Әбу Саид ибн Абдуррахман (оған Алланың рақымы болсын) былай деген: «Ақылыз адамдардың арқасында бұл өмір жайлы көрініс тапты».

Салман Фариси (оған Алла рақым етсін) былай деген: «Таңқалып, менің күлкімді келтіретін үш нәрсе бар: біріншісі – артынан ажал қуып келе жатса да, дүниенің соңына ілескен адам. Екіншісі – адам хабарсыз және зейінсіз болса да, өзі Еш нәрседен хабарсыз әрі Зейінсіз болмайтынның назарында екендігі. Үшіншісі – күлегеш адам. Раббысы одан разы ма, жоқ па – оған бәрібір. Осы үш нәрсе туралы ойлап, осындай адамдарға таңқалып, күлемін. Тағы да менің көңіл-күйімді түсіріп, ақыры мені жылтатын үш жағдай бар. Мен оларды былай деп атап беремін: Мұхаммед Пайғамбарды (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көретіндер

мен жақтастарынан қалай ажырамауға болады деген ой мені мұңға батырады. Қиямет күні Алланың алдында тұрып, есеп беруді ойласам, бойымды қорқыныш билейді. Мен жайлы не айтар екен? «Жәннатқа кіргізіңдер» дей ме, әлде «Тозаққа тастаңдар» дей ме? Дәл осыны мен біле алмаймын. Осы жағдай мені мұңайтып, ақыры жылай бастаймын».

Бір кісі былай деген: «Түсімде дүниеден озған Зуррар бин Әбу Әуфты көрдім. Одан былай деп сұрадым: «Сіздің ойыңызша қандай амал маңызды?» Ол былай деді: «Бойұсынушылық пен Аллаға бағыныштылық және де алыс арман мен бос үміттің соңынан ермеу».

Суфиян Сәури (оған Алла рақым етсін) былай деген: «Адамның алыс үміттен дәмесі болмаса, дүниеден алшақ болу мен дүниені тәрк ету қасиетіне ие болады. Ол нәрсе адам дәмсіз тамақ жеп, алқам- салқам болып киінумен келмейді».

Муфаддал бин Фудала (оған Алланың рақымы болсын ) Алла Тағаладан оның бос үміттерін, арманын, қалауын түбімен жоқ етуді сұраған. Нәтижесінде оның сезімі мен дәм сезгіштік қасиеті жоғалып кетеді. Тіпті ол ішіп- жеуден қалады. Кейін ол Жараушыға сол қасиеттерін қайтаруды сұрап жалбарынады. Осы кезде оның ішіп- жеуге деген тәбеті қайта пайда болады.

Хасан Басридан (оған Алла рақым етсін) былай деп сұрайды: «Ей, Әбу Саид! Сен ешқашан өз жейдеңді жумайсың ба?». Сонда ол былай деп жауап берді: «Бұл іспен шұғылданғанша, одан да қажетті нәрсемен айналысқан жақсы».

Хасан Басри (оған Алланың рақымы болсын) былай деген: «Ажал сендердің маңдайларыңа жазылған. Дүние болса жұмаршақтанып арттарыңнан ілесіп келеді».

Біреу айтқан екен: «Мен, басын қылыштың астына тосып, қашан басымды шабады деп тосып жатқан адам секілдімін. Тосып жатып: «Қашан шабар екен?»,- деп ойлап жатамын. Сол сәтті үнемі күтем».

Дәуд Таи (оған Алла разы болсын) былай деген: «Егер мен шалғайдағы мақсатыма сеніп өмір сүрер болсам, үлкен күнә жасағанымды мойындайтын едім. Қалайша мен ондай жағдайда жүрем? Әр күні, әр түні апат пен бақытсыздық адамдарды титықтатып, оларды қоршап алып жатқанын көріп жүрмін».

Шақиқ Бәлхи (оған Алланың рақымы болсын) Әбу Хашим Руммани деген атпен танымал ұстазына келеді. Осы кезде оның қапталында киіміне бір нәрсе байланып тұрды. Мұны аңғарған ұстазы: «Өзіңмен бірге киіміңе не байлап алып келдің?»,- деп сұрайды. Ол болса: «Бұл аздаған дәндер. Бір досым берді. Мен бұлармен ауыз ашпақпын»,- деп жауап берді. Осы кезде ұстазы: «Демек, сен кешке дейін өмір сүретіңізге сенімдісің, мен сенімен сөйлеспеймін»,- деп есікті тарс жапқан екен.

Омар бин Абдуләзиз (оған Алланың рақымы болсын) өзінің бір құтбасында былай деген: «Күдіксіз, кез келген сапар үшін дайындық қажет. Сол секілді сіздер де осы өмірден мәңгілік өмірге барар жолыңызға жақсылық пен тақуалық атты азықтарыңызды даярлап алыңыздар. Сауапты амал жасауға деген ықылас пен талпыныс болсын және де Жаратушының сізге даярлаған азабын көзіңізбен көргендей қорқыныш сезімі болсын. Узақ уақытты алатын мақсаттың соңынан көп жүріп қаламау керек, бос үмітке сеніп қалмаңыздар. Болмаған жағдайда, рухтарыңыз сөніп қалады, ақыр соңында сіз дұшпаныңыздың алдында басыңызды иесіз. Мен сіздерге Алламен ант етіп айтамын, сіздердің ешқайсыңыз таңды қарсы алып, кешті батырамын деп ойламасын. Ал кешке дейін өмір сүрсе, таңды атыратынын білмейді. Бос үміт пен алыс армандар арасында өлім қаупін тудыратыны да болады. Мен секілді, сіздер де

қаншама адамдардың осы дүние бүлігіне кіріп, адасып кеткендерін көрдіңіздер! Қолында кепілдігі бар адам ғана бақытты бола алады. Өзін тозақтың үрейінен қорғалған күйде көре алатын адам ғана бақытты болып, қуана алады. Сол күні, жарлы адам мен бай адам ортаға шыққан кезде, менің қауқарсыздығым мен бейшара халім айқындалып, анықталады. Менің жағдайым сол таразы орнатылған жерде айдан анық болады. Сіздердің мойындарыңызға сондай ауыртпашылық жүктелген, егер оны жұлдызға апарып қояр болса, ол күңгір тартып кетер еді. Егер бұл ауыртпашылық тауға берілер болса, ол шөгіп, жоқ болып кетер еді. Егер бұл ауыртпашылық жерге берілер болса, оның беті шытынап, бөлініп кетер еді. Ал сіздерге Жәннат пен Тозақтың арасында ешбір тұрақтайтын жер жоқ екені белгілі. Сіз, сөзсіз, екеуінің біріне кетесіз».

Бір адам досына былай деп жазады: «Расын айтқада, жердегі өмір – түс. Ал мәңгілік өмір – ұйқыдан оянған сәт. Алайда бұл екі ақиқаттың арасында өлім бар. Біз қазргі уақыта түніксіз, шым-шытырық және аласапыран түспен алданып, бос үміттермен өзімізді жұбатудамыз. Осы ғана!»

Тағы да біреу досына мына жолдарды жазған екен: «Расында, дүниеге алаңдау, қайғыру мен мұңдану бұл – алыс әрі бос үміттің нәтижесі. Ал өлім адамға барлығынан да жақын. Сол себепті күн сайынғы күштің азаюы, өлімнің бөлшегінің барының белгісі. Оны сынап көру үшін денеде бір жаңару, белсенділік болады. Олай болса, ажал қоңырауы соғылмай тұрып, дайындал!»

Ал Хасан Басри (оған Алланың рақымы болсын) былай айтқан: «Адам пайғамбар қателік жасағанға дейін бос арман мен үмітті артқа тастап, өлімді үнемі есінде ұстаған. Алайда ол қателікке барып, тиым салынған ағашқа жақындаған кезде, оған артындағы арманын есіне салды және де көзіне елестеді. Ал үнемі жадында болған өлім, артқа тасталды».

Абдуллаһ бин Сумей былай деген: «Мен әкемнің былай дегенін естідім: «Ей, адам баласы, кімнің денсаулығы ұзақ уақыт бойы қалпында болып, осы үшін адасып кеткен еді. Еш ауырмастан өмірден озған адамды көрген жоқсың ба? Ей, әлі алдымда ұзақ уақыт бар деп, соған сай амал жасап жүрген адасушы адам! Бір нәрсені тегін алғанды көрдің бе? Дайындықсыз жүрген жанға ажалдың жеткенін көрмедің бе? Негізінде, егер сен ұзақ ғұмырыңда ләззаттың дәмін ұмыту жайлы ойланғаныңда, расында да тәттінің дәмін ұмытар едің. Неге денсаулығыңмен азғырылып, ақылыңнан адасқан күйге түсесің? Әлде сендерде ажалдан аман құтылуға кепілдік бар ма? Өлім періштесі келгенше жігіттік танытып, шыдай ала ма екенсіңдер? Егер ол келетін болса, сенің жағдайың мен байлығың оның жолына бөгет бола алмайды. Айналаңда адамдардың барлығы және күштілігің саған жәрдем де , пайда да бере алмайды. Ажал сағаты жеткенде зарыға әрі ащы езгіге түсесің, өкініш сезімі оянып, намыс қажап, жасаған ысырапшылық пен шектен шыққан амалдар үшін тәубеге келетініңді білмейтін бе едің? Содан соң саған былай делінетін де білесің: «Дүниеде өлімнен кейінгі өмір үшін еңбек еткен адамға Алла тағала рақымын төксің. Ажал келіп есігін қақпас бұрын өлімге даярлық жасаған адамға Алла тағала кешірім етсін».

Әбу Бәкір Зәкәриә Тайми былай деген: «Сүлеймен бин Абдулмәлік Харам мешітінде болған кезінде оған құлпытастағы жазуды әкеледі. Ол оны оқып беруді сұрайды. Уахб бин Мунабиха әлгіні оқи бастайды. Ол жерде былай деп жазылған еді: « Егер саған аз ғана ғұмырың қалғаны белгілі болса, онда сен бос үміттің соңынан еру әдетін тастар едің. Сен одан да жақсырақ әрі сауапты амалдың жолдарын іздер едің. Тізгінсіз құмарлық, сараңдық, қулық, алдаушылық сезімі мүлде қалмайтын еді немесе олар азаятын еді. Алайда ертең сен тәубемен, өкініш сезімімен бетпе- бет келесің және де тіпті аяғың тайып кеткен болса да жауапқа тартыласың. Сенің отбасың, ортаң сені өлім мен қабірдің қойнына тапсырады. Сенің әкең мен шешең,

жақындарың – барлығы да сені тастап, сенімен қош айтысады. Отбасың, балаларың, қалаң да сені тастап кетеді. Енді сен мына өмірге қайтып келмейсің. Осыдан соң сауапты амалдарың да көбеймейді. Тәубе ету, өкініш пен азап күні болған Қиямет күні жетпей тұрып еңбек ет». Мұны естіген Сүлеймен еңіреп, жылаған екен».

Бір ізгі адам былай деген: «Мен Мұхаммад бин Юсуфтың Адурахман бин Юсуфқа жазған хатын көрдім. Ол жерде былай деп жазылған: «Саған Алланың сәлемі, тыныштығы мен жақсылығы болсын! Өзінен өзге Жаратушы болмаған Алла тағалаға сансыз мадақ пен мақтауымды жеткіземін. Негізгі сұраққа келер болсам... Ең бірінші мен саған ескертіп, мына өмірден бас тартып, мәңгілік өмірге бет бұруыңды тілеймін. Мен саған сол жаққа, яғни малыңмен есептесетін өмірге бұрылуды ұсынмын. Қазыр сен осы уақытта жердесің, сен жердің астына сол жерде тұрақтау үшін және де сол жерді мекендеуге бағыт аласың. Әр қадамыңмен сен ажалға жақындаудасың. Қабірде Мункар мен Нәкир атты екі періште келіп, сені отырғызып, жекіп, ұрады. Егер Алла сенімен болса, уайым жоқ. Ол кезде сен жалғызсырамайсың да, ешқандай нәрсеге мұқтаж болмайсың. Егер басқаша күйге түсер болсақ сені де, мені де Алла сақтасын. Өйткені, осы сәттен бастап ол жерде өте күшті күрес басталады. Сенің орның тарылып, Есеп күніне дейін айқай мен зар еңіреу болады, Исрафилдің сүрнің даусы саған да жетеді. Осыдан соң Ұлы Жаратушының алдына жиналу басталады, ол кезде барлығының құқығы қалпына келеді. Жер өзінің бетіндегі барлық жаратылыс атаулыдан босайды, ал аспандар періштелерден тыным табады. Барлық жасырын сырлар айқын болып, тозақ оты лаулай бастайды. Таразылар тартылып, пайғамбарлар, шейіт болғандар әкелінеді, әркімге өзіне тиісті сауабы беріліп, әркімге үкім беріледі. Сол мезетте былай делінеді: «Әлемдердің Раббысына мақтау мен мадақтар болсын». Осы күні абыройы төгілген қаншама жандар болады, қаншама жандардың күнәлары жасырылып қалады; азапқа салынғандар мен мейірімге бөленгендердің саны қаншама болады. Барлығы бір жерде болады. Өзімнің жағдайымның қандай болатынын білсем ғой! Осы айтылғандардың барлығында адам баласын жалығудан және де нәпсінің құмарлығы мен қиял мен үміттің соңынан бостан- босқа жүгіруден тыятын қаншама ескертулер жатыр. Бұл ескертулер дымнан хабары жоқ, селқос жандарды ұйқыларынан ояту үшін. Біздерге ақылға келіп, көзімізді ашуымыз керек. Алла Тағала маған және саған жәрдемші болсын. Алла Тағала тақуалардың жүрегіне тақуалық салғанындай менің де, сенің де жүрегімізге өмірдің қадірі жайлы және ақырет жайлы ілім дарытсын. Біз тек Исламның жолындамыз және де осы сенім мен иманды ұстанамыз. Бары осы!».

Омар бин Абдул Әзиз бірде уағыз айтуға шығады. Аллаға мадақ айтып болған соң, ол адамдарға былай деді: «Ей, адамдар! Сендер бекер босқа жаратылған жоқсыңдар. Сендер құры бос той тойлап жүру үшін жаралмадыңдар. Қайту күндерің мен орындарың бар. Алла тағала сендерді Өзінің үкімін беру үшін бір жерге жинайды. Араларыңда Ол жаза береді. Өзінің мейірімі барлық әлемді қамтитын Ол, сол күні бірнеше адамды өзінің мейірімінен құр қалдырады. Олар бос қолмен кетеді. Олар күйініп, жоғалтқандарына қайғырған күйде қайтады. Олар солайша мейірімсіз әрі қатал адамдардың ортасынан орын алады. Ал Жәннаттың кеңдігі жер мен көктің кеңдігіндей, олар болса бұл нығыметтен құр қалады. Шындығын айтқанда, ертең кешірімге ие болған бір адам болатын болса, ол адам осы өмірде ғұмырын тақуалықпен, ислам шариғатының заңдарымен кешкен әрі жақсы адам болған жан ғана болады. Ол күні аз нәрсеге қанағат етіп, байлыққа қол жеткізген, уақытша нәрседен бас тартып, мәңгілік бақытқа қол жеткізген, зорлықтан бас тартып бақыт пен жақсылыққа кенелген адам ғана құтылушылардан болады. Сендер құрдымға кетушілердің арасында тұрғандарыңды көрмейсіңдер ме? Ал сендерден соң, арттарыңда бала- шағаларың қалады, сендер кетесіңдер. Күнде таңда болсын, кеште болсын Жаратушының құзырына бір пендені аттандырып жатқан жоқсыңдар ма? Сендер ол адамды жердің қойнауына ешбір жұмсақ төсенішсіз және мамық жастықсыз, ал алыс армандары мен бос үміттері артта қалған әрі уақыты біткен халде тапсырасыңдар. Неге сендер осы нәрседен сабақ алмайсыңдар? Осы

уақыттан бастап барлығы ақырына жетті, достар мен таныстар да қалды. Адам баласы өз есебімен жалғыз қалды. Осы нәрседен сабақ алмайсыңдар ма? Әйтсе де, мен бұл сөздерді сендердің алдыларыңда айтып тұрмын, бірақ мен өзімнің күнәмнің сендердікінен де көп екенін білемін. Яғни, мен өзімнің халімді жақсы білгендіктен, менің жағдайым сендердікінен жақсы деп айта алмаймын. Алайда, мұның барлығы да тура әрі әділ болған Алланың заңдары. Алла тағала осыған мойынсұнып, құлақ асуға бұйырады, әрі Оның заңдарына қарсы шығуға тиым салады. Алладан күнәмді кешіруін сұраймын». Осы сәтте Омар бин Абдул Әзиз екі қолымен бетін басып, еңіреп жылап жібереді. Көз жасы сақалынан тамшылап кетеді. Осы уағыздан соң Омар бин Абдул Әзиз бұл жерге қайтып келе алмады, ол ажалымен қауышты.

Каъка бин Хахим былай деген: «Отыз жыл бойы тынбастан өлімге әзірлендім. Егер ол кенеттен келер болса, кейбір себептермен кейінге қалғанын қаламас едім».

Суфиян Сәури (оған Алланың рақымы болсын) былай айтқан: «Куфа мешітінде мына сөздерді айтқан қартты көрдім: «Отыз жыл бойы осы мешітте ажалымды күтудемін. Егер маған ажал жетер болса, оған кедергі келтіретін бір нәрсе сұрамас едім. Себебі менің ешкімге қайтаратын қарызым жоқ, әрі ешкімнің маған да қайтарар қарызы жоқ».

Абдуллаһ бин Сәләбә былай деген: «Сен ойнап-күліп жүрсің, алайда сенің кебінің кебін сатушыда тұрған шығар».

Әбу Мұхаммад Әли бин Захид былай деген: «Біз жан тәсілім еткен бір адамды жерлеуге алып шыққан едік. Сол кезде Дәуд Таи да келді. Ол да жерлеу рәміне қосылды. Бұл оқиға Куфада болған. Мәйітті жерге қойған кезде ол оқшауланып, ары жақта отырды. Мен оның қасына келіп жайғастым. Ол өзімен өзі былай деп сөйлесіп отыр екен: «Кімде кім Алланың ашуы мен қаһарынан қорқатын болса, бос арман мен үміттің соңында жүрмейді. Ол қолындағыға қалай қанағат ету керектігін біледі. Ал кімде кімде бос арман мен үміт, қиял мен заттар болатын болса, ол адам жақсылық жасауда өте әлсіз болады. Бауырым, мына нәрселерді жақсы біліп ал: Алла жолында бір нәрсе істеуіңе саған бір нәрсе кедергі жасап жатса, жүрмей тұрса я болмаса уақытыңды алатын болса, ол сен үшін жамадықтың белгісі. Осы өмірге келген әрбір адам қабірдің иесі екендігін ұмытпа. Дәл қазыр өмірден өтіп кеткендер өкініште әрі өткендегі істегендеріне тәубе етуде, ал кейбіреулер бақытты және де жақсы амалды бірінші орынға қойғандары үшін қуануда. Шындығына келгенде, қабір иелері аяусыз бір- бірлермен өкініш тудырған, намыстарын қоздырған нәрселер үшін қырылуда. Олар бір- бірімен бәсекелес болып жарысуда. Ал ертең есеп күні болғанда бұлар бір- бірімен осы үшін жауласады».

Мағруф Кархи (оған Алланың рақымы болсын) намаз оқымас бұрын оған шақыратын. Сол уақытта Мұхаммед бин Әбу Тәуба оның жанында еді. Мұхаммед бин Әбу Тәуба былай айтады: «Кархи маған былай деген: «Алдыға шық, намазға имамдық ет». Оған деген құрметтен аттамай мен былай дедім: «Бұл намазға сіз имамдық қылыңыз, мен келесі жолы шығармын». Менің бұл сөздерімнен соң Мағруф Кархи былай деді: «Демек, келесі намазға имамдық етуге дейін өмір сүретіңіз сенімдісің ба? Алладан бос үміттерден сақтауын сұраймын. Расында олар адамды жақсы амал жасаудан тосады».

Омар бин Абдул Әзиз (оған Алланың рақымы болсын) өзінің бір құтбасында былай айтқан: «Жердегі өмір сендер мәңгі қалатын өмір емес. Ол – Алла тағала Өзінің үкімін берген баянсыздықтың, бықсыған әуре-сарсаңның шегі. Ал сол жердің тұрғындарына Ол өзге өмірге қоныс аударудың ақиқаттығын алын ала белгілеп қойған. Жер бетінде жайлы қоныстарға қоныс тепкен жандар қаншама, алайда олардың халі жақында былай деп сипатталады: «Ол бейшара халге түсті, қаусап, жоқ болды». Оларға қызғанышпен қарайтын қаншама адамдар бер жер бетінде. Олар да кеткен кезде олар жайлы былай деп айтылады: «Алла тағала

сендерге мейірлі болсын».

Жақсы әрі ізгі амалдар жасаңдар. Бет алған жақтарыңа өздерің дайындаған ең жақсы азықпен сапарға шығуға аса назар аударыңдар. Сонымен қатар, азық- түліктеріңді де қамдаңдар. Азықтың ең жақсысы – ізгілік пен тақуалық. Жер бетіндегі өмір қысқарып бара жатқан көлеңке іспетті. Ақыр соңында жоқ болып кетеді. Адам баласы жер бетінде өмір сүгенде ары-бері жүгіріп әбігерге түседі, кенет қараса – Алла тағала оған жазып қойған уақыта ол адамды Өзіне шақыруда. Оның қолындағысын, өмірімен байланысты болған нәрсесінің барлығын алып қояды. Алайда оның қалған қол өнері, шығармашылығы, атқарған жұмысы мен байлығы бір қоғамға өтеді, одан соң тағы да басқа қоғамға ауысады. Шындығына келгенде, бұл жалған адам баласын қаншалықты қуанышқа бөлеген болса, соншалықты соққыға жығады. Бұл дүние адамды жиі қуанышқа бөлемейді, одан көбірек, артығымен мұңайтып, жан дүниесін қайғы мен уайымға толтырады».

Әбу Бәкір Сыддықтан (оған Алла разы болсын) жеткендей: «Бірде ол бір құтбада былай деді: «Жүздерінде күлкі ойнаған адамдар қайда? Өзінің жастық шағымен масаттанған жандар қайда? Зәулім қалалар мен ауылдар салдырып, өзін бұзылмайтын қабырғалармен қоршап алған патшалар қайда? Шайқас алаңында батырлық танытқандар қайда? Диірмен тасы олардың барлығын жоқ етіп жіберді. Қазірде олардың барлығы тас түнекте әрі өздерінің қараңғы қабірлерінде. Ал, енді асығыңдар. Тезірек амал жасаңдар! Құтылуға және қабірдегі қараңғылықтан құтылуға асығыңдар!»

## **7 бөлім: Дүниеге шектен тыс құмарту мен өмірге деген махаббат**

### **Бос үміт, алыс арман мен қиялға берілудің себептері мен емделу жолдары**

Белгілі болғандай, адамдардың бос мақсат, үміт пен арманың соңынан жүрулерінің екі түрлі себебі бар. Оның бірі – надандық, ал екіншісі – дүниеге деген ерекше махаббат.

### **Дүниеге шектен тыс құмарту мен өмірге деген махаббат**

Ең алдымен, адам баласына жердегі өмірге үйренісіп алудың қажеті жоқ, онымен дос болудың қажеті жоқ, өмірдің өтпелі рахатына масайрамау керек және де тығыз қатынас жасамауы керек.

Әйтпегенде жүрегін жаулаған мына жалғаннан алыстауы ол адамға қиын болады. Өлім жайлы әңгіме шерту, жүрегіне дүние кіріп кеткен адам үшін өте қиын болады. Ол тіпті өлім атаулыны аузына да алғысы келмейді. Себебі егер адам баласы өлімді жиі еске алар болса, дүниені тәрк етуі жеңіл болады. Өлім – дүниеге көңіл бермеудің бір себебі. Егер әлдекім шынымен де бір нәрсені жақсы көрмейтін болса, ол нәрседен аулақ болуға тырысады.

Адамның барлық ойы мен ісі осыған бағытталған. Бұл уайым, бұл ой ол адамның өмір салты болып кетеді. Барлық жігерін осы арманын жүзеге асыруға жұмсайды да, ажал атты ақиқатты тіпті есіне де алғысы келмейді. Егер ол кенет қиын бір жағдайға тап болар болса ғана өлімді есіне алуға мәжбүр болады. Сол кезде ғана оған даярлану қажеттігін түсінеді, алайда ол сонда да бұдан қашудың амалын табады. Ол былай ойлай бастайды: «Асықпа! Сәл тұра тұр! Әлі уақыт бар! Сен әлі жассың, денсаулығың да бар, сергексің әрі белсендісің. Дәл қазір сен қызық дәурен сүру жайлы ойлан! Осыдан соң сенде мұндай күн болмайды! Тірі тұрғаныңда

жасап қал! Ертең қартайғанда тәубе етіп аласың!» Осылай деп пайымдаған оның басты мақсатқа бет бұруына мүмкіндігі де болмайды. Есейгенде ол былай деп ойлана бастайды: «Негізі, дәл қазір - жастық шақтың қызып тұрған шағы. Сен әлі жассың! Қартайғанша сауық-сайран құра тұр!» Ал, егде жасқа келгенде оған мынадай ойлар келе бастайды: «Бастаған ісіңді жалғастыр да, содан соң қалағаныңды істей бер. Ия, құрылыс сал, болашақ балаңа дайындық жаса, қызың мен ұлыңа қалың малын дайында, олардың тойларын жаса, оларға үй салып бер де сенімен үнемі жарысып жүретін бақталасыңды басып оз! Содан кейін боссың!».

Осылайша ол ақыретпен және өліммен байланысты барлық ісін өзін-өзі жалған үмітпен алдап, бұл іспен кейін «ертең» шұғылданамын деген неше түрлі сылтаулар тауып кейінге қалдыра береді. Алайда, күндердің бір күнінде, оның есігін ажал қаққан сәтте, санасында болашақтан басқа ой қалмағанын аңғарады. Ол он, тіпті жүз мәрте осындай жағдайға тап болып жүрген еді, үнемі бір істің аяқталғанын күтіп жүрсе, артынша осындай он шақты ісі дайын тұратын.

Осылайша ол ақырет пен өлімге қатысты істерді кейінге қалдыра берді. Кенет, оған күтпеген жерден ажал келіп тұзағын салады. Оның сағынышы, қайғысы мен өкініші ұлғая түседі. Себебі тозақты мекен етушілердің көптігі мен жан айқайы осы себептермен түсіндіріледі. Олар бос үміттің, қалаудың, бос нәрселердің соңынан жүргендіктен, өлім мен ақыреттің амалдарын «Ертең» деп кейінге қалдырып қойған еді. Сол кезде олар құрдымға кетіп, өкінішпен былай дейді: «Әттеген- ай! Өкінішті! Мәңгілік өмірдің қамын бос үміттің соңына еріп, кейінге қалдырмағанда едік! Бізге обал жоқ!».

Расында ақыреттік амалды кейінге қалдыра беруші әлгі бақытсыз, бейшара адам «ертең» оған ажалдың келіп жеткенін де байқамай қалады. Ол бұл жайлы ойламайды да. Ал бірақ, адамға ұзақ өмір сүру мүмкіндігі тек күш жинау үшін ғана беріледі. Осы дүниені қорғаштап, сол үшін күресіп, кіріне әбден батқан бұл адам, күндердің бір күні тәубе ететін мүмкіндігіміз болады деп үміт етеді. Алайда мұндай мүмкіншілікке дүниеге мән бермей, оны соңғы орныға қойғандар ғана қол жеткізе алады.

Дүние үшін жарысқаннан нәтиже болмайды, басты мақсат қолдан шығып, ұмыт болып қалады.

Демек, арман-қиялдың түп негізі адамның дүниеге деген махаббатында, және Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Нені қаласаң, соны сүй. Кезі келгенде одан айрыласың»,- деген ақиқатын білмегендігінде жатыр.

## **Надандық**

Адам баласы өзінің жастығына сеніп қалады. Сол себепті де ол жас кезімде ажал келмейді деп пайымдайды. Ол бейшара, бұл өмірде ер адамдар арасында қартайғандардың үлесі онан бірін ғана құрайтынын білмейді. Демек, қарт адамдарға қарағанда, жастардың саны көп. Ал қарттардың санының аздығының көрсеткіші, қалалық жердегі жастардың өлімінің көптігіне дәлел болып тұр.

Мыңдаған бозбалалар мен жасөспірімдер қартаймастан өмірден озып жатыр. Алайда адам дені сау болып тұрған кезінде өлім жайлы мүлде ойламайды, себебі оны алыстағы ықтималдық деп қабылдайды. Бірақ ажал оның маңында жүреді. Егер тіпті ажал тым алыста болып көрінсе де, ауру кенеттен келеді. Себебі арулар аяқ асты болады, олар ескертусіз келеді. Ал егер ауруға шалдығар болса, онда өлім атты оқиғаның да ауылы алыста емес деген сөз. Егер адам шынымен де ойланып, ақыл жүгіртер болса, ол ажал уақыт пен сағатқа тәуелді еместігін түсінер еді де, бос жүрмейтін еді. Демек, ажал қарт пен жасты бөліп қарамайды. Ал өлім үшін қыс пен жаздың айырмашылығы жоқ. Өлім үшін күн мен түн де жоқ.



Егер адам осы сөздің шынайы мағынасын біліп және де шынайы түрде сол үшін қам жейтін болса, онда оған дайын болатын еді, оған дайындалатын еді. Алайда бұл ақиқатты білмегендіктен және де дүниеге деген махаббаттың әсерінен, адам өзінің бос әрі алыс арманының, талпынысы мен тәуекелінің құлы болады. Осының барлығы нәтижеде адамға ажалының жақындап келе жатқанын ұмыттырады да оны бейғам, қамсыздыққа апарады. Ондай адам үнемі ажалы болашақта бір келеді деп ойлайды және де ажал ескертусіз келіп жетеді деп ойламайды. Ол үнемі өзгелерді жерлеуге қатысамын деп ойлайды. Алайда ол бейбақ күндердің бір күні жерлеуге алып бара жатқан дененің өзінің денесі болатындығын да ойламайды. Сондықтан да осыларды қайталай- қайталай оның бұл нәрсеге еті үйренеді де, кенеттен ажал келіп жанын алатынын да ойламайтын болады. Бұдан құтылудың жолы өліп жатқан адамның орнына өзіңді қойып, елестетуде жатыр. Елестете тұрып, бір күні өзің де денеңді жер қойнауына тапсыру үшін қабірстанға жеткізілетінін ойлауда жатыр. Сенің де денең қабірге жерленеді. Ол тіпті: «Бәлкім, менің қабіріме қаланатын кірпіштер де дайын тұрған шығар» - деп ойлауы керек Оның қабірінің орны да дайын, ал ол болса одан мүлде хабарсыз.

Дәл осы себептен адамның өлімге даярлануды кешіктіруі расында надандық болып табылады. Егер адам баласы мұның себебі надандық әрі дүниеге деген махаббат екенін білетін болса, егер соны сезе алатын болса, бұдан айығудың жолы олардан құтылуда жатқанын да білсін.

Адамды надандықтан ұстап қалатын таза әрі анық көзқарас. Надандықты күнәсіз, таза жанды даналардың насихатымен жеңуге болады. Сондай- ақ адамның жаны мұны қабылдауы да қажет.

Дүниеге деген махаббатқа келер болсақ, оны жүректен оңай алып тастай алмайсың. Шынында да, бұл сондай ауыр әрі жаман дерт, одан айығудың өзі мүмкін емес, тіпті оған шипа да жоқ. Бұл дерттен айығу біздің алдымызда өмір сүргендерді де, олардан алдын өмір сүргендерді де шаршатқан.

Бұл аурудан айығу біршама күш жұмсауды талап еткен. Адамның дүниеге деген махаббаттан арылудың бір ғана жолы бар. Ол – мәңгілік өмірге деген сенім, Аллаға сенім, үлкен құлшыныс, білім. Егер адам ана өмірдегі марапатқа қол жеткізуді ойласа және де қабірегі ауыр сынақ алдындағы қорқынышты сезіне білсе, осылар жайлы ой жүгіртсе, жүрегінен дүниеге деген махаббатты, өмірге деген махаббатты алып тастай алады.

Оның жүрегіне нық әрі толық иман ұялап, жүрегінен жер бетіндегі деген махаббаттың ізі де қалмайды. Себебі, ең басты махаббат адамның жүрегіндегі әдеттегі махаббатты жойып жібереді. Сол кезде адам осы дүниенің түкке тұрғысыздығын және де ақыреттегі өмірдің әдемілігі мен құндылығын түсінеді. Сол сәтте ол дүниеге, өмірге деген махаббаттан бас тартады. Тіпті оған жер бетіндегі барлық байлықты ұсынса да ақыреттің құны мен әдемілігіне айырбастамайды. Ақыретті құп көріп, сол өмірді қалайша қаламасын? Расында осы дүниедегі оның қолындағы байлық, мәңгілік өмірмен салыстырғана түкке де тұрғысыз, тек ластық пен тот басқан нәрселер ғана. Ақыреттегі мәңгілік баянды ғұмырды білетін адам жердегі бақыт пен жақсылыққа қуана ма? Мәңгілік өмірге және оның ақиқаттығына иман еткеннен соң, ол адаммен жердегі байлыққа деген махаббат жайлы әңгіме айтуға бола ма? Ондай махаббат оның жүрегінде бола ма? Біздің Жаратушымыз біздерге, ізгі құлдарына жердегі, осы дүниелік нәрселердің ақиқаттығын көрсетіп қойған.

Сонымен қатар, өлім жанға жақсы әсер етудің бір жолы- адам өзі қатарлы адамдардың немесе құрдастарының өлімі жайлы ойлануы. Оларға ажал күтпеген жерден келгенін ойлауы керек.

Адам осы жайлы ойлануы керек. Ал өлімге дайындық үстіндегілерге келер болсақ, олар әрине құтылды. Алайда кімде кім бос үміттің соңында жүріп, болшаққа есеппен қараған болса, анық құрдымға кеткені.

Адам өз денесіне, көзіне қарасын- сол кезде оған мынандай ой келеді: «Менің көздерімді, денемді, сезім мүшелерімді құрт- құмырсқа қалай жейді! Сүйектерім қалайша құмға айналады!» Кейіндеп ол былай деп ойланғаны дұрыс: «Қабірде, жердің астында құрт-құмырсқа ең бірінші оң көзімнің қарашығын жейді ме, әлде сол көзімнен бастайды ма?».

Денесіндегі барлық мүшесі, - жер астындағы құрт- құмырсқаға жем болады. Сол сәттен бастап құрт- құмырсқаға жем болмаған тек бір ғана нәрсесі қалады. Ол – білімі мен жасаған амалы. Егер осы ілім мен амалдар өзіне жауапкершілік пен Алланың келісімі мен рұқсатын сіңірген болса және де олар махаббатпен әрі таза жүрекпен жасалған я алынған болса, онда адам олардың пайдасын көреді. Адам бір сәт көз алдына ендігі кезекте айтпақшы болып отырған қабірдегі азапты елестетіп көрсін. Мүңкәр мен Нәкирдің сұраққа алатындары жайлы ойласын. Есеп күніндегі қайта тірілу мен Қиямет күніндегі сұмдықты елестетіп көрсін. Үлкен Есеп беру күніндегі адамдардың жиналып жатқанын елестетіп көрсін.

Міне, осындай ой жүгірту арқылы адамның жүрегінде өлімді еске алу жайлы сезімдер оянады да, ол өлімге және ақыретке әзірлене бастайды.

## **8 бөлім: Бос үмітке салынған адамдардың қиялдарынан арылу деңгейлеріне қарай сыныпталуы**

### **Бос үмітке салынған адамдардың қиялдарынан арылу деңгейлеріне қарай сыныпталуы**

Адамдар алыс, бос үмітке алданып, солардың артына түсіп, өз өмірлеріне бір қалыпты қарамайды. Жер бетінде мәңгілік өмір сүруді қалап, осы үміттің артында жүретін адамдар да бар. Алла Тағала олар жайлы былай деген:

**«...Олардың әрқайсысы мың жыл өмір сүруді қалайды...»** (Бақара сүресі 96 аят)

Олардың арасында қартайғанша өмір сүруді қалайтындар да бар. Яғни, ондай адам көргісі келген нәрселерді көрмейінше өмір сүруді қалайды. Ондай адамдар өмірді шектен шыға сүйетіндер, өмірге табынуға шақ қалғандар.

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ондай адамдар жайлы былай деген: **«Қарт адам өмірге деген махаббаты мен оған байланудың әсерінен жас бала секілді болады. Егер тіпті қарттықтан оның арқасы бүкір болса да ол дүниенің соңынан қалмайды. Бұлардың қатарына жақсы әрі дұрыс өмір салтын ұстанушы қарттар кірмейді. Олардың саны тым аз».**

Адамдар арасында ағымды жылға азық жинау үшін әбігерге түсетін адамдар бар. Олардың санасында келесі жылы өздері үшін не жасау керектігін ойлайтын ой да жоқ. Олардың барлық бітіретін істері қыс болса- жазға, жаз болса- қысқа дайындалу. Одан басқа еш нәрсені ойламайды. Ондай адамдар қысқы зығын жинап алып, Аллаға құлшылық етуге кіріседі. Сонымен қатар, қыс болса- сол мезгілге қатысты істермен айналысып, жаз жайлы қам

жемейтін де адамдар бар. Ондайлар жаз болса тек жаздың ғана қамын жейді де, қыс мезгіліне дайындық туралы ойламайды. Яғни ол адамдар жаздың қамын қыста ойламайды, былайша айтқанда қысқы киім- кешек дайындамайы, ал қыста жаздық киім.

Тек тәуліктік мұқтажыңды ғана ойлайтын адамдар да бар. Олар бүгінгі күніне жетерлік дүниесі болса, ертеңгі күнін ойламайды. Я болмаса, кешкі азығын тапса, сол күнді мүлде естен шығарады. Егер күндізгі уақытқа азық табар болса, кешкі азығы жайлы ойламайды. Өзінің «ертеңі» мен өзінің болашағы жайлы мүлде ойламайды.

Мысалы, Иса пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) былай деген: **«Ризығыңды қалай табуды ойлама. Сізге ертеңге дейін өмір сүру жазылса, онда сіздің наныңыз да бірге келеді. Егер ертең өмір сүру жазылмаған болса, өзгеге қалған нәрсемен жағдайларыңызды қиындатпаңыздар».**

Кей адамдардың ықыласы мен құмары белгілі бір уақытқа ғана, бір сағатқа ғана жетеді. Мысалы Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Ей, Абдуллаһ! Таңды аман қарсы алсаң, кешке дейін өмір сүрем деп ойлама. Кеш батқанша тірі әрі сау болмасын деп ойла. Егер кеште де аман болсаң, таңға дейін тірі боламын деп ойлама».**

Тіпті уақыттың бір бөлшегін де көп көретін адамдар да бар. Мәселен, Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) дәретін сумен де ала алатын болса да тәйәмум алатын еді әрі бұл ісін: **«Суға қолым жететіндей уақытым қалмауы мүмкін»** деп түсіндіретін.

Үнемі өлім жайлы ойлап жүретін де адамдар бар. Ондай адам әр сәтте ажал періштесі дәл төбесінде тұрғандай, қашан жанымды алар екен деп күтумен жүреді. Ондай адам намазын ең соңғы рет оқып жатқандай құлшылық етеді.

Мысалы, Муғаз бин Жәбәлдан (оған Алла разы болсын) жеткізгендей: «Муғаз Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) дінінің мәнін, оның ақиқи бағытын білгісі келіп, сұрғанада: «Бір қадам аттағанда екінші қадамды жасай алмаймын ба деп ойлаймын» деген жауап алған еді.

Эфиопиялық болған Әсуадтың айтуы бойынша, бірде кеште ол намазын оқып жатқан кезде оңына, солына қарағандай болады. Біреу одан неге олай жасағанын сұраған кезде: «Әзірейіл періште қай тұсымнан келер екен деп қарадым»- деп жауап берді. Демек, адамдар Алланың алдында дәрежелері бойынша сатыларға ие. Бір ай бойы бір мақсатқа қол жеткізумен жүрген адам мен күнделікті мақсатпен жүрген адам екеуі бірдей сатыда бола алмайтыны сондықтан. Ол екеуінің Алланың алдында да дәрежелері екі түрлі. Себебі, сауапты амалды дәннің салмағындай жасаған болса, сол шамада болады. Алла Тағала ешкімге әділетсіздік жасамайды, тіпті дәннің салмағындай болса да.

Бір шетінен, қандай да бір адамның бос үмітпен жүрмегенінің белгісі- ол адам сауапты амалдар жасауға асығады. Дегенмен кез келген адам бос үміт пен арманның соңында жүрмін деп айтпайды. Алайда ол жалған сөйлейді. Кей кездері ол адам бір жылға да қажеттілігі жоқ нәрсеге көңілін аударып, қамқорлық танытуы мүмкін.

Осылайша, осы халі- ақ ол адамның алыс әрі бос арманның ауылынан алыс еместігінің дәлелі мен куәсі болып табылады. Ақиқи табыстың сыры адамның бір сәтке болса да өлімді ұмытпауында, бейғам болмауында жатыр. Адам баласына уақыты келгенде есігін қағушы өлімге дайындалуы қажет әрі дайын болуы қажет. Егер ол кешке дейін аман болса, осы

уақытқа жетсе, Аллаға мадақтар айтып және де өзін бақытты сезінуі тиіс, демек ол бұл күнді бос сүрмегені. Және де керісінше, ол адам барлық амалы Алла үшін екендігін көрсетуі тиіс. Осыдан соң ол таңға дейін Оған қайта құлшылық қылу үшін өзінің Рабысының разылығын іздеуі керек. Егер ол осылайша таңды қарсы алар болса, Жаратушысына құлшылығын тоқтатпастан, жалғастыруы керек.

Осы жолда табысқа жетуі үшін жүрек ертеңгі және арғы күнгі жұмыстардан бос болуы керек, яғни осы «дерттен» таза болуы тиіс. Осындай адамдар өмірден озған кезде жақсылықта болады әрі өзі қалаған «бақыттың билетін» ұтып алған күйде қайтады. Ал егер олар өлімге деген әдемі дайындықтарының арқасында тірі болса, өздерінің құлшылықтары нәтижесінде бақыт пен жақсылықтың құшағында жүреді. Олар үшін ажал бақыттың кейпіне, ал өмір бақыттарын еселеуші себеп қана болып қалады. Ей, бақытсыз жан, өлім жайлы ойлауы тоқтатпа! Себебі өмір ағысы сені алға сүйреуде, ал сен мұны аңғармайсың. Сенің мақсатың –тоқтайтын жерге жету. Бәлкім, бұл аялдама жақын қалған шығар, ал арақашықтық кенеттен қысқарып кетуі әбден мүмкін. Қолайлы сәттерді «бақыттың билетін» ұтып алу үшін жүзеге асыр да, әр тынысыңда жақсы амалдар жасауға асық. Қадірі мен құнын білмейтін әрбір тынсыңды қазірден бастап Аллаға қызмет қылу мен құлшылық етуге арна. Жақсылық пен ізгі амалдарға асық.

## **9 бөлім: Сауапты амал жасауға асығудың қажеттілігі мен оны кейінге қалдырудың қауыптілігі**

### **Сауапты амал жасауға асығудың қажеттілігі мен оны кейінге қалдырудың қауыптілігі**

Ешқашан да ақиқатты ұмытуға болмайды: адамның алыста қалған екі бауыры бар. Ол екеуінің біреуі ертең келмек болса, екіншісі бір айдан соң не болмаса бір жылдан соң келмекші. Сондықтан да ертең келмекші болған бауыры қажетте нәрселерді дайындайды. Ал бір айдан я болмаса жылдан соң келетін бауырына бүгін қамданудың қажеті жоқ. Себебі ертең келмекші болып жатқан адамның дайындығының себебі- сапарының ертең болатындығы.

Егер кімде кім ажалын бір жылдан соң келетінін білеті болса, ол осы уақытты үнемі есінде ұстайды әрі соған қарай амал етеді. Ол адам осы мезілге дейін не барын, кейін не болатынын мүлде ойламайды. Осыдан соң ол таң ертең тұрған сайын уақытының бітуін күтпен өмірі өткізеді. Және де күндер өтіп, уақыттың жақын қалғанына да мән бермейтін болады. Оған бейне бір уақыт тоқтап қалғандай көрінеді. Адамның бұл халі оны жақсылық жасауға бағыттамайды, себебі ол күн сайын алдында әлі бір жыл уақыт бар деген үмітпен жұбатып ақыреттік азықты кейінге қалдырып қояды.

Мәселен, Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Сендердің әрқайсың оны адастырмас бұрын және де қандай да бір байлық азғындатпас бұрын, жоқшылық жетпес бұрын немесе әділдік жайылы ұмыттырушы, Жартушыны ұмыттырушы кедейлік келіп жетпес бұрын ақыретке дайындық жасасын. Оны айықпас дерт меңдемес бұрын, ақылынан адастырып, орынынан қозғалуын қиындатушы әрі ақыретке апаратын жолға жетелеуші кәрілік жетпес бұрын қамдансын. Я болмаса Дәжжәл келіп, Қиямет күні басталмас бұрын қамдансын».

Абдуллах бин Аббас (оған Алла разы болсын) Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасының біріне былай деп насихат айтқанын жеткізеді: «Бес нәрседен бұрын бес

нәрсенің қадірін біл! Кәріліктен бұрын жастық шақтың, аурудан бұрын денсаулықтың, уақыт тапшылығы келмей тұрып бос уақыттың, кедейліктен бұрын байлықтың және өлімнен бұрын өмірдің қадірін біл!»

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өзге бір хадисте айтқан: «Адамдардың көбі қадір-қасиетін біле бермейтін екі нығымет бар - денсаулық пен бос уақыт». Яғни адамдар осы екі нығыметті тиісінше қолдана алмайды әрі одан пайда алмайды. Мүмкіншілігін жоғалтқан кезде ғана кеш болғанын түсінеді.

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Кімде кім қорқынышпен өмір кешер болса, ол ертерек жолға шыққан болады. Кімде кім ерте жолға шығар болса, оны қабыл алатын жерге жетеді. Ақылға келіңдер! Алла уәде еткен нәрсе сөзсіз болады. Алла уәде еткен нәрсе – Жәннат!».

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Сағат келіп жеткен кезде және де Сүр үрленген кезде жер сілкінеді, артынша тағы да бір сілкінеді осы сілкініспен бірге өлім жетеді».

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының бірі салғыртыққа, бойкүйездікке және бейғамдыққа салынғанын байқаған кезде оларға қарап, қатты дауыспен былай дейтін: «Өлім, белгіленген уақытта сендерге келіп жетеді. Ол сендерге бақытты халде я болмаса кейіпсіз халде болғандарыңда тап болады».

Әбу Хурайра (оған Алла разы болсын) Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәемім болсын) былай дегенін жеткізеді: «Мен – ескертушімін! Ажал ескертусіз келеді, ал Қиямет күні – бұл күн жауапқа тартылатын күн».

Абдуллаһ ибн Омар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын), күн пальма жапырақтарының төбесіне дейін көтеріглен кезде сыртқа шығып былай дегенін жеткізеді: «Осы күннің батуына қанша уақыт қалған болса, дүние сонша уақытқа қысқарды».

Және де Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Дүние екіге қақ бөлінген киім секілді. Оны бір ғана тігіс ұстап тұр. Енді қалған тігісінің де тозып, үзілетін уақыты жетті».

Жәбир (оған Алла разы болсын) былай деген: «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Қиямет жайлы айтқан кезде даусын көтеретін еді. Осы кезде оның жүзі де қызарып салатын. Өзінің сөйлеу мәнері мен бұйыра сөйлеген даусы жақындап қалған қауіпті нұсқап тұрған қолбасшы секілді еді. Ол мынандай сөздерді айтатын: «Біз сендермен бірге таңды атырдық, кешті батырдық. Ертең және кеште не болатынын жеткіземін. Мен мен Қиямет күнінің жақындығы мына екі саусақтың арасындай». Осылай деп ол екі саусағының арасын көрсететін».

Абдуллаһ ибн Масғұд (оған Алла разы болсын) былай деген: «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) мына аятты оқыды: «Сонда Алла, кімді тура жолға салуды қаласа, Ислам үшін оның көңілін кеңітеді...». Осыдан соң ол былай деді: «Расында, адамның жан дүниесіне нұр кірген кезде ол кеңейеді» («әл-Анғам» 6/125). Сонда сахабалар Пайғамбарымыздан (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Я, Алланың Елшісі! Оның қандай белгісі бар?», - деп сұрайды. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп жауап береді: «Иә! Ол – жалған, дүниеге байлап, адастыратын нәрселерден аулақ болу, ал оның орнына – ажал келмей тұрып, мәңгілік мекен болатын жаққа талпынып, сол жаққа қамдану».

Имам Суди: «...Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан. Ол, тым үстем, аса жарылқаушы» » («әл-Мүлк», 67/2), деген аятты, нақтырақ айтар болсақ оның: «...ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін...» деген бөлігін түсіндіре келе, былай тәпсірлейді: «Қайсыларың өлімді жиі еске аласыңдар, қайсыларың өлімге және мәңгілік өмірге қалай дайындық жасайсыңдар, араларыңдағы өлімнен қорқып, қырағылық танытқандарың».

Хузайфа (оған Алла разы болсын) былай деген: «Әр таңда және әр кеште бір дауыс былай деп жар салады: «Ей, адамдар! Қоныс аудару басталды!» Мысалы, мына келесі аят бұған дәлел бола алады: «Ол (тозақ оты) – адамдар ғибрат алу үшін түскен жаза. Жақсылықта ілгерілеп немесе жамандыққа тайқып кететіндер үшін» («әл-Муддассир», 74/35-37).

Азат етілген құл Бәни Тәммимә Сухейм былай деп айтады: «Мен Әмір бин Абуллаһпен бірге отыр едім, сол кезде ол намаз оқып жатқан болатын. Ол намазын бұзды да, маған қарап былай деді: «Маған аз уақытқа тыныштық керек, өйткені менің маңызды шаруам бар, асығыс едім». Мен одан: «Ол қандай асығыс жұмыс?», - деп сұрадым. Ал ол болса былай деп жауап берді: «Алланың мейірімділігін ұғынып, өлім періштесі жайлы сөз қозғаймын». Сухейм былай деді: «Мен онымен лезде қоштастым, ал ол тұрып, намазын жалғастырды».

Дәуд Таи бір жерде жүрген кезде бір адам келіп, бір хадисті түсіндіріп беруін сұрайды. Дәуд оған былай дейді: «Кез келген нәрседе сәл күте тұру – ол жақсы. Алайда ақыретке амал етуде емес. Оған амал етуге асығу керек».

Мунзир былай деген: «Мәлік бин Динардың өзіне- өзі былай дегенін естідім: «Масқара, ұят емес пе саған, ей, нәпсім! Ажал келместен бұрын асығуың қажет. Қарабет болғыр нәпсім! Ажал келіп жетпейінше қимылда!». Мәлік бин Динар осы сөздерді алпыс мәрте қайталады. Ол мені көрмеді, бірақ мен оны естідім, ол өз-өзімен сөйлесіп отырған еді».

Хасан Басри өзінің бір насихатында былай айтқан: «Тоқтамаңдар, асығыңдар! Егер демдерің бітетін болса, жақсы амал мен ізгі істер жасайтын мүмкіншілік қалмайды. Жақсы амалдар сендерді Жаратушыға жақындатады! Сонықтан да асығыңдар! Алла Тағала нәпсісін есепке алып, күнәсінің көптігінен көз жасын төгетін жанға рақым етсін». Осыдан соң ол мына аятты оқыды: «Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз». («Мәриям» сүресі, 84 аят).

Одан ары қарай ол былай деп жалғастырды: «Сенің соңғы демің - соңғы есебің болады. Соңғы дем – отбасыңмен, сүйіктілеріңмен айырылысуың. Соңғы есеп сені қабірге қою болып табылады».

Әбу Мұса Әшғари (оған Алла разы болсын) өлер алдында қанша қиын болса да қайраттылық танытты. Ол үнемі құлшылық қылды. Оны шектен шыға құлшылық етіп жатқанын көргендер былай деді: «Өзіңді аясаң етті, өзіңді олай қинамасаңшы, біраз тынығып ал». Оның жауабы мынандай болды: «Бәсекелестер жарысқан кезде, діттеген мақсатқа жақындаған кезде, жарыста озып шығу үшін өзінің барлық шеберлігі мен қолынан келгенін салып бағады. Олар өздерінің барлық қабілеттері мен зеректігін көрсетеді. Олар жеткен межеден гөрі менің ажал уақытым жақынырақ». Мұны айтқан адам былай деп қосқан: «Әбу Мұса (оған Алла разы болсын) өмірінің соңына дейін осылай құлшылық етіп кеткен». Өзінің жарына Әбу Мұса былай деген: «Өз жүгіңді мықты ұста, себебі тозақтан қашып құтыла алмайсың».

Бір халиф мінбердің үстінде тұрып былай деген екен: «Ей, Алланың құлдары! Алладан қорқыңдар, Оның әмірін орындап, тыйғанынан тиылыңдар. Ұйқыларың Исрафил келіп Сүр

үрлер ме дегендей сергек болсын. Жер әлем сендерге мәңгілік мекен болмайтынын ұмытпаңдар. Сондықтан да ана өмірде ғұмыр кешуге дайындалыңдар. Ажал көлеңкесі сендердің соңдарыңда жүр. Өлімге дайындық жасаңдар. Басқа әлемге қоныс аударуға қамданыңдар. Себебі, сапар өте ауыр болмақ. Егер дүниеде бір мақсат болар болса, онда ол сәт сайын қысқарып, адамға қарсы әрекет етуде. Расында, уақыт тым аз. Көп уақыт жоқ».

Екі түрлі қайталанып тұратын нәрсе бар, олар шығынға ұшыратады және алып кетеді. Оның бірі – түн, ал басқасы – күн. Олар бірін-бірі жылдам алмастырады. Ол я құтылуға қол жеткізеді немесе қайырымсыздыққа апарады. Сондықтан да сақтанудың ең тиімді шараларын жасау қажет. Тақуалықтың шыңына жеткен адам – ол Жаратушының насихатына терең ой жүгіртетін, ең бірінші тәубеге келетін, нәпсісін тізгіндейтін адам. Себебі адамның ажалы көзінен таса жерге жасырылған. Ал оның арманы мен қиялы оған үнемі тұзақ құрады. Шайтан болса, осы қызметке тағайындалған. Ол адам баласын барлығын үнемі кейінге қалдыруға мәжбүрлейді: «Кейін тәубе етерсің». Ол бүлікті, бойұсынбаушылықты және итағат етпеуді әсемдеп адам баласын үнемі күнәға итереді. Қашан ажал келген кезде ол әлгі адам толықтай надандықпен кетсін деп, ол адамның соңынан қалмауға тырысады. Сол кезде адам үшін ажал тозақ пен жәннаттың арасындағы жалғыз ғана бөгет болып тұрады. Ал жан шыққан кезде я жәннаттың я тозақтың есіктері ашылады. Ендігі жерде уақытын надандықпен өткерген адам үшін өкініп, өкініштен бармағын тістеудің мәні жоқ. Себебі оның барлық ғұмыры оған қарсы куәлік етеді. Алла Тағаланың танытқан мейірімі мен жақсылығы нәтижесінде бетімен кеткендерден болудан Алла сақтасын! Ашуланып, қанағатсыздық танытып, қателікке ұрынғандар мен Оған бойұсынбаушылардан болудан Алла Тағала біздерді сақтасын! Әйтпесе, өлімнен соң қайғыру мен өкініп, мұңаюдың мәні жоқ. Расында Алла Тағала Оған жалбарынғанның дұғасын қабыл етеді. Барлық нығметтер Аллаға тән. Алла не қаласа, сол болады.

Муфассирлердің (Құран тәпсіршілер) бірі: «...“Әрине, бірақ сендер өздеріңді сұмдыққа салдыңдар, күттіңдер, күмәндандыңдар. Сендерді құр үміттерің Алланың әмірі келгенге дейін алдады. Сондай-ақ сендерді Аллаға байланысты алдаушы (шайтан) алдады” дейді» («әл-Хадид», 57/14) деген аятты былай деп тәпсірлейді: «Сендер өздеріңді, өз нәпсілеріңді құмарлық пен ләззат алуда адастырдыңдар. Болашақта тәубе етемін деп ойладыңдар. Алланың жазмышы болмайынша шайтан сендерді адастырды әрі алдады».

Хасан Басри (оған Аланың рақымы болсын) былай деген: «Шыдаңдар, қарсы тұрыңдар, бекем болыңдар, қорықпаңдар! Аз ғана күн қалды. Сендер сапарға шығып, жолда аз уақытқа дем алуға тоқтаған жолаушы секілдісіңдер. Бәлкім, жақында сендердің біреуің шақырыласыңдар, ол сол сәтте- ақ артына қарамастан оны қабыл алады. Олай болса, қазырдан бастап сол жаққа қоныс аударуға ең жақсы нәрселермен дайындық жасаңдар».

Абдулла ибн Масғұд (оған Алла разы болсын) былай деген: «Сендердің біреуің таңды қарсы алар болсаңдар ол өзінің жолаушы екендігін білсін. Оның қолындағы дүниелер – басқаға тиесілі, оған сақтай тұруға берілген заттар екенін білсін. Ол заттар өзінің иесіне қайтарылуы керек».

Әбу Убайда әл-Бажи айтады: «Хасан Басри сырқаттанып жатқан кезде біз оны зиярат етіп бардық. Бізге қарап ол былай деді: «Қош келдіңдер! Алла Тағала сендерге амандық берсін! Ол бізге және сіздерге мекен берсін, яғни Жәннат берсін. Егер сендер сабырлы, әділ, ұқыпты болсаңдар және де Алланың ашуынан қорқатын болсаңдар - амалдардың ең жақсылығы солар. Алла Тағала зиярат етушілерге Өзінің мейірімін жаудырсын! Менің сендерге айтқандарым бір құлақтан кіріп, екіншісінен шығып кетуінен сақтаныңдар. Осы насихаттан өз үлестерің мен сабақ алыңдар! Расында, Алла Елшісін көргендер оның осы өмірге келіп, содан соң ақыретке

қоныс аударғанын да көрді. Олар жердегі жақсылық оның артынан кетіп қалмағанын көрді. Ол тек Аллаға ғана талпынды. Олай болса, сендер де асығыңдар! Кідірместен қимылдаңдар! Құтылуға асығыңдар. Қандай нәрсеге тырысып, бағыт алып бара жатырсыңдар? Қағбаның иесі болған Алламен ант етемін, сендер ажалмен бірге келдіңдер. Алла Тағала осы өмірге қатысты тек азығына ғана алаңдаған жанға мейірімді болсын. Ол тек нанның ұнтағын жеп, ескі киіммен жүрген. Ол жайнамазға байланған еді. Үнемі құлшылық етіп, қателіктері үшін қатты жылайтын. Ақырының ащы сәтінен қашып, соңғы демі жеткенше үнемі Алланың мейірімін қалап жүрді».

Асым Әхуәл былай деген: «Мен Фудайл Раққашидан бір нәрсе жайлы сұрадым, ол маған былай деп жауап берді: «Ей, пенде! Айналаңдағы адамдардың көптігі өзіңе деген қызығушылық танытуға кедергі болмасын. Себебі өлім саған оларсыз келеді. Үнемі я ана жаққа, я мына жаққа барамын деп айтпа. Бір күні күндеріңнің босқа өткенін көресің. Себебі барлығы саған қарсы жұмыс жасауда,- тіпті ажал да. Қазірден бастап өзің жасай алатын амалдардың ең жақсысын жаса. Амалдардың ең дұрысы мен ең әдемілерін жаса!».

## **10 бөлім: Өлім алдындағы арпалыс - Сақарат Мәут, 1 бөлім**

### **Өлім алдындағы арпалыс - «Сақарат Мәут», 1 бөлім**

Бейшара пенденің алдында «Сақарат мәут» атты ажалмен арпалыстан өзге ешбір қауіп пен қатер, уайым мен қайғы болмаса, онда ол адамның өмірін улау үшін ажал жеткендегі жан арпалысының өзі жетіп, артады. Адамның бақыты пен шаттығы оны тастап кетуі үшін осы ақиқаттың өзі жеткілікті. Ұмытшақтық пен білімсіздіктен құтылу үшін өлімнен қорқудың өзі жеткілікті. Сондықтан да ол бұл жайлы терең ой жүгіртуі қажет. Оның ең орынды амалы үлкен дайындық боп табылады.

Мысалы, беделді бір ғалым былай деген: «Дәл қазыргі уақытта өзгеге келіп жеткен уайым мен қайғының саған қашан келетінін білуің міндетті емес».

Лұқман өзінің ұлына былай деп насихат айтқан екен:

**«Балам! Бұл - бұйрық, әрі оның саған қашан, қай күні келетінін білуің шарт емес. Сен тиісті әзірлікті ескертусіз келіп, есігіңді қақпас бұрын жаса».**

Адамның қалпына таң қалуға болады. Ойлаңыздаршы: егер біреу достарымен көңілді кездесуде отырған кезінде бір полицей кіріп келіп, елдің көзінше оны таяқтың астына алатын болса, бұл отырыс ол үшін ащы у болмай ма? Ол адамның көңіл-күйі өзгеріп, көңіл көтеруге деген барлық зауқы жоқ болып кетеді. Олай болса адам баласына өлім періштесі кез келген уақытта келіп оның жанын алатыны жайлы неге ойланбасқа? Неге ол әлі де болса да бейғам? Расында, бұл тек бір нәрсені білдіреді: надандық және оның дүниеге алдануы, өзін-өзі алдауы. Ажал келген сәт пен ажалмен арпалысты мұның дәмін татқандар ғана біледі. Ажалмен арпалысты көрмегендер, әрине, ол жайлы айта да алмайды.

Бір адам өлім аузында жатқан біреу жайлы айта отырып, салыстыру мен талдауға сүйене отырып жеткізгісі келеді. Бұл жайлы айтқан кезде адамның қалай қиналғанынан бастайды: дөңбекшіп, бұралып, суық тер басқанын. Осыны бақылаған жеткізуші осы сәттің барлық қорқынышы мен үрейін жеткізуге тырысады. Егер бұны салыстыру немесе талдау арқылы түсіндірер болса, қандай да бір дене мүшенің істен шығуына апарары анық, себебі ол ауыру мен қиналуды сезбейтін болып қалады. Себебі нағыз ауыру мен азапты жан дүние сезеді. Егер



адамның қандай да бір дене мүшесі жарақаттанса немесе күйіп қалса, оны адамның жаны сезіп, миға жеткізеді. Ал дене болса ауру мен мазасыздықты жанның миға қаншалықты дәрежеде жеткізгеніне қарай сезінеді. Осылайша, ауыру сезімі адамның әрбір дене мүшесінде, буындарында сезіле бастайды. Енді, жанға аурудың тек жарымы ғана әсер етеді.

Дей тұрғанмен, адамның бір жағдайға байланысты жанының қиналуы- денедегі жарақаттың себебінен физикалық ауруды сезінуге мәжбүрлейді. Жан дүниенің ауыруын ойлаңыздар, ол тікелей жанға әсер етеді, себебі оның өзге мүшелермен байланысы жоқ. Ол міндетті түрде миға енеді. Миға я болмаса жанға сіңген дертті сипаттау мүмкін емес. Тіпті ол туралы әңгімелеудің өзі қиын. Адамды ессіз күйге түсіретін ауру кенеттен қозған кезде оның тікелей жанға әсер бергені. Ондай жағдай адамның дене мүшесінің бір бөлігін ғана емес, бүкіл денесін алып кетеді.

Азап пен ауру қандай да бір дене мүшеге тарайды. Ауыру бірде бір нүктені қалдырмай барлығына енеді. Егер адамның денесіне ине немесе тікен кіретін болса, онда ол тек кірген жеріне ғана зиян береді, ал адам болса жаны қаншалықты ауырған болса, соншалықты мазасыздық күйін кешеді. Алайда егер адамның денесінде күйік пайда болар болса, оның ауыртқаны тікен кіргендей болмайды. Күйіктің ауыртқаны әлдеқайда күштірек және де адамға онда да қаттырақ мазасыздық пен уайым береді. Себебі күйік қандай дәрежеде болмасын: жеңіл, орташ әлде ауыр халдегі- адамның бүкіл денесіне әсер етеді.

Басқаша айтқанда, қандай күйік болмасын ол дененің беткі жағына түгелдей әсер етеді, тіпті зақымданбаған болса да. Және де ол адамды қатты азап шегуге апарады. Бұл күйіктің әсері денедегі жаны бар әрбір мүшеге әсер етеді.

Темірмен немесе шегемен жарақаттануға келер болсақ, олар тек сол жарақаттанған жерден ғана табылады. Осы себептен болған мидың және жанның қиналысы күйікпен салыстыруға келмейді. Естен танған кездегі ауыру, азап пен қайғы, жан мен денеге ауқымды әсерін береді. Себебі, олар барлық дене мүшені қамтиды да бүкіл мүшеге тарайды. Егер біреу есінен танған болса, демек, оның әсері бүкіл тән мен миды қамтып алғаны. Ерекше, жеке ауыру сезімі дененің әрбір бөлігінде және әрбір шаштың түбінде сезіледі. Сондықтан да адам баласы ажалмен арпалысып жатқан кезде басынан аяғының ұштарына дейін қалтырай бастайды. Осындай халдегі адамның жағдайын, оның қиындығын, қайғысы мен мұңы жайлы сұрама. Себебі оны сөзбен сипаттау мүмкін емес.

Бұл жайлы былай делінген:

*«Ажалмен арпалысу- қылышпен ұрғаннан да ауыр!»*. Ол арамен кесілгеннен де және де қайшымен қырқылғаннан да қорқынышты. Себебі денені қылыш бөлшектеген кезде рух дене мен жанның арасындағы байланыстың әсерінен ауыру сезінеді. Алайда соққыға ми мен жан бірге шалдығар болса, ондай ауыртпалықты сипаттау мүмкін бе?

Бұл жағдайда соққы алған адамда күш қалған болса, қиналысын жеткізу үшін жүрегінің түбінен жан айқайын шығарады. Себебі жүрегіне қан құйылып, қатты қиналады. Адамның үнсіздігі ауыру сезімі мен азаптың шегіне жеткендігін және де адамның күші қалмағанын көрсетеді. Бұл азап оның жүрегін өртеп, тәннің әрбір нүктесіне жеткені. Сондықтан да күші кетіп, әрбір нүктесін мұқалтып тастайды. Осыдан соң оның әрбір мүшесі күш- қуатынан айырылады. Тіпті айқайлап, шағымданып, көмекке шақыруға күші қалмайды.

Ақылға келер болсақ, ол ажалдан үрейленгендіктен сөніп, ажырап қалады. Тіл болса, байланып қалады. Дене мүшелерде күш қалмайды. Ажалмен арпалысып жатқан адам, бұл

азаптан ыңырсу арқылы дем алғысы келеді немесе көмекке шақырғысы келеді, бірақ оған да күші жетпейді. Егер ол адамда аздаған күш қалар болса, онда олар жан тәннен шыққан кезде жеңіл қырыл болып шығады.

Ендігі жерде адамның тамағынан тамақты шайғандай жеңіл қырылдан басқа ешнәрсе естілмейді. Адамның денесінің түсі өзгереді, ал аузынан көбік аға бастайды. Денесі өзі жаратылған жердің түсі тәріздес болып кетеді, яғни беті топыраққа ұқсап кетеді. Енді адамның іш құрлысын қамтыған өлімнің азабы жүзіне шығады. Көздері шарасынан шығардай болып тұрады, еріндері салбырап, тілі тартылып, саусақтарының ұштары көгеріп кетеді.

Ішегі тартылып қалған адамның жағдайы қандай болады? Ешкім білмейді. Егер тіпті адамның бір ғана ішегі тартылар болса, бұл ауруға шыдау мүмкін болмай қалады. Ал ажалмен арпалыс кезінде жан да тартылып кетеді. Ол ауру мен азап, қайғыны бастан кешеді. Ол тек бір ғана ішектен емес, барлық ішектен шығарылады, содан соң бүкіл дене жайлап жансыздана бастайды. Жансыздану аяқтан басталады. Осыдан соң белге өтеді. Ең басты ажалмен арпалыстан соң әрбір мүшенің арпалысы болады. Азап пен қиналыс басталады. Бұл процесс қиналу мен азап діттеген нүктесіне жетпейінше жалғасын табады. Осы сәттен бастап адам дүниемен байлансын тоқтатады. Осыдан соң оған тәубе есігі де жабылады. Оны өкініш, намыс пен уайым толықтай билейді. Алайда кеш болады.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің бір хадисінде былай деген: **«Жан алқымға келгенше пенденің тәубесі қабыл болады».**

Имам Мұжахид (оған Аллаһтың рақымы болсын) *«Ал өмір бойы жамандық жасап, өздеріне өлім келген кезде: “Енді шынайы тәубе қылдым” дегендердің тәубесі қабыл емес. Міне солар үшін күйзелтуші азап әзірледік»* - деген Ниса сүресінің 18 аятын тәпсірлей келе былай деген: *«Яғни, ажал періштесі анық әрі айқын көрінгенше».*

Міне сондықтан да Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаға былай деп жалбарынған: **«Аллаһым! Мұхаммедке ажалдың азабын жеңілдете гөр!»**

Ал адамдар бұл мәселеде Алладан жәрдем сұрамайды, себебі ажал мен өлім аузындағы арпалысты жете танымайды. Бұл олардың надандықтары себепті. Ажал келгенше оны пайғамбарлар мен ізгі жандардың ілім нұры арқылы тануға болады. Осыған орай, ажалға байланысты туындаған сұрақта олар ақиқат бұлақтары болып табылады. Сондықтан да пайғамбарлар мен әулиелер ажал алдында үлкен қорқынышты күйге түседі. Олар соңғы демдерінің қалай шығатынына үнемі алаңдап жүреді.

Иса пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) осыған байланысты былай деген: **«Ей, шәкірттерім! Алладан Өзінің құлының өлімін жеңілдетуін сұраңдар. Себебі менің ажалдан қорықаным соншалық, қорқынышым бір өлімнен басқа өлімге душар етті».**

Бірнеше яһудейлер қабірге қарап бір-біріне былай дескен деседі: «Алладан осы қабірдегі бір адамды одан бір нәрселер сұрауымыз үшін тұрғызуына дұға етейік». Олар Аллаға дұға етеді. Кенет алдыларында сәждеде жатқан бір адамды көреді. Қабірден шыққан бұл адам былай деп сұрайды: «Менен сендерге не керек? Мені ажал құшқалы он жыл өтті. Алайда мен жүрегімнен өкінішті, қайғы мен мұңымды шығара алмадым!»

Мүміндердің анасы Айша (оған Алла разы болсын) былай деген:

**«Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) басынан кешкен өлімнің**

**азабын көрген соң әлдекімнің жаны тәнінен жеңіл шығады деп үміттенбеймін!».**

Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп дұға еткен: **«Я, Аллаһым! Өлім келген сәтте маған жәрдемдес және де оны маған жеңіл ет». Хасан Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өлімнің азабы жайлы былай дегенін жеткізеді: «Ажал алып келетін азап, қылышпен үш жүз мәрте шабылғанмен тең».**

Алла Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ажал мен оның күші жайлы сұраған кезде ол былай деп жауап берді: **«Жеңіл келген ажал жүнге жабысқан ошаған секілді. Ошағанды жүннен алу үшін жүннің қандай да бір бөлігін қоса жұлып алуға тура келеді, өлім де сол секілді».**

Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бір науқасты зиярат етіп, былай деген: **«Ол дәл қазыр не нәрсемен бетпе бет келіп тұрғанын білмеймін. Ажалдың азабынан қиналмаған бір жері де қалмады. Өлімнің азабы оны түгелдей құрсап алған».**

Мәртебелі Әли адамдарды шайқасқа шақырып жатып былай деген: **«Егер сендер шайқаста жан тәсілім етпейтін болсаңдар да, түбінде сендерге ажал келеді. Жаным қолында болған Алламен ант етемін, ажалмен арпалысып жан тапсырғанша, мың мәрте қылышпен шабылып өлгенім жеңіл».**

Ал имам Әузаи (оған Алланың рақымы болсын) былай деген: *«Мен аурудан жан тәсілім еткен адам қайта тірілгенше сол азапты ұмыта алмайтынын естідім».*

Шәддәд бин Әус былай деген: *«Мүмін үшін ажал - дүниедегі және ақыреттегі ең үлкен қауіп пен қорқыныш болып табылады. Себебі шегіне жеткен қорқыныш пен үрей арамен кесіліп өлтірілгеннен де немесе қайшымен қырқылып өлтірілгеннен де, я болмаса тірідей отқа тасталғаннан да қорқынышты. Егер өмірден озған әлдекім тіріліп және адамдарға сырын айтар болса, онда олар өмірдің қызығын сезінуден құр қалар еді әрі тыныш ұйықтай алмайтын еді».*

Зәйд бин Әслам әкесінен мынаны естігенін баяндайды: *«Егер мүмін адамда қолы жетпеген бір дәреже болса, әрі ол амалымен оған жете алмаған болса, онда ол лайық болған дәрежеге қиналып қол жеткізеді, сол секілді оның ажалы да ауыр болады».*

*Егер кәпір адамның жер бетінде жасаған жақсы амалы болса, жақсы амалы үшін сауап есебінде әрі ақы соңында тозаққа кетуі үшін оның ажалы әлдеқайда жеңіл болады».*

Бір адам науқастарға үнемі: «Қандай сезімдесіз?»,- деп сұрақ қоя береді екен. Бірде ол өзі ауырып қалған кезде оған да сол сұрақты қояды. Сонда ол: «Мен үшін аспан айналып, жерге түскендей болып жатыр. Жаным иненің көзінен шығып жатқандай сезіледі» - деп жауап берген екен.

## **11 бөлім: Өлім алдындағы арпалыс - Сақарат Мәут, 2 бөлім**

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Мүмінге кенеттен жеткен ажал - тыныштық, ал күнәһар үшін - қайғының басы».**

Мәқхул мәртебелі Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізеді: **«Егер жан тәсілім еткен жанның бір ғана шашы аспан мен жер иелеріне түсер болса, онда олардың барлығы қайғы мен азаптан өліп кетер еді».**

Себебі әрбір шашта өлім бар. Ажал бір нәрсеге келер болса, сөзсіз ол нәрсе ажалдың себебі болады.

Егер ажалдың ауырлығының бір тамшысы таудың төбесіне түсер болса, жер бетіндегі барлық таулар жоқ болып кетер еді деседі.

Аңызға сәйкес, Ибраһим пайғамбар дүниеден озғанда Ұлы Алла Тағала оның жауабын алдын ала біле тұра, былай деп сұрайды: **«Ей, менің Халилім! Ажалды қалай сездің?»**

Мәртебелі Ибраһим болса: **«Тікен ағашты теріме кіргізіп жатқандай күй кештім. Тікен бұтаны теріме терең кіргізіп, теріммен бірге қайта суырып жатқандай сезіндім»,-** деп жауап береді. Алла Тағала оған былай дейді: **«Негізінде Біз оны саған жеңіл еттік».**

Мұса пайғамбар өмірден озған соң, Жаратушы оған былай дейді: **«Ей, Мұса! Ажалыңды қалай сездің?»** Мұса пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) былай дейді: **«Бейне бір жаным темірге тірідей қақталған торғай секілді күй кештім. Ол азапты тоқтату үшін не өле алмайды, не ұшып кете де алмайды!»**

Және де Мұса пайғамбардың былай дегендігі жетеді: **«Мен жанымды терісін тірідей сылып жатқан қасапшының қолындағы қой секілді сезінемін».**

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өмірден озған кезде оның жанында бір кесе су болған екен. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оған қолын малып, кейін бетін сулаған. Сол мезетте ол Аллаға: **«Аллаһым! Ажалды маған жеңіл ет!»,-** деп жалбарынған. Мәртебелі Фатима (оған Алла разы болсын) Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қиналғанын көріп: **«Әкешім! Не деген азап бұл?!»,-** дейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын), Фатиманың қиналысын көріп, былай деп жауап береді: **«Қызым! Осы күннен соң әкеңін қиналғанына уайымдамайтын боласың!».**

Омар (оған Алла разы болсын) Қаъб әл Әкбарға былай деген: «Ей, Қаъб! Бізге кішкене ажал жайлы айтып берсең болмай ма?». Ол болса ажал жайлы әңгімесін былай деп бастайды: «Жарайды, мүміндердің әміршісі! Ажал ол тікенді бұтақ секілді. Ол бұтақ адамның ішіне кіріп, тікендері бір ішекке ілінген күйде қайтадан суырылады. Алайда бұтақ сыртқа шығарылған кезде адамның ішінен барлығын алып шыққандай шұғыл суырылады. Ал қалғаны қалады».

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай деген: **«Негізінде, құдайдың құлы ажалмен арпалысып, барлық күшін сарқиды. Алайда, барлық буындары келер айырылысуға өкініш білдіріп, бір-біріне былай деседі: «Саған сәлемдер мен тағзым етемін! Енді біз бір-бірімізден есеп күніне дейін айрылысамыз».**

Өлімнің мұндай түрі Алланың достарына және ізгілерге тиесілі. Олардың жағдайлары сондай болса, онда біздің халіміз не болмақ? Себебі біз үнемі бойұсынбай, бірбеткейлік танытып, наразылықта жүреміз.

Ажалдың арпалысымен қоса қорқыныш пен қауіптердің қатары да аз емес. Олардың екеуі, айтып кеткеніміздей, - естен тану мен Ажал періштесін көргендегі сәт. Оны көрген кезде барлық қорқыныш атаулы жүрекке шабуыл жасай бастайды. Тіпті ең күшті деген адамдардың өздері күнәһар адамның жанын алған Әзірейілдің келбетіне төтеп бере алмайды.

Ибраһимнің (оған Алланың сәлемі болсын) қиссасына сәйкес ол Өлім періштесінен: «Маған күнәһар адамның жанын алғандағы жүзіңді көрсете аласың ба?»,- деп сұрайды. Сонда Әзірейіл оған былай деп жауап береді: «Жоқ, сен оны көтере алмайсың». Алайда Ибраһим алған бетінен қайтпай тұрып алады: «Жоқ, мен көтеремін»,- дейді. Оған періште: «Олай болса, ары қара»,- дейді. Ол жүзін басқа жаққа қаратады. Бері қарған кезде алдында қап- қара шашты, қара киімде, үстіен шыққан сасық иістің айналасына мұңкіп тұрған адамды көреді. Аузы мен танауынан түтін шығып тұр еді! Осы бейненің алдында Ибраһим есінен танып құлап қалады. Ол өзіне өзі келген кезде періште өз кейпіне де енген болатын. Сонда Ибраһим періштеге былай дейді: «Егер ақымақ адам сенің бұл кейпіңді көретін болса, онда оған ешқандай азап пен аурудың қажеті болмай қалады, осы да жеткілікті болмақ екен».

Әбу Хурайра (оған Алла разы болсын) Алла Елшісінің (оған Алаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізеді:

«Дәуіт пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) өте қызғаншақ адам болған. Үйінен шығарда ол барлық есіктерді ешкім кіре алмайтындай етіп кілттеп шығатын. Бірде әдеттегідей есіктерді кілттеп үйінен шығып кетеді. Осы уақытта оның әйелі үйді айнала бергенде, тұрған бір адамды байқап қалады. Дәуіттің әйелі: «Бұл адамға үйге кіруге кім рұқсат берген? Егер Дәуіт келетін болса, бұл адам сазайын тартады»,- дейді. Сол сәтте кенет, Дәуіт пайда болады да әлгі адамды көреді. Ол оған: «Сен кімсің?»,- дейді. Ол: «Мен - патшалардан қорықпайтын және алдында бөгет болмайтын жаратылыспын»,- дейді. Сонда Дәуіт: «Алламен ант етемін, олай болса сен, өлім періштесің»,- деп сол орнында қатып қалады».

Бірде Иса (оған Алланың сәлемі болсын) қу сүйектің қасынан өтіп бара жатады да, қаңқаны аяғымен теуіп қалып: «Алланың рұқсатымен сөйле!» - дейді. Сонда қу сүйек тілге келіп, былай дейді: «Я, Алланың рухы! Мен - бәлен ғасырдың патшасымын. Бірде мен басымда тәжім бар, тағымда отырған едім. Айналамда менің адамдарым мен әскерлерім бар еді. Мен өзімнің сарайыммен және мемлекетіммен мақтанып жүрген едім. Кенет алдыма бір періште келді. Сол сәтте менің барлық денем өз күшінен айырылып қалды. Мен әлсіреп кеттім. Осыдан соң менің жаным да оған кетті. Достық пен жақындық жалғыздық пен қорқынышқа ауыстырылған қандай өкінішті. Сол күндердегі достықты айырылысу алмастырғаны қандай өкінішті. Бұл ащы да болса кез келген бойұсынбаушы мен өмірінің ақыры дәл осындай болмайды деп сенушілердің ақыры».

Пайғамбарлар ажал келген сәттегі қорқу мен естен тануды ғана айтып кеткен. Олар өлім періштесінің есті шығаратын келбетін айтқан жоқ. Егер адам баласы түсінде өлім періштесінің келбетін көрер болса, оның қалған өмірі астаң- кестең болар еді. Ол дәл қарсы алдына келіп тұрғанда, сол сәтті көтере алады ма екен?

Кім бойұсынған болса өлім періштесі ең жақсы кейіпте келеді. Икрима Абдуллаһ ибн Аббастан (оларға Алла разы болсын) былай деп жеткізеді: «Ибраһим пайғамбар өте қызғаншақ адам болған. Оның құлшылық жасайтын үйі болған екен. Үйінен шығарда есіктерін кілттеп кететін болған. Бірде ол үйіне келген кезде, үйдің ортасында бір адамның тұрғанын көреді. Ол: «Сені үйге кім кіргізді?»,- деп сұрайды. Әлгі адам: «Мені қожайын кіргізді»,- деп жауап береді. Сонда Ибраһим пайғамбар: «Бұл үйдің иесі мен боламын»,- дейді. Оған әлгі адам: «Бұл жерге мені сенің де, менің де Қожайынымыз кіргізді. Расында бұл үйдің иесі Сол»,- дейді. Осындай

жауаптан соң Ибраһим пайғамбар былай деп сұрайды: «Олай болса, сен қандай періштесің?». Ол болса: «Мен – Ажал перішtesімін», - деді. Ибраһим пайғамбар: «Олай болса, мүмін адамның жанын алғандағы кейпіңді көрсетесің бе?», - деп сұрайды. Сонда періште: «Жарайды, ары қара», - дейді. Ибраһим пайғамбар ары қарап, қайтадан алдына қараған кезде алдында жас жігіттің тұрғанын көреді. Ибраһим пайғамбар періштенің әдемілігін, ұқыптылығын көріп, оның әдемі иісін сезеді де оған былай дейді: «Ей, өлім перішtesі! Егер ажалмен арпалыста жатқан мүмін адам одан басқа еш нәрсе көрмеген болса да, ол үшін сенің мына әдемі кейпің ақ жеткілікті болар еді!».

Ухайб былай деген: «Ажал аузында жатқан адамға амалдарын жазатын екі періште келеді. Егер ол адам өмірінде бойұсынған болса, періштелер оған былай дейді: «Алла Тағала сені бақытпен, жақсылықпен жарылқасын! Сен бізді қаншама рет жақсы жиындарға әкеліп отырғыздың, біздің алдымызда қаншама мәрте жақсы амалдар жасадың!». Егер ол адам күнәһар болған болса, екі періште оған былай дейді: «Алла Тағала саған разылығы мен пайдасын бермесін! Қаншама рет сен бізді лас жиындарда отыруға мәжбүрледің, қаншама мәрте жаман сөздерді естуге мәжбүрледің. Алла саған мейірімін танытпасын!».

Бұ жердегі мақсат - ажал аузында жатқан адамның көздерінің соңғы көретіндері осы екі періштеде болады. Осыдан соң оның көзі бұл өмірде ашылмайды. Үшінші қайғы күнәһарлардың ажал алдында жатып тозақтағы өз орындарын көруі болып табылады. Олардың осы сәттегі қорқуларының себебі осы. Олар ажалмен арпалысып жатқан кезде ешқандай күштері қалмайды. Олар жандарын тапсыру үшін, еріксіз беріледі. Алайда олар өлім перішtesінің айқайын естімейінше, жандары алынбайынша өлмейді. Періштенің айқайымен бірге екі хабар келеді. Бұл қайғылы, қара хабар: «Ей, Алланың дұшпаны, мен саған тозақты мекендеушілерден болатының жайлы хабар беремін!» немесе «Ей, Алланың сүйікті құлы! Мен саған жәннат тұрғынынан болатының жайлы қуанышты хабар әкелдім!». Себебі Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

**«Сендердің ешқайсыларың баратын жері қай жер болатынынан хабарсыз күйде бұл өмірден өтпейді, тозақтағы я жәннаттағы орны көрсетілмейінше жан тапсырмайды».**

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Алламен кездесуді қалаған адаммен Алла Тағала да кездесуді қалайды. Алламен жүздесу ұнамайтын адамды қасында алуға Алла Тағала да ынтық емес». Осыған орай, сахабалар былай айтқан: «Өлім біздердің еш қайсымызға ұнамайды ғой!..». Алланың Пайғамбары (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп жауап береді: «Бұл сендерге белгілі мағынадағы кездесу мен бірігу емес. Мүмін адамға орны көрсетілген сәтте ол Аллаға асығады. Алла да құлын қасына алуға ынтығады».**

Хузайфа бин Йәмәннің Абдулла бин Масғұдқа (оларға Алла разы болсын) былай деп айтқаны жетеді: «Тұрып, қай уақыт болғанын қара!» Ибн Масғұд тұрып, қарап, келген соң: «Қызыл жұлдыз пайда болды», - деді. Осыдан соң Хузайфа былай дейді: «Мені тозақтың жалынына апарушы таңнан Аллаға сиынамын».

Мәруан Әбу Хурайраға (оған Алла разы болсын) келіп былай дейді: «Аллаһым! Оның қайғысын жеңілдет!». Әбу Хурайра болса: «Аллаһым! Әбу Хурайраның қайғысын ұлғайта түс», - деп дұға етеді де, жылай бастайды: «Алламен ант етемін, дүниемен айрылысып бара жатқаным қайғырмаймын. Сендерден кетіп барамын деп те, алаңдамаймын. Алайда мен Раббымнан екі хабар күтудемін. Біреуі – Жәннаттағы орным жайлы хабар болса, екіншісі – тозақтың жалыны туралы хабар. Осы үшін жылаудамын».

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Расында, Алла Тағала құлына разы болар болса, Ол өлім періштесіне былай дейді: «Ей, Өлім періштесі! Бәлен адамға барып, оның жанын маған алып кел, Мен оны тыныштандырып, дем алдырайын. Маған оның жасаған амалдары жеткілікті. Мен оны сынадым әрі оны көргім келген жерлерден үнемі көрдім». Ажал періштесі сол сәтте жер әлеміне бес жүз періштемен бірге түседі. Ажал періштесінен өзге періштелердің әрқайсында раушан гүлі және өзге де гүлдер толы болады. Сонымен қатар, періштелер екі қатар сап түзеп, гүлдерімен, жақсы хабар жеткізу үшін ажалмен арпалысып жатқан мүміннің жанының шығуын күтеді. Ібіліс оларға қарап, өзін-өзі жеп, екі қолын төбесіне қойып, ыңырси бастайды». Осы жерде жеткізуші өзінің әңгімесін ары қарай жалғастырып былай дейді: «Сол кезде Ібілістің әскерлері одан: «Мырзамыз, саған не болды?» - деп сұрайды. Ол өзінің әскерлеріне былай жауап береді: «Сендер мына құлға көрсетіліп жатқан мына салтанатты мақтауларды көрмей тұрсыңдар ма? Егер бұл адам сондай мақтау мен құрметке лайық болған болса сендер қайда жүрдіндер?». Ал әскерлер Ібіліске былай деп жауап береді: «Біз қолымыздан келгенді істеп бақтық. Алайда ол бізден сақтанып, жан-жағынан қорғалған болды».**

Хасан Басри (оған Алланың рақымы болсын) былай деген: «Мүмін үшін Алламен кездесу тыныштық болып табылады. Алламен кездесуден тыныштық табатын адамға ажалы жеткен күн - бақытты және қуанышты, құрмет пен мадақ әрі үміт күні болады».

Ажал аузында жатқан Жәбир бин Зәйдке былай деп сұрақ қояды: «Арманың не? Жаның бір нәрсені қалай ма?». Ол болса былай деп жауап қатты: «Хасан Басриды бір рет көрсем». Хасан Басри келген кезде оған: «Міне, Хасан Басри сенің жаныңда тұр», - дейді. Сол кезде жан тапсырушы көзін оған қадап былай деді: «Ей, бауырларым! Мен міне-міне сендермен қош айтыспақпын. Алламен ант етемін, бұл айрылысу мені не тура тозақтың отына, не Алланың мейірімі болған Жәннатқа апарады».

Мұхаммад бин Уәси жан тапсырар алдында былай деген: «Егер мен Алланың мейірімі мен кешіріміне лайық болмасам, менің барар жерім тозақ болады».

Ал кейбір адамдар тіпті мына нәрсені қалап: «Есепке тартылу үшін қайта тірілмесек екен», - деп кеткен. Соңғы демнің қорқыныштылығы арифтердің қорқынышты, үрейлі түстей болған. Олар үнемі сондай халде жан тапсырудан қатты қорқатын, өйткені бұл - үлкен бақытсыздық...

## **12 бөлім: Өлім алдында жатқан адамға айтылуы тиіс сөздер**

Ажал алдында жатқан адам кәлима-шахадаттың сөздерін айтуы керек. Оның қасында отырған адамдардың да кәлима сөздерін баяу дауыспен айтып, есіне салып отырғандары дұрыс болады. Адам ол сөздерді шын көңілімен айтып, Алла Тағала жайында жақсы ойда болуы керек.

Бұл жағдайға қалай жету керектігін мына хадистен білеміз

Алланың Елшісі, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, айтқан: **«Үш жағдайда хәл үстінде жатқан адамнан алыстамаңдар: маңдайын тер басқан кезде, көзінен жас аққан кезде**

**немесе еріндері кебе бастаған кезде. Бұл үшеуі де Алланың құлына танытқан мейірімінің белгісі. Бұл - Алланың оған деген жіберген Мейірімі. Алайда адамның дауысы қылқынған секілді қырылдап, оның жүзі қызарып, немесе бозарып, ал еріндерінен дақ байқалса, ол Алланың оған түскен азабының белгісі».**

Куәлік сөздерін айту мәселесіне келер болсақ, ол дегеніміз өлім алдында жатқан адамға деген жақсылықтың нышаны болып табылады. Әбу Саид Худри, оған Алла разы болсын, айтқан: «Пайғамбар, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, айтатын: **«Өлім аузында жатқан адамдарға «Лә иләһа иллалла» сөзін айтқызыңдар».**

Хузайфадан (оған Алла разы болсын) мына хадис келеді: «Таухид сөздері алдыңғы жасалған күнәларды өшіреді». Ардақты Усман (оған Алла разы болсын) айтқан, Пайғамбарымыз, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын: **«Лә иләһа илляллаһ»** сөздерінің мағынасын шынайы түсініп, айтқан адам Жұмаққа кіреді».

Әбу Хурайра (оған Алла разы болсын), Пайғамбарымыздың, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, былай айтқанын естігені жайлы жеткізеді: **«Өлім алдында жатқан адамға Ажал періштесі келіп, оның жүрегіне назар салады, алайда оның жүрегінен еш нәрсе көре алмайды. Осыдан соң, ол адамның жақтарын ашып, тілінің таңдайына жабысып қалып, «Лә иләһа илляллаһх» сөздерін айтып жатқанын көреді. Осы шынайы тәубенің арқасында оның күнәлары кешіріледі».**

Өлім алдындағы адамға насихат айтушыға бір маңызды жағдайды жақсылап біліп алу керек – жан тәсілім еткелі жатқан адамға Кәлима сөздерін мәжбүрлеп айтқызуға болмайды. Бұны керісінше, жұмсақ және әсем сөздер арқылы іске асыру керек. Оның үстіне ауыру адамның тілі сөзге келмей, оны орындау қиынға соғады. Сол кезде адам қиналып, уайымдай бастайды. Ал бұл, Алла сақтасын, адамның қайтуын жаман етіп жіберуі мүмкін. Сондықтан бұндай насихатты адамға ең көркем түрде жасау керек, өйткені насихаттың мән-мағынасы мынада: кәлима сөздерін айта келе, адам өз жүрегінде Алладан басқа еш нәрсенің жоқ екендігін көрсетеді.

Егерде өлім аузындағы адамның Алладан басқа қалауы да, мақсаты да жоқ болса, онда ол нығымет пен мейірімге бөленген бойда Сүйіктісімен қауышуға аттанады. Ал егер адамның жүрегі дүниемен толып, дүние нығыметтеріне тартып тұрған болса, егер ол бұл өмірмен хош айтысқанына, бұл өмірдің нығыметтерінен қол үзгеніне өкініп жатқан болса, онда кәлима сөздері тек бос дыбыс болып қала береді де, олардың ақиқаттылығы жүрегімен не жанымен расталмайды. Бұндай адамның жағдайын Алла Тағала Өз қалауына қарай шешеді, себебі жүректің қолдауынсыз жалғыз тілдің айтқаны қабыл болмайды әрі бұл мақұлдауға жатарлық іс болып саналмайды. Алланың құлын бұл жағдайда Раббысының мейірімі мен рақымы ғана құтқара алады.

Өлім аузында жатқан адам жайында жақсы сөздер айту, ол жайында жақсы пікірде болу – көркем амалдардан болады. Ол жайында біз «Үміт кітабында» айтқан болатынбыз. Оның үстіне адамның Алға деген үмітін жақсылыққа бағыттау (Хусну зан) жайында бізге көптеген хабарламалар жеткен. Солардың бір-екеуін мысал ретінде назарларыңызға ұсынамыз.

Уасилә бин Аска бір науқас адамға келіп: «Сенің Алла жайында пікірің қандай?» - деп сұрайды. Науқас адам: «Менің күнәларым мені жан-жағымнан баурап алды. Қазір мен тақ жардың үстінде тұрмын. Алайда, мен Раббымның маған деген рақымынан үмітімді үзбеймін» - деп жауап береді. Бұл жауапты естіген Уасиля бин Аска тәкбір айтып: «Аллаху Акбар!» - деген кезде, науқастың отбасы онымен бірге қосыла тәкбір айтады. Сонда Уәсиля



Пайғамбарымыздан, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, мына хадисті естігенін айтады: «Менің құлым Мен туралы қандай ойда болса, Мен сондай боламын. Құлым Мен туралы қалай қаласа солай пікір құрастырсын».

Пайғамбарымыз, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, өлім үстінде жатқан жігітке келіп: «Қал-жағдайың қалай?» деп сұрайды. Жігіт болса: «Мен Аллаға үміт артуымды тоқтатпадым. Алайда мен күнәларымнан қорқамын да, мені үрей басып кетеді» - деп айтады. Бұған, Пайғамбарымыз, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, былай дейді: «Бұндай қиын сәтте адамның жүрегінде осы екі сезімнің бірге болмағаны дұрыс емес. Егер, жан тәсілім сәтінде адамның бойында осы екі сезім пайда болса (үрей мен үміт), Алла оған үміт еткенін береді де, қорыққанынан сақтайды».

Сәбит Бунани былай айтқан: «Бір бұзақы бала болған екен. Оның анасы оған ылғи да насихат етіп: «Бір күні сен де өлесің. Сол күнінді есіңнен шығармай, міндетті түрде оған дайын бол» - деп айтып жүреді. Ақыры, сол күн де келіп жетті. Ұлы жан тапсырар алдында қиналып жатқанында, анасы оны қапсыра құшақтап: «Балапаным менің! Осы сәт туралы мен саған ылғи айтушы едім, әрі саған: «Балам! Өлім саған да келеді!» - деп ескертуші едім» - дейді. Осы кезде, ұлы анасына басын бұрып: «Анашым! Менің Раббымның мейірімі шексіз! Менің жасаған кейбір ізгі амалдарымның арқасында Аллахым мені құрбан етпес деп үміттенемін» - дейді. Сәбит Бунани жалғастыртады: «Байқұс бала Раббысының мейірімінен үмітін үзбестен жан тапсырды. Алла оны Мейіріміне бөлесін»

Жабир бин Уадаа айтады: «Бір жас, өмірлік тәжірибесі жоқ жігіт болады. Бірде ол қатал дертке шалдығып, төсек тартып қалады. Ол өмірмен хош айтысып жатқан еді. Ал анасы болса баласына былай деп айтып жатқан еді: «Балапаным менің! Сенің маған айтарың, қалдырар өсиетің, не менен сұрарың бар ма?». Жігіт былай жауап береді: «Иә, менің жүзігім. Оның саусағымнан шешілгенінен Алла сақтасын. Себебі ол жерде Алланың зікір етілетін Есімі жазылған. Тым болмаса осыған бола менің раббым маған Мейірімін танытар». Әлгі жігіт жерленген соң, ол бір адамның түсіне кіріп, былай дейді: «Анама хабар беріңіз - мен сол жүзіктің пайдасын көрдім: Раббым мені кешірді».

Бір бәдәуи ауыру жұқтырып алады. Оның қасындағы адамдар оған: «Сен жан тапсырғалы жатырсың!» - дейді. Ол болса: «Өлім мені қайда алып келеді?» - деп сұрайды. Айналасындағылары оған: «Ол сені Аллаға алып келеді» - дейді. Сонда науқас адам оларға: «Тек жақсылығы мен нығыметтерін күткен Қожайынымның алдына барудан мен неге разы болмауым керек?» - деген екен.

Абу Му`тамир бин Сулейман айтады: «Менің әкем ажал аузында жатыр еді. Ол маған: «Му`тамир! Менімен Раббымның жеңілдігі жайында сөйлесші. Мен Раббыммен қауышуды үміт етемін, себебі мен - Раббым жайлы жақсы пікірде болған адаммын, әрі Оған үмітімді артамын. Білім иелері хәл үстінде жатқан адамның қасында отырып, оның дені сау кезінде жасаған жақсы амалдары жайлы әңгіме қозғағанды жөн санаған. Бұл істерімен олар адамның Раббысы туралы жақсы пікірде болып, Оған тәуекел етуін қалайтын еді».

### **13 бөлім: Әзірейілмен кездескен кездегі өкініш. Фактілермен баяндалған оқиғалар**

Бұл жерде біз өлім алдында жатқан адамның жағдайы жайында баяндайтын боламыз: өлімнің белгілері адамның жүзінен қалай байқала бастайтындығын; әсіресе Әзірейіл періште көзіне көрінген кезде, оның өкініш пен қайғы жайында айтқан сөздерін - оларды бізге білім иелері айтып кеткен. Сонымен қатар, біз осындай хәлді бастарынан өткізгендердің кешкен

сезімдерінен көріністер келтіреміз.

Аш`ас бин Асләм былай деген: «Өлім періштесінің кеі көзі болды, оның бірі жүзінде болса, екіншісі желкесінде еді. Ибрахим пайғамбар Әзірейілден: «Иә, Өлім періштесі! Екі адамның өлім уақыты бірдей келіп, бірі күншығыста, ал екіншісі күнбастыса болса не істейсің? Мәсенел бір жерде оба ауыруы тарап, ал екінші жерде қанды майдан болып жатқан болса сен бұл жағдайда не істейсің?» - деп сұрайды. Әзірейіл періште былай жауап береді: «Олардың жандарына: «Уа жандар! Алланың қалауымен маған келіңдер!» деп үн қатамын, сол кезде олар менің қасыма келіп, қолымның екі саусақтарының арасына орнығады. Мен үшін жер беті жалпақ тостаған секілді жатыр, ол жерден нені қаласам соны ала беремін».

Дәуіт пайғамбардың ұлы, ардақты Сүлеймен (алейхуммассалям), Әзірейілге былай деген екен: «Меніңше сен, адамдардың арасында әділдікпен әрекет жасамайсың! Бірінің жанын ала тұра, екінші адамның жанын қалдырып қоясың». Оған Әзірейілдің жауабы былай еді: «Бұл мәселеде менің құзырым сенікінен артық емес. Алайда, менің алдыма есімдер жазылған бірнеше парақ беттерін қояды, мен болсам бол тізімге сай әрекет жасаймын».

Уахб бин Мунаббих айтады: «Бір патша әлемді аздап шарламақ болады. Чтобы одеться, велел принести ему платье. Алайда, оған алып келген көйлек ұнамай қалады. Ол екінші көйлекті алып келуге әмір береді, бірақ ол да ұнамайды. Ақырында, бірнеше көйлектерді киіп көріп, ол арасынан біреуін таңдап алады да, оны киеді. Артынан ол көлік алып келуге бұйырады, алайда алып келген тұлпар оған ұнамайды. Сол сияқты, патшаға бірнеше жылқыларды көрсеткеннен соң ғана ол ең әдемі тұлпарды таңдап алады да, оған мінеді. Осы кезде Іблис пайда болып, патшаның танауына үрлеп, тұла бойын тәкаппарлыққа, мақтаншақтық пен менмендікке толтырып қояды. Ақыры патша нөкерлерімен жолға аттанады, бірақ, жан-жағына тәкаппарлана қарап отырады. Осы кезде оның жолын жыртық киім киген, бейшара адам тосып, сәлем береді. Патша оның сәлеміне жауап қайтармайды, сол кезде әлгі адам оның атының тізгінінен ұстап алып, жүргізбей қояды. Патша ашуланып: «Менің жолымды бөгейтіндей сен кімсің! Кет жолымнан! Тұр былай!» - деп айқай салады. Әлгі адам ат тізгінен жіберместен: «Менің саған бір шұғыл шаруам бар. Ол сен үшін өте маңызды!» - дейді. Патша: «Олай болса мен аттан түсейін» - дейді, бірақ әлгі адам: «Жоқ, мен шаруамды сен аттан түспей тұрғаныңда бітіруім керек» - дейді де, тізгінді жібермей қояды. Патша оған: «Олай болса шаруаңды айта бер» дейді. Адам: «Жария айтпаймын, ол – құпия»- дейді. Сол кезде патша оған еңкейіп, ал адам оның құлағына былай сыбырлайды: «Мен – Өлім періштесімін!». Патшаның беті бозарып, тілі бұратылып, көздерінен жас аға бастайды. Ол Өлім періштесіне: «Меенің балаларыма қайтуыма рұқсат берші, мен шаруаларымды бітіріп, олармен хош айтысайын» - деп жалынады. Өлім періштесі: «Жоқ! Болмайды! Алланың атымен ант етемін – сен бұдан былай от басыңды да, байлығыңды да көрмейсің. Сен ғасырлар бойы олардан қол үзесің» - дейді де, оның жанын суырып алады. Патшаның жансыз денесі жерге құлап түседі де, Өлім періштесі жолымен кете береді.

Дәл солай ол мүмінді – Алланың бойсұнған құлын кездестіреді. Әзірейіл оған сәлем береді, ол оған жауап қайтарады. Өлім періштесі оған: «Мен саған бір шаруа жайлы айтуым керек, тек мен оны сенің құлағыңа айтқым келіп тұр» - дейді, де, мүміннің құлағына: «Мен – Өлім періштесімін!» - дейді. Мүмін адам айтады: «Қош келдің! Сен қуаныш алып келдің! Тек сәл кешігіңкіреп қалдың. Алламен ант етемін, кешіккеніңе қарамастан мен сенің ертерек келетіңіңе үміт артып жүрдім. Осы кездесер сәтті сағына күтіп жүрдім». Өлім періштесі оған: «Барып, қандай қажеттілікпен шықсаң, соны өтеп кел!» - дейді, сол кезде мүмін адам оған: «Алламен ант етемін! Мен үшін Раббыммен қауышудан артық еш қандай қажеттілік жоқ!» - дейді. Періште оған: «Олай болса мен саған таңдау беремін: жаныңды қандай хәлде алайын?». Мүмін оған былай дейді: «Жақсы, бірақ сен бұл нәрсеге құзырлысың ба?». Өлім періштесі: «Иә,

маған сондай бұйрық келді». Мүмін айтады: «Олай болса, мен алдымен дәрет алып, намазға тұрайын, ал сен менің жанымды сәждеде жатқан кезімде ал». Сөйтіп, Өлім періштесі мүміннің жанын сәждеде жатқан жерінен алып кетеді.

Әбу Бакр бин Абдулла Музани айтады: «Исраил ұрпақтарынан болған бір адам байлық жинапты. Өлім алдында жатып, ол балаларына: «Маған менің байлықтарымды көрсетіңдер» - дейді. Балалары оған оның жылқыларын, түйелерін, құлдарын, тағы да басқа дүниесін көрсете бастайды. Әлгі адам дүниесін қимай, жылап жібереді де, өліп періштесі оны осы күйінде көреді: «Сен неге жылай бересің? Саған осының барлығын нәсіп еткен Алланың атымен айтамын - жаныңды тәніңнен ажыратпайынша үйіңнен кетпеймін!». Адам оған: «Олай болса маған мерзім бер, мен байлығымның барлығын таратып жіберейін». Періште оған айтады: «Саған енді мерзім жоқ. Бұл амалды өлімің келмей тұрып жасауға мүмкіндігің болды емес пе?». Сөйтіп, періште адамның жанын алып кетеді».

Мынандай аңыз келеді: бір адам өмір бойы дүние жинаумен болыпты. Әлемдегі бар байлықты жинап, зәулім сарай салып, мықты қақпамен оны жауып, күзетшілерін қойып қойыпты. Осынан кейін туыстарын, отбасын жинап, оларға тағам бергізіпті. Өзінің орындығына жайғасып отырып, аяғын аяғына лақтырып, өз-өзіне былай дейді: «Ей нәпсім! Мен саған жетерліктей дүние жинап қойдым». Осы сөздерді айта салғаны сол-ақ екен, жыртқы киім киген, иығына кейедлердің асынып жүретін дорбасын арқалаған Әзірейіл періште пайда болады. Ол қақпаны қатты қаққаны соншалық, үй ішіндегілердің зәрелері ұшып кетеді. Адам болса, орындығында жайғасып отыра бергенімен, ол да қатты қорқып кетеді. Қызметшілер қақпаға барып, кедейден; «Саған не керек!» деп сұрайды. Кедей болса: Маған қожайындарыңды шақырыңдар» - дейді. Қызметшілер: «Біздің қожайынымыздай адам саған, қарапайым адамға шығады ма?» - дейді. Ол: «Шығады» дейді. Қызметшілер қожайынына болғанды баяндап берген кезде ол ашуланып: «Оны неге қуып жібермедіңдер!» - деп айқайлай бастайды. Сол кезде Өлім періштесі қақпаны екінші рет, одан да қатты қағады. Бұл жолы қақпаға күзетшіре мен басқа жұмыскерлер жиналады, ал адам кейіпіндегі Өлім періштесі оларға: «Менің Өлім періштесі екенімді хабарлаңдар» - дейді. Бұл сөздерді естігендердің барлықтарының қорқыныштан жүректерін мұз басып қоя берді. Енді олардың қожайндары ағарып-бозарып, үрейге басты. Ол бір қызметшісін жұмсап: «Бар да, менің жанымның орнына басқа қызметшінің жанын алар ма екен, сұрап кел» - дейді. Алайда періште ішке кіріп, оған: «Дүниеңді не істесең соны істе, ал мен сенің жаныңды алмай кетпеймін» - деді. Адам: «Менің байлықтарымда алып келіңдер» - мдеп бұйырады. Бүкіл байлығы алдына ұсынылған кезде, ол: «Сен сияқты дүниеге Алланың лағынеті болсын! Алланың қарғысы тисін! Сен ылғи да мені Аллаға құлшылық етуден тостың. Сен ылғи мені мен менің Раббымның ортасында тұрдың!». Осы кезде Алла оның дүниесіне тіл беріп, ол былай деп сөз қатты: «Сен неге мені балағаттай бересің? Біле-білсең, менің арқамда сен патшалпр мен мемлекет басшыларымен жақсы қарым-қатынаста болдың. Ал ізгілер мен тақуа адамдарға ол мүмкін емес еді. Менің арқамда сен қалаған әйелмен уақыт өткізуші едің, мемлекет басындағылармен бірге болған едің. Сен мені жаратып, жаман жолда ысырап еттің, ал мен болсам сенен қашпадым. Егерде сен мені Алланың жолына жаратқан болсаң, мен де саған пайдалы болар едім. Мен де, адам да топырақтан жаралғанбыз. Сол себепті бір адамдар ізгілік жолында жан тапсырып жатса, екіншілері зұлымдықтың соңында өліп жатады». Өлім періштесі оның жанын алып кетті де, оның денесі сол отырған жерінде құлап қалды».

Уахб бин Мунаббих айтатын: «Өлім періштесі бір зұлым патшаның жанын алды. Жер бетінде оған тең келетін зұлым жоқ еді. Өлім періштесі көкке көтерілген кезде, басқа періштелер одан: «Жандарын алғандардың арасынан кімді көбірек аядың?» - деп сұрайды. Ол былай жауап берді: «Маған шөл далада бір әйелдің жанын алуға бұйрық келді. Мен ол әйелге барғанымда, ол жаңадан нәресте босанған екен. Мен ол әйелдің жападан жалғыз екендігін,

нәрестенің жалғыз қалғандығын қатты аяп кеттім. Ол әйелге де, нәрестеге де көңілім күйзеленді, себебі олар шөл далада еді. Анасы өлсе, нәрестенің оған қарап, бағатын ешкімі қалмас еді». Сол кезде сұрақ қойған періштелер айдаты: «Ондеше, әлгі шөл далада жападан жалғыз қалған нәресте, әлемде теңдесі жоқ, сен қазір ғана жанын алған зұлым патшаның өзі». Әзірейіл таң қалып: «Иә, қалаған құлына жұмсақтық танытып, жақсылық беретін Раббым!.. Ол кемшіліктерден пәк, әрі таза!»

Шағбан айының ортасы келшенде, Өлім періштесіне түнде бір парақ түсіріледі де: «Саған берілген парақта осы жыл бойы жандарын алатын адамдардың тізімі жазылған» - делінеді.

Ата бин Йасар айтады: «адамның есімі осы жыл ішінде өлетін адамдардың тізімінде жазылып тұрады, алайда ол оны білмейді. Сондықтан да ол терек отырғызады, үйленеді, үй салады. Бірақ өлім келеді де, оны алып кетеді».

Хасан Басри айтады: «Күн сайын Әзірейіл періште барлық үйлерді үш мәрте аралап шығады. Қай үйде әлдебір адамның ризығының таусылғанын көрсе, оның жанын алып кетеді. Марқұмның туыстары мен отбасы жылап, жоқтап отырған кезде, ол босағадан бұрылып, айтады: «Алланың атымен ант етемін! Мен оның ризығын жегенім жоқ, оның өмірін сүрген жоқпын, өлім сәтін белгілеген жоқпын. Бірақ, уақыттарың келгенше, мен сендерге келіп тұрамын, барлығыңда алмайынша келуімді тоқтатпаймын».

Хасан Басри айтады: «Алланың атымен ант етемін! Егер жоқтап отырған адамдар Өлім періштесінің дәрежесін көріп, білгенде, оның дауысн естігенде еді, олар марқұмды жайына қалдырып, өздеріне жоқтау айтар еді».

Иәзид Раккаши айтқан: «Исраил ұрпақтарынан болған бір зұлым тағында, отбасының ортасында отырған еді. Бірақ... Үйге біреу кіріп келді. Ашуланып, ол: «Сен кімсің? Сені үйіме кім кіргізді!» - деп айқай салады. Кірген адам: «Мені үйге қожайыны кіргізді. Маған келер болсақ, мен үшін еш қандай тосқауыл жоқ, еш қандай құлып менің жолымды жаба алмайды. Мен тіпті патшалар мен мемлекет басшыларына кіре беремін әрі олардың рұқсаттарын керек етпеймін. Мен өздерінің күштілігі, күші мен кереметтілігіне сеніп, қарсыласатындардан қорықпаймын. Еш қандай зұлым патша менің жолымды тоса алмайды, менен құтыла алмайды. Тіпті ең қорқынышты шайтан да менен құтыла алмайды!». Иәзид Раккаши әңгімесін былай жалғастырды: «Әлгі дәрекі, зұлым адам Өлім періштесінің қолында дірілдеп, бетімен қарай сұлай құлады да, басын көтеріп: «Сен - Өлім періштесің бе?». Періште: «Иә, бұл менмін» деді. Әлгі зұлым, ақымақ адам: «Маған бір аз уақыт бере аласыңба? Мен берген уәделерім мен міндеттерімді орындап алайын». Алайда Өлім періштесі оған былай деді: «Сенің мерзімің бітті. Соңғы сәттерің ғана қалды. Оның үстіне, сенің уақытыңды созатында мен еш себеп көріп тұрған жоқпын!». Зұлым адам: «Олай болса мені қайда жібересің?». Періште: «Жасаған амалдарыңды жұмсаған жағыңа» деді де: «Мен сені өзің салып, өзің үшін дайындап қойған үйіңе апарамын». Өған адам былай тіл қатты: «Мен ізгі амалдар жасамадым. Мен өзім үшін ол жақта жақсы үй сала алмадым». Сонда періште оған: «Олай болса мен сені жалындап жанып, миды қайнататын тозаққа апарамын. Оны суреттеу мүмкін емес!». Осыны айтып, Өлім періштесі оның жанын суырып алды да, адам отбасының көзінше құлап түсті. Жан-жағындағылары жылап қала берді. Иәзид Раккаши айтады: «Егерде марқұмды жоқтайтындар, өздерінің ақыры жайында білген болса, жоқтаулары басқаша болар еді».

Хайсама, Амеш Хайсамада естігенен былай жеткізеді: «Өлім періштесі Дәуіт пайғамбардың баласы Сүлеймену пайғамбарға келеді. Ол пайғамбардың мәжілісінде отырған бір адамға мұқият қарап тұрады да, сыртқа шығы кетеді. Бұл назарды сезіп, көрген әлгі адам мазасызданып, Сүлеймен пайғамбардан: «Ана кісі кім?» - деп сұрайды. Оның Өлім періштесі

екенін естіген кезде, әлгі адам: «Ол маған көзін алмай қарағаны соншалық, мені іздеп жүрген сияқты болып көрінді» - дейді. Сүлеймен пайғамбар оған: «Олай болса, менің саған қандай жәрдемім бола алады?» - деді. Әлді адам айтады: «Мені одан құтқарғаныңды қалаймын. Желге бұйрық бер, - мені Индияның ең алыс түкпіріне апарып тастасын». Сүлеймен пайғамбар желге бұйырып, ол оның әмірін орындайды. Жел ол кісіні ұшырып алып кеткен соң, Өлім періштесі Сүлеймен пайғамбарға қайта келеді. Сүлеймен одан: «Менің мәжілісімде отырған бір адамға көз алмай қараған екенсің. Не үшін?». Өлім періштесі айтады: «Иә, маған ол адамның жанын дереу алу бұйырылды, ал жанын Индияның бір алыс түбінде алуым керек еді. Ал мен болсам, ол адамды сенің маңыңнан таптым. Сол себепті мен абыржып қалған едім» - деген екен.

## **14 бөлім: Қабір азабы және оның ауырлығы. Жерлеу рәсіміне қатысу ережелері**

### **Қабір азабы және оның ауырлығы**

Жерлеу рәсімі ақыл иелері үшін насихат екендігін басып айтқан жөн. Егер жерлеу рәсіміне терең үңілер болсақ, одан ескерту мен өз өмірін бейғамдықпен өткізіп жүрген жандардың насихат алларына болады. Алайда, расыменде, жерлеу рәсімін көрген надан жандардың жүректері одан бетер қатайып кетеді. Олар бұған сырт көзбен қарайды да, өздерін де жерлейтін күннің жететіні жайлы мүлде ойламайды. Өздері жаңа ғана қабірге қойған жан да дәл солар секілді ойланған болуы да мүмкін. Ажал, аяқ астынан келеді де барлық өмірлік жоспарларын жоқ етеді.

Бәлкім, басқаларының иығына салынып, қабірге қойылатындардың бірі өзі де болуы әбден мүмкін. Сол себепті де адам баласы сол сәт бүгін я ертең, болмаса арғы күні туып қалар деген ойда болуы тиіс. Мысалы, Әбу Хурайра (оған Алла разы болсын) қайтыс болған адамды көрген кезінде былай дейтін болған: «Оны әкетіңдер! Оның ізінен біз де барамыз!».

Мақхул, мәйітті алып бара жатқанын көрген кезде былай деген: «Осы таңда оны алып бара жатырсыңдар, кешке жақын біз де оның артынан ілесеміз. Расында, бұл сабақ аларлық анық көрініс. Алысты көре білу керек. Басқа жақтан келгендер ерте кетеді, ал олардың бұл жағдайдан сабақ алуға ақылдары жетпейді».

Усайд бин Худайр (оған Алла разы болсын) былай деген: «Қандай да бір жерлеу рәсімінде болмайын, мәйіттің одан арғы жағдайы қалай болады және қай жерге барады деген ойда боламын. Тек осы жайлы ойланамын».

Мәлік бин Динардың ағасы өмірден озған кезде, Мәліктің көзі жасқа толып, ағасының денесіне жақындап былай дейді: «Алламен ант етемін. Менің көз жасым, сенің қайда баратыныңды білмейінше тоқтамайды. Алайда мен тірі тұрғанда оны білуім мүмкін емес».

Ал Әмеш болса былай деген: «Біз жерлеу рәсімінде едік. Рәсімге келген жақындары, туыстары мұңайып тұрған еді, біз олардың қайсысын жұбатарымызды білмедік». Сәбит Бунани былай дейді: «Біз бірнеше жерлеу рәсімінде болдық әрі әр адамның жүзін басып, жылағандарын көрдік».

Міне, ол адамдар осыншалықты дәрежеде өлімнен қорыққан. Ал біздің күнімізде, жерлеу рәсіміне келгендердің басым бөлігі көңіл көтеріп, күліп жүреді. Және де қайтыс болған адамның артына не қалдырғанын сөз етумен уақыттарын өткізеді. Адамның ажалынан соң,

мейлі ол туысы болсын, досы болсын оның денесін қабірге алып бара жатып, адамдар былай деп ойлайды: «Артында қалған дүниенің қаншасын бізге бөліп берер екен, я болмаса дүниесінің жартысын қалай алуға болады екен?». Олар сондай оймен әуре болып, әр түрлі жолдарын қарастырып, жоспар құрып әуре болады. Жерлеуге қатысқандардың ешбірі өзі жайлы мүлде ойламайды және де: «менің жағдайым қалай болар екен?» деген сұрақты өзіне қоймайды. Ішінде Жаратушының разылығын іздегендерінен басқаларының мұнымен ісі болмайды. Адамның ойына бір кезде өзін де дәл осылай жер қойнына жіберетіні жайлы ой келмейді. Негізінде осындай қырағылықтың жоқтығының бір ғана себебі бар. Ол – жан дүниенің қарайып, тот басуы. Себебі адамдар үнемі күнә жасайды әрі үнемі разы болмай жүреді. Біз – Алла бізді кешірсін! – тіпті Ол жайлы және Ақырет жайлы мүлде ұмыттық. Сол күні көз алдымызға келтірілетін өзіміздің сүрген өміріміз үшін өзімізді есепке де алмаймыз. Шындығын айтқанда, біздің күніміз бен біздің өміріміз бүлікке толы әрі біз де әр кезде де надандық пен бейғамдықта жүреміз. Біз өзімізге қатысы жоқ істермен шұғылданамыз. Біздің күнімізде қайтыс болған адамға жылау салт болып қалыптасқан. Алайда егер адамдар ақиқатты білер болса, өлген адамға емес, өздерінің халдеріне қарап жылайтын еді.

Ибрахим Зейнат бірде қайтыс болған адамға жандары ашып жылап тұрған бір топ адамды көреді. Ол оларға былай дейді: «Әттеген – ай, сендер өздерің үшін жылғандарыңда еді, сендер үшін сол хайырлы болар еді. Себебі өлген адам, былайша айтқанда, Ажал періштесін көру қиындығынан, ажалдың азабынан соңғы демі шыққан кезде құтылды».

Әбу Әмр былай дейді: «Мен Жәрирді зиярат етіп келгенімде ол өзінің хатшысына бір өлең жолдарын жаздырып жатыр еді. Осы сәтте жанымыздан бір мәйітті қабірге алып бара жатқанын көрген ол, орнынан тұрып былай деді: «Алламен ант етемін! Бұл көрініс менің күшімді жоқ етіп, омыртқамды сындырды әрі мені қартайтты. Осыдан соң ол мына өлеңді оқыды:

*«Қорқыныш күшті түгетеді,  
Мәйітті бір сәт көргенде  
Ол бізден қайда кетеді,  
Біз қаламыз өмірде.  
Бір топ жануар секілді,  
Қасқырдан қашқан бытырап.  
Көгалға қайта жайыламыз,  
Қасқырмен үрей кеткенде».*

## **Жерлеу рәсіміне қатысу ережелері**

Жерлеуге қатысқан адам ол оқиғадан өзіне сабақ алуы керек. Жерлеу рәсіміне бара жатқан кезде өлімге даяр болған түрде батыл қадаммен бару керек. Өмірден озған адам жайлы жақсы ойда болған абзал, тіпті ол адам күнәһар болған болса да. Тіпті ол адам жақсы өмір сүрген болса да, нәпсісі үшін бейғам болмауы тиіс. Себебі соңғы дем өте ауыр. Бізге ол адамның қалай жан тапсырғаны беймәлім.

Мысалы, Омар бин Заррдан жеткендей, оның бір көршісі болған екен. Бір күні әлгі көршісі көз жұмады. Сөйтсе, ол адам ысырапшыл болған екен де, өзіне көп ақшаны ысырап еткен екен. Нәтижесінде көптеген адамдар оның жаназасына қатысудан бас тартады. Алайда Зарр көршісінің жаназасына қатысып, жаназа намазын оқиды. Ақыр соңында, әйтеуір ол адамды жер қойнауына тапсырады. Сол кезде ол қабірдің басында тұрып әлгі адамға былай дейді: «Ей, бәленшенің әкесі! Алла Тағала саған рақым етсін! Сен ғұмырыңды Жалғыз Жаратушыға сенумен өткіздің! Жүзің үнемі жайнамаз бен жерде болды. Сен жайлы күнәһар деп айтылса да,

біздің арамызда қателік жасамаған әрі күнә істемеген адам жоқ па екен?».

Бір адам өмірінде көп күнә жасап, күнәға белшеден батқан екен. Бірде ол адам Басраның бір жерінде қайтыс болады. Әйелі денесін көтерісуге жәрдем беретін адам іздейді, алайда таппайды. Себебі ол адам күнәһар әрі ысырапшыл еді. Көршілерінің ешқайсысы ол адамның қандай халде көз жұмғанын білмейтін. Осындай жағдайда қалған әйелі ақшаға адам жалдап, күйеуінің денесін намаз оқылатын жерге жеткіздіреді. Алайда ешкім оған жаназа намазын оқығылары келмейді. Әйел болса, күйеуінің денесін шөл далаға жерлеуді шешеді. Алайда жақын маңда орналасқан тауда Алладан қорқатын тақуа жанның үйі бар еді. Әлгі әйел сол тақуа адамның келетінін сезгендей күтіп отыра береді. Ақыры әлгі адам келіп, мәйітке жаназа намазын оқиды. Осы жағдай бүкіл қалаға тарап, халық тақуа адамның таудан түсіп келіп, әлгі адамның жаназасын оқып жатқанын естіген кезде барлығы сол жаққа асыға жөнеледі. Барлығы әлгі тақуа адамға ілесіп жаназа намазын оқиды. Алайда барлығы таң қалып тұрған еді. Сол кезде әлгі тақуа жан олардың қызығушылықтарын басу үшін былай дейді: «Түсімде маған былай деп бұйрық берілді: «Таудан түскен кезінде жанында тек бір әйел ғана болған мәйітті кездестіресің. Басқа ешкім жоқ. Оның жаназа намазын оқы, себебі Біз оның күнәсін кешірдік». Әлгі адамның осы сөздерінен соң адамдар одан бетер таң қалысады. Олар әйелді шақырып, күйеуінің халі жайлы сұрайды: «Күйеуің қалай өмір сүрді?». Сонда әйел: «Ол сендер білгендей еді. Ол таңнан кешке дейін ішімдік ішетін». Сонда тақуа жан әйелге: «Не айтып жатқаныңды жақсылап ойлан. Күйеуің саған бір рет те болса да жақсылық жасады ма? Оның жақсы амал жасап жатқанын көрдің бе?»,- деп сұрайды. Сонда әйел былай деп жауап береді: «Иә, оның үш түрлі жақсы халі және үш түрлі жақсы амалы болған. Әр күні таң ертең есін жиған кезде ол лезде киімін ауыстыратын да, дәрет алып таң намазын жамағатпен оқуға кететін. Ал келгеннен соң әдеттегі жеріне барып, ішетін. Содан соң ол өз үйін үнемі бір-екі жетімнің паналауына беретін. Ата-анасыз қалған балаларға өзінің балаларынан да артық мейірімділік танытатын. Ол үйсіз әрі жетімдерге қатты алаңдайтын. Ол оларды іздеп жүріп тауып алатын да жедел түрде жәрдем беретін. Және де түн ішінде есін жиған кезде ол жылап, Жаратушыға былай деп жалбарынатын: «Жаратқан Ием! Тозақтың қай тұңғиығын менімен толтырмақшысың?». Мұны естіген тақуа жанның күмәні сейіліп, әлгі жерден кетіп қалады.

Сыла бин Ушаймның достарының бірі өмірден озған кезде ол қабір басына келіп былай деп өлең оқыған екен:

*«Егер сен қабір азабынан өткен болсаң,  
Үлкен қауіптен өткенің.  
Егер ол қауіптен өтпеген болсаң,  
Онда азаптар сені тосуда».*

## **15 бөлім: Қабірлері және ізгілердің қабір жайлы айтқандары**

### **Қабірлері және ізгілердің қабір жайлы айтқандары**

Даххақ былай дейді: «Бір адам былай деп сұраған екен: «Иә, Алланың Елшісі! Адамдар арасында ең тақуасы қайсысы?».

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын), былай деп жауап береді: «Ол - ақыреттегі өмір жайлы және қабірдегі шіру жайлы еш уақытта ұмытпаған адам. Ол - жалған дүниенің жылтырынан бас тартып, бұл дүниеден гөрі ақыретті тәуір көрген, әрі келер күнді

күн деместен, өзін қабірді мекен еткендерден санаған адам».

Мәртебелі Әлиден (оған Алла разы болсын) үйінің мазарға жақын болуының себебін сұраған кезде ол былай деп жауап береді: «Олар ең тақуа көршілер. Олар шынайы әрі айнымас дос. Себебі олар мен жайлы өсек айтпайды әрі ақыретті есіме салып тұрады».

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Мен қабірдегі ғұмырдан өзге асқан қайғылы жағдайды көрмедім».

Мәртебелі Омар (оған Алла разы болсын) былай деген: «Алла Елшісімен (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бірге қабір басында жүрген едік. Қабірлердің біріне бет алған Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оның бас жағына отырды. Мен де оған жақын отырдым. Ол жылай бастады. Оны көрген мен де жылай бастадым. Қасымызда болған адамдардың барлығы жылады. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бізден былай деп сұрады: «Біз не үшін жылап жатырмыз?». Біз болсақ: «Сенің жылағаныңа қарап, бізде жыладық», - деп жауап бердік. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сонда бізге былай деді: "Бұл Уахбаның қызы, менің анам Әминаның қабірі. Мен Раббымнан оны зиярат етуді сұрадым, Раббым рұқсат еткен соң келдім. Сондай-ақ, Раббымнан анама жарылқау тілейін деп сұрадым, алайда Ол рұқсат етпеді. Баласының анасына деген нәзік сезімі мен уайымы көтеріліп кетті де, мен жылап қалдым».

Мәртебелі Осман бин Аффан (оған Алла разы болсын) қабір басында тұрып сақалын жас жуғанша жылады. Одан жәннат пен тозақ жайлы сөз қозғалғанда жыламай, неге қабір басына келгенде жылайтынын сұраған кезде, ол былай деп жауап берді: «Мен Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естідім:

«Қабірдегі өмір, негізінде, мәңгілік өмірге сапар жолындағы алғашқы мекен. Егер қабір иесі сол мекендегі қауіптерді жеңер болса, алдындағы қауіптері жеңіл болмақ. Егер, алғашқы мекендегі қауіптерден құтыла алмаса, онда арғы халі де ауыр әрі қатал болмақ. Менің көз жасымның себебі осы».

Бірде Амр бин Ас (оған Алла разы болсын) қабірдің жанынан өтіп бар жатып, атынан түсіп, екі ракағат намаз оқиды. Жанындағылар: «Мұның не? Бұрын-соңы сенің бұлай жасағаныңды көрмедік», - деседі. Сонда ол былай деп жауап береді: «Мен Жаратушы мен қабірде жатқан адамның арасын бөлуші зат жайлы ойландым. Сол себепті осы екі ракағат намазбен Раббыма жақындамақшы болдым».

Имам Мужахид былай дейді: «Адаммен алғаш болып оның қабірі тілдеседі. Қожайыны келген кезде қабір оған былай дейді: «Мен – құрт-құмырсқаның мекенімін. Мен – жалғыздықтың шегімін. Мен – қараңғылық әлемімін. Бұларды сен үшін даярладым. Ал, енді, сен маған не даярлап, өзіңмен бірге не алып келдің?».

Әбу Зарр (оған Алла разы болсын) былай деген: «Менің кедейшілікке және бейшара халге түсетін күнім жайлы айтайын ба? Бұл - мені қабірге қойған күн. Себебі мен жалғыз қаламын».

Әбу Дарда (оған Алла разы болсын) ауық-ауық қабірге барып, арасында отыратын болған. Мұның себебін сұраған кезде ол былай деп жауап берген: «Мен барар жерімді есіме салушының қасында отырамын. Орнымнан тұрып, ол жерден кеткен кезде олар менің артымнан өсек айтпайды».

Жағфар бин Мұхаммад түн ішінде ұйқысынан тұрып, қабірге келіп былай дейді: «Сендерді



шақырған кезде неге жауап бермейсіңдер?». Кейін былай деп жалғастырады: «Алламен ант етемін, мені мен жауаптың арасында бөгет бар. Алайда мен де осылар секілді боламын». Осыдан соң ол Құбылаға бет бұрып таң атқанша намаз оқыды.

Омар бин Абдулазиз (оған Алланың рақымы болсын) сұхбатына жиі келуші бір адамға былай дейді: «Ей, бәлен деген адам! Бүгін түнде менің ұйқым қашты. Үнемі қабір жайлы әрі ол жерде жатқандар жайлы ойлай бердім. Егер сен қабірде жақын адамыңды көрер болсаң, өлгеннен соң үш күннен кейін оған жақындағың келмей қалады. Одан алыс болғанды қалайсың. Себебі құрт- құмырсқа өліп жатқан жерде барлығы шіріндіге айналады. Жас тәннің шіруімен бірге және жаман иістің пайда болуымен бірге олар да пайда болады. Ол жер жаман иістердің жұпар иісті алмастыратын орны. Таза киімнің орнына шіріген кербін қалатын жер». Осы оқиғаны айтқан адам былай деді: «Омар бин Абдулазиз осылай деп еңіреп жылап, есінен танып құлап қалды».

Йәзид Раққашаи айтады: «Ей, қабірге жалғыз жерленіп, ол жерде жалғыз жатушы адам! Жер астында амалдарымен жалғыз қалушы адам! Қандай амалыңмен бақытты болатыныңды білгеніңде ғой!».

Осыдан соң ол сәлдесі суланғанша жылады. Кейін былай деп жалғастырды: «Алламен ант етемін, қабірдегі адам өзінің жақсы әрі ізгі амалдарымен бақытқа кенеледі. Алламен ант етемін, ол өзінің тақуалыққа жол сілтеген достарына және де жолдастықта жәрдем бергендерге қызғанышпен қарайды».

Хатами Эсам былай деген: «Егер кімде кім қабір жанынан өтіп бара жатып өзі жайлы ойламаса, және де ол адам қабірдегілерге құрмет ретінде намаз оқымаса, онда ол өзіне және қабірдегілерге сатқындық жасаған болады».

Аланың тақуа құлы Бәкір былай деген: «Анашым! Мені мына дүниеге әкелмегеніңде ғой. Себебі сенің ұлыңа түрме болған қабірде жалғыз жатып, кейін өзге жерге қоныс аудару күтіп тұр».

Йәхя бин Муаз былай деген: «Ей, адам! Рабың сені жәннатқа шақырады. Біріншіден, Раббыңа қайдан, қалай жауап беруді ойла. Егер сен Раббыңа дүние атты терезеден жауап бермек болсаң, онда ол жаққа көшуді осы жерде баста. Сол кезде сен Дарус-Сәләм атты жәннатқа кіресің. Алайда сен Раббыңа қабір атты терезеден қарар болсаң, онда ол жаққа барар жолыңа қабір бөгет болады».

Хасан бин Салих бір мазардың жанынан өтіп бара жатып былай дейді: «Сырт келбетің қандай керемет! Бірақ ішкі әлемің қауіпке, мұңға, қиындыққа толы!»

Ата әс-Суләми қараңғы батқан кезде қабірге баратын. Содан соң қабірге қарап былай дейтін: «Ей, қабірде жатқандар! Барлығың өлгенсіңдер, солай емес пе? Сендер сол жерде жасағандарыңның қарымын алдыңдар. Ал мен ше? Мен бақытсызбын, менің халім мүшкіл!». Осыны баяндаған адам кейін былай деп айтты: «Ата күн сайын қабірге келіп, осы сөздерді қайталай берді. Расында ол қабірде күнде жүретін. Кеш батқаннан таң атқанша».

Суфиян Саури (оған Алла рақым етсін) былай деген: «Қабір жайлы үнемі сөз қозғайтын адам өзінің қабірін жәннаттың бақшасынан табады. Қабір жайлы тіс жармайтын адам өз қабірін тозақың бір шұңқыры деп санайды».

Раби бин Хайсам (оған Алла рақым етсін) үйінің жанына шұңқыр қазып қойған. Жүрегінде қаттылық пен мұң пайда болғанын байқаса, дереу сол жерге барып жатады екен. Сол жерде біраз уақыт жатқаннан соң былай дейтін: «Раббым! Мені жерге қайтар, мені жер әлеміне

қайтар, бос сүріп жатқан өмірдің орнынына жақсы амалдар жасауым үшін қайтар». Шұңқырда жатқан кезде ол бірнеше рет мына аятты оқитын: «Ақыр олардың әрбіріне өлім келген сәтте: “Раббым! Мені дүниеге қайтар! Мүмкін мен қалдырған дүниеде жақсы амал істермін. Әсте олай емес. Рас бұл, оның бір айтқан бос сөзі. Өйткені, олардың артында қайта тірілетін күнге дейін бөгет бар».(«әл-Му` минун», 23/99-100).

Осыдан соң өзіне өзі былай дейтін: «Иә, Раби! Мен сені жерге қайта жібердім. Олай болса, уәдеңде тұр. Жақсы амалдар жаса!»

Ал Маймун бин Махран былай деген: «Омар бин Абдуләзизбен қабірге бардық. Омар бин Абдуләзиз қабірге қарап жылай бастады. Осыдан соң маған бұрылып былай деді: «Ей, Маймун! Бұл қабірде көріп тұрғаныңдай, менің руымнан болған Умайяның ұлы жатыр. Олар бұл дүниеде мүлде болмағандай. Бұлардан сабақ алмайсың ба? Қарашы, қазыр олардың барлығы мына жерде жатып, жасаған амалдарының есебін беріп жатыр. Барлық құрт- құмырсқалар дәл қазыр олардың тәнін жеп жатыр, олардың жан- жағынан қауып пен қорқыныш жаулап алған. Осыдан сабақ алуға болмай ма?», - деп жылап жіберді де әрі қарай былай деп жалғады: «Алламен ант етемін! Қабірге кіргенде Алланың азабынан құтылған және ана өмірге сеніммен әрі иманмен кеткен адамнан асқан бақытты жанды білмеймін».

Сәбит Бунани былай деген: «Мен мазарға кірдім. Ол жерден шыға бергенімде мынандай дауыс естідім: «Ей, Сәбит! Абайла! Қабірдегілердің үнсіздіктері сені адастырмасын. Ол жерде азап пен сынақтан азапталып жатқандар қаншама».

Дәуд Таи (оған Алланың рақымы болсын) қабірдің жанынан өтіп бара жатқанда бір әйелді көреді. Ол әйел жылап былай деп бейіт оқып тұр еді:

*«Қабірге салып, бетіңді жапты  
Өміріңді жоғалттың сен  
Оң қырыңмен жатқызғанда  
Сенсіз өмір дәмін сезе алмадым мен»*

Осыда соң әйел былай деді: «Балам! Құрт- құмырсқалар қай бетіңнен бастап жегенін білер болсам ғой! Бірақ, мен оны біле алмаймын». Осы сөздерді естіген Дәуд Таи жерге ес-түссіз құлап түседі.

Мәлік бин Динар (оған Алланың рақымы болсын) былай дейді: «Бірде мен қабір жанынан өтіп бара жатқан едім, өлең оқығым келіп кетті:

*Мен қабірге келгенде,  
ол жердегілерге бүй дедім:  
«Ұлылар мен құлдар қайда?  
Патшалық пен байлық қайда?  
Өзінің күшіне сенгендер қайда  
Өзін ақтау үшін көсемсігендер қайда?»*

Мәлік бин Динар былай деп жалғастырды: «Осы сәтте қабір арасынан мына дауысты естідім. Айналамда ешкім болмады. Ол былай деді:

*«Барлығы жоқ болды, келген хабар жоқ  
Барлығы өлді, олармен бірге келгендер де.  
Жердің қызы – құрттар,  
Күн- түн демей,*

Әдемі жүздерді жеп түгеуде,  
Өлілердің халін сұраған ей, жолаушы,  
Бұдан неге сабақ алмақ жоқ?»

Мәлік бин Динар былай дейді: «Осыдан соң мен ол жерден жылап қайтым».

### **Қабір құлпытастарындағы өлеңдер**

Бір құлпытаста мына өлең шумақтары жазылған:

*«Қабірден сені біреу шақырса,  
Қабір иелері сені күтіп жатыр,  
Ей, жерден иелік ете алмасын азушы,  
Кім үшін қазудасың? Өлген соң жалаңаш халде осы жерге келесің».*

Ал бірінде былай деп жазылған:

*«Бөтен байлықтың иесі! Қабірің кең секілді, сыртынан жақсы, сенімді көрінеді. Алайда қабірге ішкі әдемілік жетіспейді, ол жерде сенің денең өзгелердеің аяқ астында шіруде».*

Ибн Саммақ былай дейді: «Бірде мен бір мазардың жанынан өтіп бара жатып, ол қабірдің басында былай деп жазылғанын көрдім:

*«Жанымнан жақындарым мен туғандарым өтеді. Келіп, менімен амандасады. Мирасқорлар менің дүниемді бөліп алды. Алайда олар менің қарызыма еш мән бермеді. Әркім өзінің тиісін алды да өмірін жалғастырып жүр. Жаратушы Ұлы Аллам! Олар кеше ғана араларында жүрген адамды қалайша тез ұмыта салды?!»*

Ал бір қабірден мына жолдарды көрген:

*«Сүйіктісін сүйгенінен алып кетеді. Ол – өзге ғашықтарға бөгет. Алайда ажалға ешбір күзетші де, сақшы да бөгет бола алмайды. Дүние мен оның рахаты бақыт әкеле алмайды, себебі әрбір сөз бен демнің есебі бар... Ей, бейғам жан! Егер бейғамдықта таң аттырсаң, ол таңың құрдымға кетеді. Ажал надандық пен білместікке кешірімді болмайды. Ажал ғалымның біліміне кешірімділік танытпайды. Ажал бұлбұлдың үніндей тәтті сөздерге кешірімділік танытпайды. Ол барлығын сөйлеу қабілетінен айырады. Сенің сарайың жарық, құлпырған, іші адамдарға толы болды. Ал қабірің болса, тек бостық».*

Таңы бірінде былай деп жазылған:

*«Мен достарымның қабірін көремін. Достарымның қабірлері бәйге аттары секілді тізіліп тұр. Мен жыладым. Көздерім олардың арасындағы менің орнымды көрді».*

Бір дәрігердің қабірінде былай деп жазылған: «Азаптан құтылуды сұрағанға мен былай дедім: Лұқман Хакім - дәрігер, кез келген аурудан айықтырған - алайда ол қабір азабының емін таппаған. Оның емшілігі жайлы айтқандар қайда? Оны мақтағандар қайда? Лұқманның өзі қайда? Эттеген- ай! Өзін өзі емдей алмаған, өзгені аман алып қала ала ма?»

Тағы бір құлпытастағы жазу:

*«Ей, адамдар! Ажал, мне күтпеген жерден келіп жетті. Білетін адам Раббысынан қорықсын!»*

*Еңбек етсін, өмір оған мүмкіндік беріп тұрған кезде амал етсін. Ешқашан ертеңге қалдырмасын. Бұл жерге мен жалғыз кеткен жоқпын. Мен секілді әр адам келеді. Бір кезде сен де келесің».*

Осы жолдарды оқыған адам қабірдегілердің кемшілік пен қателіктерінен өздеріне сабақ алсын. Өзге адамдардың қабіріне қарап, солардың ішінен өзінің де қабірін көру керек. Сондықтан да ондай адам олармен кездесетін күннің дайындығын жасайды. Ол адам оларға барып қосылмайынша ол мазарлар ол жерден көшіп я болмаса жоғалып кетпейтінін де біледі.

Қабірді зиярт еткен саналы адам еш уақытта да мына ақиқатты ұмытпауы қажет: егер қабірдегілерге өмірден бір күн берілетін болса, олар сол күнге жету үшін барын берер еді. Алайда ол мүмкін емес. Себебі өлген адамдар амалдарының есебін беруде. Артқа жол жоқ. Олар өлгеннен соң, жер қойнауына тапсырылды, олар ақиқатты жалаңаш халде көрді. Олар жалғыздықтың мұңына шомылуда. Демек, өзін бейғамдықта ұстаған адам өткен күні үшін өкініш уын ішпес бұрын, құлшылық етіп, белсенді түрде жіберген қателіктері кешірілетіндей амал жасайды.

Сондықтан да адам баласы күнін ретке келіріп, қабір азабынан құтылу жолдарын қазірден бастап іздеуі қажет. Осы жолда жолы болған адам өзінің дәрежесін онда да жоғары көтеруді қалайды да күнін пайдалы өткізеді. Осылайша ол адам үлкен сауаптарға кенеледі.

Егер адамдар өмірлерінің құнын білгенде еді, қажетті нәрсенің барлығын жасайтын еді. Алайда бәрін өлгеннен соң түсінеді, алайда ол кезде кеш болады. Олар қысқа ғана ғұмырын бос өткізгеніне өкінеді.

Ей, адам баласы! Сенде қазыр сағаттар мен минуттар бар! Оларды пайдалы етіп жұмса! Оларды бос жіберіп алсаң қайтесің? Осы сәтен бастап уайым мен қайғыда болатын күнің жайлы ойлан. Аяқ асты тайқып кететін күнің жайлы ойла. Себебі сен қажет амалдарды орындамай өткізіп алдың.

Мысалы, бір тақуа адам былай деген: «Менің досым бар еді. Өмірден озған соң мен оны түсімде көрдім. Мен оған: «Досым! Аллаға шүкір. Сені тірі екенсің ғой!»,- дедім. Ол түсімде маған былай дейді: «Егер менің де Раббымды мадақтауға уақытым болғанда ғой, сол үшін барымды беруші едім». Осыдан соң ол былай деп жалғастырды: «Мені жерлеген жерді көрдің бе? Сол жерде бір адам екі ракағат намаз оқыды. Расында, егер менің де намаз оқуға уақытым болғанда сол жерде болуым үшін бүкіл әлем мен оның ішіндегінің барлығын берер едім».

## **16 бөлім: Баласы өмірден озған кездегі ата- ананың айтуы тиіс сөздері**

### **Баласы өмірден озған кездегі ата- ананың айтуы тиіс сөздері**

Егер әлдекімнің баласы немесе жақын адамы қайтыс болар болса, ол былай деп ойлауы қажет: «Расында, барлығымыз жолаушымыз. Ол бізден озып, барлығымыз баратын жаққа кетіп қалды».

Оның баласы я туысы негізгі отанына, әкесі мен шешесінен бұрын, отбасынан бұрын кетті. Егер жақыны қайтыс болған кезде адамдар осылай ойланар болса, оның қайғысы біршама жеңілдейді. Себебі ол да өмірден озған кезде, онымен қауышады. Олардың арасындағы

жалғыз ғана айырмашылық, араларындағы бір адам барлығы баруы тиіс жерге өзгелерден ерте кетті. Осы тұрғыдан, өлім – ерте кеткен жандармен артта қалғандардың кездесуі. Егер адам баласы өмірден озған адам жайлы солай ойлар болса, ол шектен тыс қайғыға салынбайды. Уайымы азаяды. Оның үстіне, Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ата-ананың баласын жоғалтуына байланысты қуанышты хабарлар жеткізген.

**«Мен үшін Алла жолында мың жауынгерді шайқасқа жібергеннен, шала туылған сәбиімнің менен озып кеткені жақсырақ».**

Хадистегі келген «шала туылған» сөзін Пайғамбарымыз сәйкестендіру үшін қолданған. Яғни, егер шақалақ сондай дәрежеге ие болса, ер жеткен баласы үшін ата-анаға берілер сауап қандай болмақ? Негізінде, шынайы марапат сәбидің жан дүниесінде қаншалықты із қалдырғанына байланысты.

Зайд бин Әсләм былай деген: «Дәуіт пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) баласы қайтыс болады. Ол қатты қайғырып қалады. Сонда одан былай деп сұрайды: «Қайтыс болған балаңның орны қандай еді?» Ол былай деп жауап берді: «Оның орны мен үшін бүкіл әлемді толтыруға тұратын алтынмен тең еді».

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Қандай да бір мұсылманның үш баласы қайтыс болып, ал ол Алланың атымен барлық ауыртпалыққа сабыр етіп, Жаратушыдан марапат күтер болса, онда ол балалары Қиямет күні ата-анасына тозақтың отына қалқан болады».** Осы кезде Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) жанында бір әйел болады. Ол әйел былай деп сұрайды: «Ал егер екі баласы қайтыс болса ше? Оның да жағдайы солай болмақ па?». Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп жауап береді: **«Иә, егер екі баласы қайтыс болса оның да жағдайы солай болмақ».**

Баласы ажал аузында жатқан ата-аналар Жаратушыны шынай түрде ұлықтасын. Себебі Жаратушыға ең жақын әрі қабыл болатын нәрсе ол – ата-ананың баласына жасаған дұғасы.

Мысалы, Мұхаммед бин Сүлеймен (оған Алланың рақымы болсын) өзінің ұлының қабірінің басында тұрып былай деп дұға еткен: «Аллаһым! Таң ертең ояндым да балама бір нәрсе бола ма деп қорқып, Саған үміт арттым. Мен Саған қорқынышымды айтуға ояндым. Аллаһым! Менің үмітімді үзбе, әрі неден қорыққан болсам, содан Өзің сақта!».

Әбу Синан атты бір адам баласының қабірінде тұрып Жаратушыға былай деп жалбарынған екен: «Аллаһым! Баламның маған жасауы тиіс міндеттерінің барлығын кештім. Мен оның кемшіліктері мен қателіктерін көрмеуге тырыстым. Жаратқан Ием! Сен де менің ұлымның күнәларын кешіре гөр! Себебі, Раббым, Сен аса Мейірімді әрі Жомартсың!».

Бір бәдәуи баласының мазарында тұрып былай деп дұға еткен екен: «Аллаһым! Мен баламның маған жасаған қателіктерін көрмеген болдым. Мен оны кешірдім. Жаратушым! Егер оның Саған жасаған құлшылығында кемшілік болған болса әрі Саған бойұсынбаған кездері болса баламның күнәсін Сен де кешіре гөр».

Омар бин Зарр (оған Алла разы болсын) қайтыс болған кезде оның әкесі Зарр баласын жерлеп былай деген: «Балам! Жан дүниенің ауырғаны сені жоғалтқанымызды ұмыттырды. Егер мен сұрақтарға сенің қалай жауап бергеніңді білгенімде ғой!». Осыдан соң ол былай деп дұға етті: «Аллаһым! Мына қабірге қойған бала- менің ұлым. Өзің берген уақыт ішінде Сен мені ол арқылы қуанышқа бөледің. Оның ризығын өз уақытында Өзің беріп отырдың. Оған әділ

болдың. Аллаһым! Балам Саған әрі маған толықтай бойұсынуы үшін бар жағдайды жасадым. Аллаһым! Ұлымның қазасы үшін маған берер сауабыңды ұлыма сыйлағым келеді. Оның азабын маған бере гөр!».

Ол жерден кетер уақытында ол былай деді: «Балам! Енді сен бізге мұқтаж емессің, себебі Алла Тағала тұрған кезде ешбір адамға мұтаждық болмайды. Біз қазыр сені тастап кетеміз. Бірақ біз осы жерде қалар болсақ та, одан саған пайда жоқ».

Бір адам Басрада бір әйелді кездестіреді де оған былай дейді: «Мен бұрын- соңды мұндай әдемі әйелді кездестірмедім. Бәлкім, бұл әдемілік оның ешқашан қайғы көрмегендігінен шығар». Осындай сөздермен ол таңданысын білдіреді. Сонда әйел былай деп жауап береді: «Ей, Алланың құлы! Мен көрген қайғыны Алланың бірде бір құлы көрмеген әрі оны менімен ешкім бөліспеген». Сонда әлгі адам былай деп сұрайды: «Не жағдай болды?». Әйел сөзін былай деп жалғайды: «Құрбан шалатын күні күйеуім қошқарды құрбандыққа шалды. Менің екі балам бар еді. Олар екеуі жақсы ойнайтын. Үлкені кішісіне былай деді: «Әкем қошқарды қалай соятынын көрсетейін бе?». Кішісі : «Иә»,- деп жауап берді. Сол кезде оның ағасы пышақты алып өзінің інісін бауыздап тастады. Біз шыңғырған дауысты естігенде келіп қарасақ, кіші балам қанға тұншығып, ажал аузында жатыр екен. Үлкен ұлым болса, есі шығып тауға қашып кетіп, тығылып қалыпты. Ол жерде оған қасқыр шауып, жеп кеткен екен. Әкесі баласын іздеуге кеткен еді. Баласын іздеп жүріп, адасып, аптап ыстықтан қайтыс болып кетті». Осыдан соң әйел былай деді: «Міне, көріп тұрғаныңдай, мен туғансыз жалғыз қалдым. Бұдан асқан қайғы мен уайым бар ма?».

Міне, осындай бақытсыздықтарды өлім болған кезде еске алу керек. Әсіресе бала қайтыс болғанда еске алған жақсы. Сол кезде адам тыныштық табады да, қайғысы біршама жеңілдейді. Адам баласымен ондай бақытсыздықтар болатынын түсіну керек.

Себебі Алла Тағала көптеген қауіптерден сол арқылы сақтауы мүмкін осыған орай адам дереу өзіне жұбаныш тауып алуы қажет.

## **17 бөлім: Қабірді зиярат ету, қайтыс болған адам үшін дұға жасау мен осы тақырыпқа қатысты сұрақтар**

### **Қабірді зиярат ету, қайтыс болған адам үшін дұға жасау мен осы тақырыпқа қатысты сұрақтар**

Өлімді ұмытпау, ақыретті есте сақтау және қабірді өзіңе сабақ алу үшін зиярат ету – бұлардың барлығы діни заңдар емес, алайда жақсы амалдар болып табылады. Сонымен қатар, салиқалы жандардың қабірлерін зиярат ету де жақсы амалдан.

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бас кезінде қабірге баруға тиым салған, бірақ кейін рұқсат берген. Әлиден (оған Аллаһ разы болсын) жеткендей Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

**«Мен сендерге қабірге баруға тиым салдым. Енді бара беріңдер. Себебі ол жер сендерге ақыретті еске салады. Ол жерге барғанда тек жақсы сөз сөйлеңдер».**

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің анасының қабірін зиярат еткен.

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұрын- соңды дәл солай қатты жыламаған.

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) анасының қабіріне барған күні былай деді: **«Раббым маған анам үшін дұға етуіме рұқсат бермеді, бірақ қабіріне баруыма рұқсат берді».**

Айта кету керек, біз жоғарыда бұл жайлы айтып өткенбіз.

Ибн Әбу Муләйка былай деген: «Бірде Айша анамыз қабірден келді. Мен одан былай деп сұрадым: «Ей, мүміндердің анасы! Сен қайдан келдің?». Ол болса: «Мен қабірден келдім, Абдуррахманның басына бардым», - деп жауап берді. Мен: «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қабірге баруға тиым салған жоқ па?», - дегенде ол былай деді: «Иә, басында тиым салған, кейін рұқсат берді». Алайда жоғарыдағы хадистен әйелдер емін- еркін қабірге бара алады деген тұжырым шығармау қажет, себебі олар қабірге келген кезде көп жылап, айқайлайды. Сол себепті, олар қабірге барғанда сауаптан гөрі көбірек күнә табулары мүмкін. Әйелдер қабірге баруы үшін бөгделердің көзіне түседі, ал ол үлкен күнә.

Қабірді зиярат ету – сүннет. Сүннетті орындау үшін адам күнәға ұрынбауы керек. Дегенмен, әйел адамның қабірге баруына ешқандай қарсылық жоқ. Тек ер адамдардың назарын аударатындай жасанып алмаса болғаны. Қабірге дұға ету үшін бару шарт. Қабір басында тұрып өзгелер жайлы сөз қозғауға болмайды. Әбу Заррдан (оларға Алла разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

**«Қабірлерді зиярат етіңдер. Себебі оларды зиярат ету арқылы ақыретті еске түсіресіңдер. Өлгендерді жуындырыңдар. Расында, жансыз денені жуындыру - айқын насихат. Өлген адамға намаз оқыңдар. Бәлкім, осылайша мұң мен қайғыны сезінерсіңдер. Себебі бүгін қайғы құшқан адам ертең Алланың панасы мен көлеңкесінде болады».**

Ибн Муләйқа былай деп жеткізеді: «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Өмірден озған жақындарыңды зиярат етіңдер, оларға сәлем беріңдер. Себебі оларда сендерге сабақ бар».**

Нәфиден жеткендей, Абдуллаһ бин Омар (оларға Алла разы болсын) бір адамның қабіріне келіп оған сәлем берген екен.

Жағфар бин Мұхаммедтің әкесінен жеткендей, Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қызы мәртебелі Фатима ауық- ауық өзінің ағасы Хамзаның (оған Алла разы болсын) қабіріне барып тұрған. Ол сол жерде намаз оқып, қабір басында жылайтын болған. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Егер кімде кім жұма күні өзінің ата- анасының немесе бірінің қабіріне барар болса, оның күнәсі кешіріледі, ал өзі жақсылардың тізіміне жазылады».

Ибн Сирин Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізеді: **«Расында, егер адамның ата- анасы оған разы болмай, қиыншылық көріп қайтыс болар болса, егер баласы олардың қазасынан соң қабірлеріне келіп, Аллаға олар үшін жалбарынар болса, онда Алла Тағала оны жақсылардың және ата-анасына бағынғандардың қатарына жазып қояды».**

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Кімде кім менің**

**қабірімді зиярат етер болса, Қиямет күні оған куәлік ету менің мойнымда болады».**

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан: **«Кімде кім Алла разылығы үшін Мәдинаға мені зиярат ету үшін келер болса, Қиямет күні мен оған куәгер боламын әрі шапағатшы боламы».**

Каъб әл Акбар былай деген: «Күн сайын таң намазынан соң жетпіс мың періште аспаннан жерге түсіп Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін қоршап тұрады. Қанаттарын оған тигізіп, Алла Елшісіне (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) салауаттар айтады. Осылайша жер сілкініп, адамдар қабірлерінен қайта тіріліп,

Пайғамбарымызбен (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) және жетпіс мың періштемен бірге Алланың алдына тұрмайынша жалғасады.

## **18 бөлім: Шарифат бекітпесе де, қабірді зиярат етуде игі іс болып есептелінетін амалда**

### **Шарифат бекітпесе де, қабірді зиярат етуде игі іс болып есептелінетін амалдар**

Адам жүзін қабірге қаратып, арқасын қыбылаға беріп, марқұм болған кісіге сәлем беру – қабірді зиярат етудегі игі амал болып саналады. Алайда ешқалай да қабірге тиісуге болмайды. Қабірді қолмен тиісуге, сүйеге тыйым салынады. Себебі мұндай әдеттер христиандардан келген.

Нафи былай деген: "Хазіреті Омардың (Алла одан разы болсын) ұлы – Абдуллаһ Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат еткендігін жүз немесе одан да көп рет көргенмін. Ол былай деп айтатын: "Пайғамбарға сәлем, Әбу Бәкірге сәлем, менің әкем – Омарға сәлем!"

Әбу Умама (Алла одан разы болсын) былай баяндаған: "Әнас бин Мәлік (Алла одан разы болсын) Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне келіп, қолын көтеріп, Пайғамбарға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сәлем бергендігін көрдім. Ол қолын көтерген кезде мен оны намаз оқиын деп жатыр деп ойлап қалдым, бірақ ол сосын ол жерден қайтып кететін".

Барша мұминдердің анасы, хазіреті Айша анамыз (Алла одан разы болсын) Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген: **"Егер кімде-кім өзінің діндегі бауырының қабірін зиярат етіп, қасында біршама уақыт отыратын болса, қабірде жатқан бақилық болған кісі бауыры оның қабірін зиярат етіп жатқанына қуанып, берген сәлеміне қайтып кеткенінше жауап беріп жатады".**

Асым Жахдаридің жанұясынан болған бір кісі айтқан: "Мен түсімде Асымды көрдім. Бұл түсті ол қайтыс болғаннан кейін екі жылдан кейін көрдім. Мен одан: "Сен қайтыс болмап па едің?" – деп сұрадым. Ол: "Әлбетте, қайтыс болғанмын!" – деді. Мен одан: "Қазіргі кезде қай жердесің?" – деп сұрақ қойдым. Ол маған былай жауап берді: "Алланың атымен ант етейін, мен қазір Жәннат бақтарының бірінде жүрмін. Мен және менің бірнеше жолдастарым әр жұманың таңы мен кешінде Әбу Бәкір және Абдуллаһ Музенимен кездесуге жиналамыз. Бұл жерде біз жердегі адамдар жайлы хабарларды алып тұрамыз". Мен одан қайтадан былайша сұрадым: "Сендер ол жерге тәндеріңмен, жандарыңмен барасыңдар ма? Әлде тек жандарың ғана барады ма?". "Тәндеріміз шіріп кеткен, біз ол жерге тек рухтарымызбен жиналамыз", – деді. Мен: "Біздің зиярат еткендерімізді білесіңдер ме?" – деп сұрадым. Ол: "Сендердің



зияраттарың жайлы жұманың алдында біліп, жұма күні бойы, сенбі күнінің таңы атқанға дейін біліп отырамыз", - деп жауап берді. Мен енді былай сұрадым: "Неге бұлай басқа күндері емес, тек жұма күні ғана болады?". "Себебі жұма – қасиетті әрі маңызды күн", - деп жауап қатты.

Мұхаммед бин Уәси әрдайым жұма күндері қабірлерді зиярат етуші еді. Одан мұны дүйсенбі күнге қалдыруға болмас па деп сұрағандарға былайша жауап беретін: "Менің білуімше, қабірде жатқан кісілер басқалар оларды зиярат ететіндерін мына күндері біледі: жұма күнінен бұрын, жұма күні және одан кейінгі күні".

Даххак былай деп айтқан: "Егер кімде-кім жұма күні күн шыққанға дейін қабірді зиярат ететін болса, марқұм болған кісі оны біледі". Неге бұлай болатындығы жайлы одан сұрағанда былайша жауап береді: "Оның себебі жұма күнінің мәнділігінен".

Бишр бин Мансур былай айтқан: "Бір кездері оба індеті пайда болғанда бір кісі үнемі оба ауруына шалдыққан адамдардың денелері тасталған Джабан деген жерге келіп, қайтыс болған кісілерге жаназа-намазын оқитын. Кеш түскенде ол қабірлердің қақпасының қасында тұрып, былай деген: "Алла Тағала сендердің жалғыздықтарыңды достықпен алмастырсын. Алла сендерге жақсы достар берсін. Жат жерде болған жалғыздықтарыңның есебі ретінде сендерге мейірімін жаудырсын. Алла Тағала сендердің күнәларыңды кешіріп, жасаған барша игі амалдарыңды қабыл етсін". Ол осылайша айтатын және бұл айтқандарына басқаша ештеңе қоспайтын. Ол өзі мұны былай түсіндірген: "Мен бір кезде жанұяма кеткенім үшін қабірді зиярат етуге бара алмай қалдым. Мен қабірлердің басында оқитын дұғамды әдеттегіше ол жақта емес, өз үйімде отырып оқыдым. Мен ұйықтаған кезде қасымда біршама адамдардың пайда болғанын көрдім. Мен олардың кім екендігін және менен оларға не керектігін сұрадым. Олар: "Біз қабірдегі адамдармыз", - деп жауап берді. Мен олардан не мақсатпен мұнда келгендерін сұрап едім, олар маған былайша жауап қатты: "Сен үйіңе қайтып кеткен кезде сен бізге бір сыйлық жібердің". "Ол нендей сыйлық?" деп сұрадым. "Сен әр кеште біз үшін оқитын дұғаң". Сонда оларға: "Әуре болмаңдар, мен сендерді әр күні кешке зиярат етіп, сыйлықтарыңды беріп тұрамын", - дедім.

Башшар бин Галиб Наджрани былай деп айтқан: "Мен әрдайым түсімде дұға етіп жатқан Рабия Әдәуияны көретінмін. Мен ол үшін көп дұға жасайтынмын. Ол маған былай деді: "Уә, Башшар бин Галиб! Үсті жібектен жасалған орамалдармен жабылып, нұрдан жасалған ыдыстарда салынған күйде сенің сыйлықтарың бізге жетіп отырады". Мен одан: "Ол не нәрсе?" - деп сұрадым. "Тірі мүминдердің дұғасы осындай. Олар қайтыс болғандар үшін дұға жасағанда бірден қабыл болады. Ал қабыл болған дұғалар нұрдан жасалған ыдыстарға салынып, үсті жібектен болған орамалдармен оралып әкелінеді. Осындай күйде сыйлықтар марқұмға мынадай сөздермен жеткізіледі: "Бұл сыйлық саған пәленше деген кісіден келді".

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан: "Қабірде жатқан кісі ауа жетпей қиналып, басқалардан көмек сұрап жатқан кісіге ұқсайды. Ол ұдайы әкесінен, бауырынан және досынан дұға күтіп жатады. Олардың күтіп жатқан дұғасы оларға жеткен кезде бұл сыйлық олар үшін мына өмір мен ондағы болған барлық нәрселерден де хайырлы болады.

Расында, тірілер өлілер үшін жіберуі керек болған сыйлықтар – олар үшін оқыған дұғалары мен Алладан олардың күнәларын кешіруін тілеуі".

Бір кісі былай деген екен: "Менің бір досым өмірден озды. Мен оны түсімде көргенде одан былай деп сұрадым: "Сені қабірге қойғаннан бергі жағдайың қалай болып жатыр?" Ол былайша жауап берді: "Маған тозақтың отынан қолында қамшысы бар бір кісі келді. Егер сол кезде ешкім мен үшін дұға етпегенде әлгі қамшысымен мені сабар еді. Алайда дәл сол кезде

мен үшін оқылған дұға мені сақтап қалды".

Осы келтірілген мысалдарға қарап түсінетініміз – бақилық болған кісінің артынан дұға жасау, жақсы тілектер, сөздер айту игі істер болып табылады, бірақ олар діни заң болып бекітілмеген.

Саид бин Абдуллаһ әл-Азди айтқан: "Мен Әбу Умама Бахилиді өлім аузында жатқанда көрдім. Ол маған былай деді: "Уә, Саид! Мен қайтыс болған кезде, мен үшін Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан нәрселердің барлығын жасашы. Өйткені Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтқан еді:

"Араларыңда біреу қайтыс болған кезде оның денесін қабірге салып болған соң, сол жерді ретке келтіріңдер. Араларыңда біреу шығып, қабірдің басында тұрып былай десін: "Уә, пәленше, түгенше деген әйелдің ұлы!" Ал қайтыс болған адам соны естиді, бірақ жауап бере алмайды. Сол кезде қабірдің басында тұрған кісі қайтадан екінші рет былай десін: "Уә, пәленше!" Бұл сөздерден қабірде жатқан кісі денесін тік ұстап жатады. Сосын әлгі қабір басында тұрған кісі енді үшінші рет қабірдегіге былай айтсын: "Алланың мейіріміне жету үшін және күнәларды кешіруі үшін, я, Аллам, бізге тура жолды көрсет!" Бірақ ол кезде қабірдегі кісінің не дегенін ести алмайсыңдар. Бергі жақта сөйлеп тұрған кісі былай десін: "Тірі кезіңде қабылдаған дініңді есіңе түсір. Ол – Алладан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Оның Елшісі екендігіне куәлік еткендігің. Алланы Раббым, Исламды дінім, Мұхаммедті (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарым, Құранды имамым деп танып, иман етіп, қабылдағаныңды есіңе түсір". Себебі осылай деп жатқан кезде Мункар мен Накир періштелері кейін шегініп, бірі екіншісіне былай деп айтады: "Тұр, бұл жерден кетейік! Бұл айтылып жатқан сөздер біздің мына адамның қасына келуімізге бөгет болады. Өйткені оның куәліктері, дәлелдері оған сіңіп қалған". Сол себепті қабірдегі адамға Мункар мен Накир періштелердің алдындағы жауап беруін Алла Тағала Өзі жеңілдік етеді". Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) осылай насихаттап жатқан кезде қасында болған бір кісі: "О, Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын)! Қайтыс болған кісінің анасының есімін білмейтін болсақ не істейік?"- деп былай сұрайды. Сонда Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): "Оны арғы әжеміз – хазіреті Хауа ананың атымен атаңдар", - деп жауап береді.

Қабір басында Құран оқудың ешқандай айыбы жоқ. Әли бин Мұса Хаддад жеткізген: "Бір жерлеуге барғанымызда мен Ахмад бин Ханбалмен бірге болғанмын. Бізбен бірге сонымен қатар Мұхаммед бин Құдама Жәуһари де болды. Қайтыс болған кісіні қабірге салғаннан кейін бір соқыр кісі келіп, қабірдің қасында тұрып Құран оқи бастады. Ахмад бин Ханбал оған былай деді: "Уә, Құран оқушы адам! Қабірдің басында Құран оқу – бидғат (дінге жаңалық енгізу)". Қабір басынан біз бірге қайттық. Осы кезде Мұхаммед бин Құдама Ахмад бин Ханбалдан былай деп сұрады: "О, Әбу Абдуллаһ! Сен Мубашир бин Исмаил Халәби жайлы не ойлайсың?" Ахмад бин Ханбал ол кісінің сенімді кісі екендігін айтты. Сонда Мұхаммед бин Құдама одан: "Сен одан хадис жеткізіп па едің?" деп сұрайды. Ахмад бин Ханбал оған "Иә" деп жауап береді. Оның мұндай құптарлық жауабын алған Мұхаммед бин Құдама айтады: "Мен мынадай ақпаратты Абдуррахман бин Аләдан оның әкесі Мубашшир бин Исмаилдің айтқанын жеткізгенін естідім. Абдуррахман бин Аләның әкесі оған мұны өсиет етіп айтқан екен. Өзі қайтыс болғаннан кейін, денесін қабірге қойғаннан соң, оның басына "Әл-Фатиха", "Әл-Бақара" сүрелерін және "Әл-Бақара" сүресінің соңғы екі аятын оқуларын өсиет еткен". Сосын ол былай дейді: "Хазіреті Омардың ұлы Абдуллаһ (Алла олардан разы болсын) та осылай өсиет еткендігін естігенмін". Осыдан кейін Ахмад бин Ханбал Мұхаммед бин Құдамаға былай дейді: "Бар да, жаңағы кісіге Құран оқи берсін деп айт".

Мұхаммед бин Ахмад Мәруәзи былай деп айтқан:

"Мен Ахмад бин Ханбалдың былай деп айтқанын естідім: "Қабірге барған кездеріңде "Әл-Ықылас", "Әл-Фаләқ" және "Ән-Нәс" сүрелерін оқыңдар. Ал оның сауабын қабірде жатқан бақилық болған кісілерге арнаңдар. Себебі сендердің бағыштауларың оларға жетеді".

Әбу Калаба айтқан: "Мен Шамнан Басраға жол тарттым. Арада Хандак деген жерге аялдадым. Сол жерде дәрет алып, түнгі екі ракаат намазымды оқыдым. Кейін басымды қабірге қойып, жантайып жатып ұйықтап кетіппін. Сосын мен бір ескерту алдым. Қарасам қабір иесі маған шағымданып жатыр екен. Ол былай деді: "Кешкісінен бері сен маған қиындық жасап жатырсың. Сендер мұны білмейсіңдер, ал біз білеміз. Алайда бір нәрсе жасауға біздің ешқандай күш-қуатымыз жоқ. Сенің оқыған екі ракаат намазың бүкіл әлем мен ондағы бар нәрсенің баршасынан әлдеқайда қайырлы. Қазіргі кезде жер бетінде өмір сүріп жүрген адамдарды Алла мейіріміне алсын! Оларға сәлем айт. Солардың жасаған дұғалары себебінен бізге мол нұр шашылып тұрады".

Қабірді зиярат етуші адам онда барғандағы ең маңызды мақсаты – өзіне сабақ алуы. Бұл дегіміз – қабірдің басында оқылған дұғалардан өзіне пайда болуы. Қабірге барып, онда дұға жасағанда бұл дұғаларды бақилық болғандар үшін ғана емес, өзі үшін де жасауы керектігін білуі қажет. Қабірді зиярат етуші адам қабірде жатқан адамның ахуалынан өзіне сабақ алуы керек, яғни ол қайтыс болған адамның халін елестетіп көруі тиіс: оның дене мүшелері қалай іріп-шіріп жатқандығын, қабірде оның қайта тіріліп жатқанын; сосын өзінің де көп кешікпей солардың қатарында болатындығын ойлауы керек.

Мысалы, Мутарриф ибн Әбу Бәкір Хузели былай деген: "Абдулқайстың тайпасынан болған, құлшылығына зор бейім қойған бір қарт әже болған еді. Кеш батысымен ол қатты қысып белбеу тағынып, михрабқа өтуші еді. Ал күндіз болғанда ол михрабтан шығып, қабір басына баратын. Алайда оның қабір басына жиі баратындығын жұрттар кінәраттап, бетіне басатын. Ол әйел былай дейтін: "Егер жүрек қарайып, қатайып, қатты тасқа айналып кетсе, оны мұндай дерттен арылтып, жұмсартуды шіріген өлікке байланысты уағыз арқылы жасауға болады. Мен олардың топырақпен көмілген жүздері мен шіріп кеткен денелерін көргендей боламын. Әттең, сырт көзге тақуа болып, құлшылығына берік көрінетін адамдардың жүрегінде осындай сезім болғанда ғой! Сол кезде мұның жүрекке қаншалықты ауыр екендігін олар түсінер еді. Денені жоқ ететін, дененің болуын тоқтататын өлімнің қаншалықты қатал екендігін сонда түсінетін еді".

Қандай да бір адам құлшылық етуіндегі құлшынысынан, ықыласынан өзін-өзі іштей жеп, жүдеп кеткендігіне еш уақытта таң қалмау керектігін Омар бин Абдуләзиз аса мән беріп айтады. Қиямет қайым келгенге дейінгі уақытта басымызға түсетін қабірдегі өмірімізді ойлап, мына өмірде берілетін уақытымызды сол қабірдегі өмірге дайындалуға жұмсауымыз керек.

Бақилық болған кісінің артынан жақсы сөз айтып, мақтау да игі іс болып саналады. Егер қайтыс болған кісінің артынан оның жасап кеткен тек ізгі, жақсы амалдары жайлы айтатын болсақ. Барша мүминдердің анасы – хазіреті Айша анамыз (Алла одан разы болсын) Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген:

**"Достарыңыз қайтыс болса, ол туралы орынсыз, ойланбай айтатын сөздеріңізді тастаңыздар. Оған қарсы бір жаман сөз айтудан аулақ болыңыздар".**

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деп айтқан: **"Бақилық болғанның артынан жаман бір нәрсе айтушы болмаңдар. Өйткені ол қазір тек амалдарымен ғана жалғыз қалды..."**

Басқа бір хадисінде Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **"Қайтыс болған адам жайлы тек жақсы нәрселерін еске алыңдар. Себебі олар жәннәти деп қабылданар болса, ал бірақ сендер жаман нәрсе айтып отырсыңдар, бұл сендерге күнә болады. Егер олар тозақтық деп қабылданар болса, олардың сол халдері бұған жеткілікті"**.

Әнас бин Мәлік (Алла одан разы болсын) былай деп жеткізген: "Бір күні біз Пайғамбармен (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бірге отырған кезде бір қайтыс болған кісінің денесін адамдар әкетіп бара жатты. Отырған адамдар ол кісінің жаман адам болғандығын айтып сөз етеді. Сол кезде Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): "Бұл уәжіп болды", - деді.

Сосын басқа бір адамның денесін апара жатқанда адамдар оның игі істері жайлы айтады. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұл кезде де: "Уәжіп болды", - дейді. Хазіреті Омар (Алла одан разы болсын) бұл екі кісі үшін айтылған сөздерінің мағынасын сұрайды, оған Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп жауап береді: **"Сендер мақтаудың астына алып, жақсылығын айтқан адам үшін жәннат уәжіп болды. Ал жаманшылығын айтып, даттаған адам үшін тозақ отына жану уәжіп болды. Себебі сендер Алланың алдындағы жердегі куәгерлерісіңдер!"**

Әбу Хурайра (Алла одан разы болсын) былай деген: "Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтты: **"Расында, бір кісі қайтыс болғанда адамдар оның ізгі амалдарын айтып, оны мақтап отырады. Бірақ бұл кезде ол кісінің Алла алдындағы дәрежесі басқалай болып тұрған. Сол кезде Алла Тағала өзінің періштелеріне былай дейді: "Қайтыс болған кісінің атынан куәгер болып тұрған Менің құлдарыма куә болуларың үшін сендерді ұстап тұрмын. Менің құлыма байланысты олардың куәларын қабыл алдым. Құлым жайлы білетін нәрселерімді кештім"**.

## **19 бөлім: Өлімнің ақиқаты және өлген адамның қайта тірілуге дейінгі қабірдегі жағдайы**

### **Өлімнің ақиқаты және өлген адамның қайта тірілуге дейінгі қабірдегі жағдайы**

Адамдар өлім жайлы қате көзқараста болады, сол себепті олар адасушылыққа тап болады, ал олардың ойлап жүргені тек өздерінің жорамалдары мен болжамдарынан туындаған. Бұл мәселеде олар көбіне қателікке бой алдырады.

Кейбір адамдар өлімді тек "жоқ болып кету" деп түсінеді және Ақырет болмайды, Қияметте жиналуға қайта тірілмейміз деп ойлайды: олардың айтуынша, адамдардың мына өмірде жасаған жақсы, жаман істерінің жақсы не жаман соңы болмайды-мыс. Олар тағы азап немесе өлім болмайды деп айтады. Олардың пайымдауынша, адамның өлімі басқа да жаны бар тіршіліктердің я болмаса өсімдіктердің құрғап, шіріп кетуімен тең екен. Мұндай нәрселерге сену – имансыздардың діні. Бұл – атеистердің көзқарасы.

Аллаға және Қиямет күніне сенбейтін адамның наным-пікірі міне осындай пайымдауларға жатады. Ал басқа көзқарасты ұстанатын адамдар өлімді "болмау" деп есептейді, яғни Қиямет күні келгенге дейінгі уақыт аралығында ешқандай азап та, жаза да болмайды деп ойлайды. Олардың көзқарасы бойынша, мұндай жағдай Қиямет күні болғанға дейін созылады-мыс.

Үшінші топ адамдардың ойынша, адамның жаны өлмейді, ол мәңгілік болады және өліммен бірге жоқ болып кетпейді. Адамның жаны ғана азап тартады немесе сауап алады. Ал өлген денелерге жаза жасалынбайды. Олар тек шіріп, жоқ болып кетеді. Денелер Қияметте қайта жиналып, тірілмейді деп ойлайды.

Бұл көзқарастың барлығы да теріс, дұрыс емес және жалған. Олардың ақиқатпен және әділдікпен ешқандай да байланысы жоқ. Бұл – Құрандағы аяттар мен хадистерден жерден хабарларға қайшы, теріс адасушылық. Өлімнің мәні өзгеруде. Денеден шығып кеткен адамның жаны мәңгілік және өлмейді. Оның үстіне ол амалдары мен өзінің халіне байланысты не азап шегіп жатады, не сауапқа кенеліп, бақытты болады. Адамның жанының денесінен бөлініп, шығып кетуі – оның денеге ие болып, одан басым бола алуының аяқталуын білдіреді. Себебі өлім келуімен дене жанға бағынудан алшақ болады. Адамның дене мүшелері адамның жаны үшін бір нәрсені қолдануына құрал іспеттес болды. Қолдары арқылы адамның жаны бір нәрсені алып, ұстай алды, құлақтары арқылы бір нәрселерді естіп, тыңдай алды, көздері арқылы заттарға қарап, көре алды. Сосын жүрек арқылы адамның жаны заттардың болуы мен шынайы мәнін білді. Яғни бұл деген – жүректің рухты іске қосуы. Осыған байланысты адамның жаны басқа да қажеттіліктер мен дәнекерлерді қолданбастан, заттарды және жалпы бүкіл нәрсенің мәнін біле алады. Сол себепті адамның жаны бір жағдайға, хал-ахуалға, қайғы-қасіретке және уайымға байланысты, соның себебінен қиналады, азапқа ұшырайды, қапа болады және сонымен қатар бақытты да болады, қуаныш пен шаттықты сезінеді.

Қайғы, уайым, қиналыс, бақыт, қуаныш, шаттық секілді сезімдердің адамның дене мүшелерімен ешқандай да байланысы болмайды. Осы мағынада қарайтын болсақ, жанның қандай да бір өзіне тән халі, адамның жаны денесінен шығып кеткенде де адам жанымен қоса денесінен бөлініп кетеді. Осылайша адамның жаны денесіне қайта келгенге дейін жалғасады. Басқаша айтқанда, адамның жанының тәніне қайта келуі мен қабір – ақиқатқа тура келмейтін түсінік емес. Мұндай нәрсенің мүмкіндігі секілді адам жанының Қияметке дейін денесіне келмейтінінің мүмкіндігі де рас. Демек, егер Алла Тағала әр құлына деген шешімін айтқан болса, Оның бұны қалай жасауын Өзі жақсырақ біледі. Адамның тәнінің еш нәрсе істей алмайтын халге түсуі сал ауруына шалдығып, адам денесін қимылдата алмай, дене мүшелері өз функцияларын орындай алмай қалғандығымен тең болады. Осыған байланысты, жүйкеге қысым түсірген ауру қаншалықты ауыр болса, сол жерлерде қимыл да, жан да соншалықты шектеулі болады. Дененің бір жерінің қатты дімкәс болуы сол жерде жанның болуына кедергі болады, яғни сол жер жансызданады.

Дәл осы жерде адамға жол көрсететін, оны қадағалайтын рухтың ары қарай болуының жалғасын көруге, адам рухының тұрақтылығын түсінуге болады...

Дегенмен адам денесінің кейбір мүшелері рухқа қарсы бір нәрсе істегісі келсе де, өз функцияларынан айырылып, іске жарамай қалады. Өлім атты ақиқаттың мәні адам тәнінің мүшелерінің өз міндеттерін орындаудан қалып, болуынан, қимылдауынан, ептілігінен ада болуында, себебі дененің әрбір мүшесі құрал іспеттес болған.

Ал адам рухы болса соларды өзіне құрал ретінде қолданған. Рух дегеніміз – түрлі ақпаратты, қайғыны, қуанышты және т.б. қабылдайтын күш.

Демек, егер адам денесінің мүшелері өзінің жұмыс істеу қалпынан қалса да, адам рухы қуаныш, қайғы-қасіретті қабылдауды жалғастыра береді. Адам рухы бұл тұста да өз қасиетін жоғалтпайды, бұрынғыдай сол қалпында рухани азап пен қиындықты, рахат пен жайлылықты, махаббат пен құштарлықты сезінеді.

Расында да, адам деген – білімді, рухани қиыншылықты, рахат сезімді қабылдайтын, сезіне алатын рух. Міне дәл осы өлмейді де, жоқ болып та кетпейді. Асылында, өлімнің мағынасы – адам рухынан денені қолдану құқығын алып тастау деген сөз. Басқаша айтқанда, адам рухының денеге қатысты міндеттерінің аяқталуы. Енді адам тәні рухының "иелігіндегі" құрал болмайды.

Мысалы, адам сал ауруына шалдығуының себебінен қолын қимылдата алмай қалады. Егер сал ауруы қолдың қимылдауына тосқауыл болса, өлім де сал дегенді білдіреді, себебі ол адам тәнінің барлық мүшесін игеруден қалдырады.

Адам жайында оның нағыз мағынасы сөз болғанда, мұнда адамның рухы жайлы айтылады, яғни адамның болуының мәні жайындағы мағына.

Адам рухының өзгеруі, қайта түрленуі екі түрлі жолмен болады.

Біріншісі: адам өзінің көздерін, құлақтарын, тілін, қолдарын, аяқтарын немесе жалпы түгелдей ағзасын қолдана алмай қалған жағдайдағы болатын өзгеріс. Яғни, адам біз атап өткен дене мүшелерінің бірін я болмаса барлығын жоғалтып алуы мүмкін. Немесе өзінің жанұясынан, баласынан, жақынынан не танысынан айырылып қалған кезде адамда қандай-да бір өзгеріс пайда болады. Кейде ол өзінің атын, малын жоғалтып алуы мүмкін немесе қызметшілерінен, үйінен, табысынан, басқа да затынан айырылып қалуы мүмкін. Осылайша ол қайтадан бір өзгеріске ұшырайды.

Адам рухани қиындықты сезінуінің бірден-бір себебі – ол жаңағы нәрселерінен айырылып қалғандығынан. Бұл айырылудың қандай болғаны бұл жерде маңызды емес. Бұл жерде маңызды нәрсе айырылудың, жоғалтудың болуында. Бұл айырылысу адамның жақсылығынан, момындығынан болуы мүмкін, кейде адам өзінің жақсы болғандығынан бостандығынан, билігінен және дәулетінен айырылуы мүмкін. Бұл екі жағдайда да адам бірдей халге түседі: опық жейді және қынжылады. Екі жағдайда да көрген қиындықтың айырмашылығы жоқ. Ал өлім болса мұндай емес. Ол адамды бұл дүниедегі барлық байлығынан айырылып, о дүниеге аттануына тура келтіреді.

Егер бұл дүниеде адам әуес болып, жанына жақын санаған нәрселері болса, немесе өзі мақтан тұтатын, оны рахаттандыратын заттары болса, олардан айырылған сәтте қиналып, жанына батады. Адам өлген кезде бұл сүйікті нәрселерінің барлығынан айырылады, ал бұл айырылысу, қиналу сезіміне қарсы тұру адам төзбейтіндей дерлік қиын болады. Адамның жаны өзінде бар нәрселердің барлығына бауыр басып қалады: мүлкіне, жерге, жағдайына, байылығына, тіпті өзі киіп жүрген жейдесіне дерлік байланып қалады. Егер адам біз атап өткен нәрселердің өзінде болуынан емес, тек Алланы зікір етуден бақытты болса, дәл осы адамға Алланың мейірімі мен нығметтері жетерлік болады, ал несібесі мен бақыты кемеліне жетеді. Себебі ол адам мен Сүйіктісінің арасында ешқандай да бөгет болмайды. Енді барлық уайым-қайғы мен абыржу деген жоғалады. Өйткені мына өмір мен ондағы бар нәрселер адамға Алланы зікір етуіне кедергілер жасайтын. Міне, бұл – өмір мен өлім арасындағы екі қалыптың бірінші жағдайы.

Екіншісі: адам көзі тірісінде көре алмаған нәрселерін өліп жатқанда және өліп кеткеннен кейін анық түрде көреді. Дәл осылай ұйықтап жатқан адам да болып жатқан нәрселерден хабарсыз болады, тек ояңғанда ғана оны біле алады, енді өлім келгенде алдында мән бермеген, ескермеген нәрселерді біледі, өзінің ойымен ғана болжамдар жасаған я болмаса тіпті тәрк етіп, қабылдамаған дүниелерді көреді, шынымен оянып, барша ақиқатқа көзі жетеді. Міне, сондықтан да: "Адамдар ұйықтап жатқан қалыпта болады, өліммен олар оянады!" – деп

айтылса керек.

Алайда, өкінішке орай, тым кеш болады. Өлім атты адамның шынайы оянуымен оның алдына ең алдымен мына дүниеде тірі кезінде жасаған игі амалдары мен жаман істері әкелінеді. Егер ол жаман нәрселер жасаған болса, сол үшін ол қатты азап шегіп, қиындықтарды көреді. Ал егер жақсы іс жасаған болса, соған лайықты нәрсеге кезігеді де, соны өзінің қалауынша қолданады. Бұл нәрселерді білу адамның жүрегінің бір түкпірінде, құпия секілді жабулы күйде, түйіншікке түйілгендей сақтаулы еді.

Адам мына фәни дүниеге алданып, өткінші өмірге қызығып, дүнияуи істермен қарбалас болып жүргеннен, өкінішке орай, жаңағы түйіншекте түйілген құпияны білуге мұршасы болмайды. Мына алдамшы дүниенің кесірінен өзгеріске ұшыраған адам баласы өзінің сол түйіншегіне қарамастан, немқұрайлыққа, бейқамдыққа салынады. Ал мына өмірмен болып тұрған байланыстардың барлығы үзілген сәтте адамның жасаған істерінің баршасы оның көз алдына келтіріледі де, бүкіл нәрсе айқындалады. Адам мына дүние үшін көзін жауып, шынайы оянып, көзін ашқан кезде өзінің жасаған қате-күнәларын көріп, әбден өкінеді, оның бұлай өкінгенін, қапаланғанын, опық жегенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Адам бұл уақытта өкінгені соншалық, қиыншылықтан, азаптан және қасіреттен құтылу үшін жалындаған оттың түбіне түсіп кетуге даяр болады. Алайда бұл азаптан құтылу болмайды. Осылайша, адам әбден опық жеп, өкінген сәтінде Раббысымен бетпе-бет келеді: **“Кітабыңды оқы. Бүгін есеп беру тұрғысынан өз-өзіңе жетесің (делінді) ”**. ("Әл-Исра" сүресі, 17/14)

Мына өмірде адамның айналасындағылардың оған жаман әсері, сонымен қатар адамның өмірге деген құштарлығы мен қалаулары оның жүрегінен түсінік сезімін мақрұм етеді. Оның мұндай қалыпта болуы өзінің игі істері мен жаман амалдарын ажыратып, көре білуіне бөгет болады. Алайда, аятта айтылғандай, бұл аталмыш кері әсерлерден адам мәңгі өмірде құтылады. Құтылғаннан кейін адам өз-өзіне есеп беріп, өзінің ар-ұжданын жауапқа тартады. Мына дүниелік әсерлерге қатысты қандай да бір шешімге келіп, сол сәтте адам қателіктеріне сылтау іздеп, өзін ақтап шығады не болмаса өзін кінәлап, сөгеді. Міне осындай кемелдікке ол тек ана өмірде жете алады. Алайда оның жағдайы қиын болса, ол мұны құтқара алмайды.

Расында, өлім сәті келген кезде адам бұл өмірмен қош айтысып, мына дүниемен байланысы үзіліп, аталған нәрселердің барлығын өз көзімен көреді. Ол бұл ақиқаттың баршасын денесін қара жерге бермес бұрын көреді. Сондықтан оның ішкі дүниесін өкініш сезімі оттай жандырып тұрады. Бұл дегеніміз, яғни, бір жағынан, адам бұл дүниеде өзін бақытты еткен, рахатқа баулыған нәрселерінен айырылып жатқандығынан қиналып, іші ашиды, ал бір жағынан, бұл өмірде жасауы міндет болған нәрселерді жасамағанына іштей өкініп, әбден қапаланып, құса болады.

Бұл тек мына дүниелік ләззаттар мен қуаныш-шаттықтармен айырылысудың өкініш оты. Ал бұдан бөлек, ақиқат үшін қамданар және дайындалар амалдарды жасамағандықтан туындаған сезім орны толмас өкініш болады.

Міне, сол себепті адам толықтай даярланған күйде жолға шығар болса, ол армандаған, қалаған нәрселеріне қол жеткізе алады және бұған жету үшін біреуден бірдеңе тілемейді. Ақиқатында, міне осылай болуы қажет. Сонымен, осы рухани қиналыстар мен зор қасіреттер – адамның тәні қабірге берілмес бұрын болатын қауіп-қатерлер. Иә, бұдан бөлек, оның денесін қабірге қойғаннан кейін адамның жаны денесіне қайта беріліп, есеп-қисапқа алынып жатқанда тағы да азап пен қиындықтарды көреді. Алайда кей кездері адам бұл азаптардан босатылған болуы мүмкін. Жалпы алғанда, мына дүниенің өткінші қызықтары мен қызылды-жасылды рахатына мас болып, сол үшін адасып жүрген адамның сол кезде көрер ахуалы төмендегідей

болмақ.

Ойша бір зәулім сарайды елестетіңіз. Оның ішінде бір билеуші өмір сүреді делік. Бұл сарайдың ішінде бәрі бар: қымбат қазына, түрлі бағалы заттар және көздің жауын алар сән-салтанаттар. Бұдан бөлек, ол билеуші рұқсат етілген және тыйым салынған нәрселердің арасына шекара жасап қойған. Бірақ сарай билеушісі ол жерден кетіп қалған кезде, бұл оңтайлы сәтті сол сарайдың ішіндегілердің бірі қолданып қалғысы келіп, билеушінің жұмсақтығын пайдаланып, өзін қалай болса солай ұстай бастайды, мысалы, ешқандай тыйымдарды елеместен билеушінің тұлпарына мініп, дандайсып кетеді. Бұлай жасағанын билеуші көріп қойса, өзін кешіре салады деп ойлап я болмаса бұл істеріне ешқандай да есеп алынбайды деп санап ол адам осындай іске бара береді. Ол адам тағы да басқа жаман істерге де қол сұғады. Кенеттен сол жерде сарай билеушісі келе қалып, жаңағы адам қылмыс жасап жатқан жерінде аңдаусызда оны көріп қояды. Ол жаңағы адамның жасаған істері, бүкіл амалдары жазылған дәптерді оның көзінше ашады. Жасалған әрбір ісі, аттаған әрбір қадамы айдай анық болып тұр. Ал сарай билеушісіне келер болсақ, одан басқа оған қарсы төтеп бере алатын ол жерде ешқандай күш иесі жоқ. Өзі қойған ережелерді елемей, шекараларынан асып кеткен нәрселерге ол тіпті көзін жұма салайын деп тұрған да жоқ. Ол сондай, жаман істер мен жасалған қылмыстардың есебін беріп, сол үшін азаптамай қоймайды. Ол заңға бағынбайтындарға, қарсы шығып, бүлік шығаратындарға қорғаушы болатындарды, соларды ақтайтындарды ешқалай да қабылдамайды.

Енді қылмыс үстінде қолға түсіп қалған адамның жағдайын елестетіп көріңіз. Бұл адам билеуші оны жазаламас бұрын-ақ жасағандарына өкініп, намысы оянып, ұялып, тұла бойын қорқыныш сезімі билейді. Енді ол тек қана өзінің жағдайы не боларын ғана ойлайды. Оның мұндай халі кейін жазаланатын жағдайынан да ауыр болады. Алайда ол әлі жазаға тартылып жатқан жоқ болса да.

Қайтыс болған адамның жағдайы осыған ұқсайды. Мына өткінші фәни дүние оның басын айналдырып, алдап-арбап, адамды бір күні Қожайынының алдына барып, есеп беретінін ойлатпайды. Ол жер бетіндегі дәулетке, молшылыққа толы өмірі мәңгіге болады деп ойлаған болатын. Оның денесі әлі қабірге салынбаса да, ол өкінішке оранып, ұялып, қиналып, әбден азап шегіп жатады. Қабір азабы әлі басталған да жоқ. Ал өлімалды арпалыс қиындықтар басталып кетті. Алла Тағала бізді осындай қиын жағдайға қалдырмасын, біздерді ондайдан сақтасын! Біз Алла Тағаладан осындай жағдайдан сақтауы үшін пана тілеп, жалбарынамыз.

Шындығында, адамның денесін соғатын таяқ пен оның денесінде қалып қоятын жара іздерінен бөлек зор нәрселер де бар. Бұл – перденің ашылып, адамның жасаған бүкіл амалдарының көрініп, әшкере болуы. Бұл ешқандай қиналыспен, азаппен және жазамен салыстыруға келмейді. Адам өлім аузында жатқан сәтте сезінетін, бастан кешіретін қиыншылықтарын ғана айтып отырмыз. Ал көкірек көзі ояу кей адамдар бұл ақиқаттарды көзі тірісінде жақсырақ біле алады. Сөйтіп бізге оларды жеткізе алады. Одан басқа, Құран мен Сүннетте бұл ақиқаттарға анық дәлел келтіріле, бізге баяндалған.

Алайда өлім атты ақиқатты толықтай түсініп, оны айшықтау мүмкін емес. Өмірді шынайы түсінбейтіндер өлімнің де ақиқатын біле алмайды. Өмірді шынайы түсіну адамның жанының не екенін және оның асылындағы мәнін ұғынуға жол болады. Сонымен қатар, оны тек сезімдік түйсік жолымен ғана ұғынуға болады.

Тіпті Алла Елшісіне (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) де рух жайлы сөйлеуге рұқсат етілмеген. Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) тек былай дегені ғана жеткен: "Жан (рух) –Раббымың құзырындағы нәрсе".



Сол себепті ғұламалар арасында адам рухының шындығындағы мәнін түсінетін ешкім болмаған, бола алмайды да. Олардың мұны түсініп-білуге қабілеттері жоқ. Адам рухының құпиясын ешбір ғалым аша алмайды. Бұл мәселені айшықтау мүмкіндігі тек адам өлгеннен кейін ғана беріледі, яғни өлім дегеніміз адам жанының жоқ болып кетуі емес. Мұнысымен қатар, бұл – адамның жаны түсінуге, заттарды ұғыну қабілетіне ие деген сөз. Көптеген аяттар мен хадистерде осы ақиқат жайлы айтылған және оған асамән берілу керектігі көзделген.

## 20 бөлім: Тақырыпқа қатысты аяттар мен хадистер

### Тақырыпқа қатысты аяттар мен хадистер

Раббымыз Алла Тағала Қасиетті Құран Кәрімде дін жолында шейіт болғандар, шахидтер жайында былай дейді: **"Алла жолында өлтіргендерді өлі деп ойлама, әрине олар тірі. Раббыларының жанында олар ризыққа бөлендіріледі. Олар Алланың кеңшілігімен өздеріне берген нәрселеріне мәз-мейрам болады да, әзірше өздеріне қосылмай арттарында қалғандарды да: «Оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды» деп шүйіншілегілері келеді**". ("Әли Имран" сүресі, 3/169-170)

Құрайыш тайпасының ең басты басшыларынан болғандар Бадр шайқасында мерт болғаннан кейін, Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) оларға былай деп айтады: "Уә, пәленше деген жан, түгенше деген жан...! Раббым маған уәде еткендерді мен таптым да, көрдім және ол – ақиқат. Ал сендерге Раббым уәде еткен, әділетті және шынайы болған нәрселерді таптыңдар ма?"

Қайтыс болса да, сол кісілерге айтып тұр ма деп сұрағандарға Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былайша жауап берген: "Жаным құзырында болған Алланың атымен ант етейін, олар менің айтқандарымды сендерден де жақсы естиді. Бірақ, өкінішке орай, кері жауап қата алмайды".

Алла Елшісінің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздері пұтқа табынушылардың жандары да, яғни жаман рухтар да мәңгілік болады дегенге дәлел бола алады. Сонымен қатар, рух тұрақтылық қасиетке ие болғандықтан, ол бір нәрсені қабылдай алады, түсіне алады және айтылғандарды анықтай алады. Оның үстіне, келтірілген аят пен хадисте көрсетілгендей, шахидтердің рухтары тұрақты болады және олар сауапқа кенеліп жатады. Демек, адам Алла одан разы болған күйде, бақытты болып бұл өмірден озады, я болмаса Алла одан разы болмаған күйде, бақытсыз болып қайтыс болады.

Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) тағы бір хадисінде былай деп айтқан: "Қабір жәннат бақшаларынан бір бақша немесе тозақ шұңқырларынан бір шұңқыр болады".

Бұл хадис бізге мына ақиқатты баяндап тұр. Өлім атты шындық дегеніміз – өлім келген тұста өзінің жағдайымен бетпе-бет келген жақсы не жаман адамның халінің және жағдайының өзгеруі. Алайда, басқа азаптар кейінірек болуы мүмкін, дегенмен, көрсетілетін азаптар немесе берілетін сауаптар ешқалай да кешіктірілмейді.

Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын Әнас (Алла одан разы болсын) жеткізген: "Өлім – Ақырет күні. Егер біреу қайтыс болса, ол үшін Ақырет

күні келді деген сөз". Басқа бір хадисте былай делінген: "Араларыңызда біреу қайтыс болса, Қиямет күніне дейінгі әр күні таңда және кеште оның орны оған көрсетіледі. Егер қайтыс болған адам жәннаттық болатын болса, онда Қиямет күніне дейін оған таңда және кешке оған болатын жері көрсетіледі. Егер ол тозақтық болатын болса, Қиямет күніне дейін оған оның тозақтағы орны көрсетіліп: "Міне, осы – сенің орның", - делінеді. Қиямет күні келіп, ол қайта тірілгенге дейін оған осылай айтыла береді.

Сонымен қатар, жәннатта немесе тозақта, сауапта немесе азапта болатын, бізді тосушы бұл орындардың әрқайсысы жайлы біздегі бар білім енді қазір құпия емес. Бұл екі орынның әрқайсысындағы жағдай әрқилы дәлелдер арқылы көрсетілген. Әбу Қайс айтқан: "Біз Әлқама екеуміз бір жерлеуге қатыстық. Ол бізге былай деп айтты: "Сіздер көріп тұрған мына марқұмның өмірі төңкеріліп түсті". Демек, бұл кісі тірі күнінде мән бермеген және ескермеген шынайы нәрселерді осы кезде көрді. Алайда барлығын қайта алып келу оның қолынан келмейді. Хазіреті Әли (Алла одан разы болсын) былай айтқан: "Кімде-кім мына жер бетінде өмір сүріп, жәннаттағы я тозақтағы орнын көрместен өліп кетеді деп айта алмаймыз. Оған міндетті түрде баратын жері көрсетіледі".

Әбу Хурайра (Алла одан разы болсын) былай деп айтқан: "Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: "Егер кімде-кім жалғыз және сүйеушісіз қайтыс болса, ол шейіт күйінде қайтыс болады. Оның үстіне ол қорқынышты қабір азабынан құтылады. Сонымен қатар, таң мен кешті қоса, оған жәннаттан тағам әкелінеді".

Ал Масрук былай деген: "Мен мүминнің қабірдегі жағдайынан басқа нәрсеге бұлайша қызықпаймын. Себебі мүмин жердегі қиыншылықтары мен қайғысынан құтылып, демалып жатады. Онысымен қатар, оған Алланың қаһарынан құтылу кепіл болады".

Йаълә бин Уәлид былай деген: "Мен Әбу Дардамен бірге келе жаттым. Мен одан: "Сен жақсы көрген адамыңа не тілейсің?" – деп сұрадым. Ол: "Өлімді", - деп жауап берді. Сосын мен былай сұрақ қойдым: "Ал егер ол ары қарай өмір сүруін жалғастырса ше?" Ол: "Онда оның ұрпағының және байлығының аз болуын тілер едім", - деді. Бұл жерде жақсы көрген адамына Әбу Дарданың (Алла одан разы болсын) өлімді тілеп отырғанының себебі – мүмин кісіден басқа адам өлімді жақсы көрмейді. Өйткені, өлім мүмин үшін түрмеден құтылып, бостандыққа жеткендей. Дәл сол секілді ұрпақ пен дәулеттің аз болғанын тілеуінің себебі – бұл нәрселер іріткінің пайда болуының бастауы. Олар адамның мына өмірге, дүнияуи нәрселерге байлануының ең үлкен құралы болып табылады.

Расында, адам ақырында нық және сөзсіз айырылысатын нәрселерге қатты әуес болғандықтан және байланып қалғандықтан, сонымен айырылысар сәт оған аса қиынға соғады және ол жан шыдатпас қиыншылықты, қасіретті, жан ауруын бастан кешіреді.

Адам бір кезде анығымен барлық нәрселермен айырылысады. Бұл сөзсіз өлім келген кезде болады. Міне, сондықтан Абдуллаһ бин Амр (Алла одан разы болсын) былай деген: "Асылында, мүмин жанын Аллаға тапсырып жатқан сәтте құдды түрмеге түсіп, сонда бір түн түнеп, сосын бостандыққа шыққан жан секілді. Дәл сондай, қамалушы кең дүниеге шығып, серуендеп, көптеген жерлерге барғаны секілді мүмин де жанын Раббысына тапсырған кезде қамаудан босатылып, бостандыққа шығады".

Міне, ең алдымен ақиреттік өмірі үшін дайындық жасайтын адам мына дүниелік нәрселерден арылуға, барынша онымен байланысын үзуге тырысып, Алланы зікір етуден басқа нәрсені ойламайды. Өйткені, дүнияуи істер оған шынайы Сүйіктісімен жүздесуге кедергі болады. Дәл солай, түрмеге қамалу адамға сүйіктілерімен көрісуге кедергі болғанындай, мына дүниелік

өмір Раббысы мен Онымен кездескісі келетін адамдар арасына бөгет болады. Себебі адамның дүнияуи нәрселерге құштарлығына, жаратылысына сай қажеттіліктеріне деген тойтарысы оған қиынға соғады және қиналдырады. Алайда өлім сәті келген кезде мүмин кісі бұл дүниеде оған қайғы-қасірет тудырған түрлі қиыншылықтардан құтылады. Ол тұтқындықтан босатылып, бостандыққа шыққандай болады. Енді ол Сүйікті Раббысымен жеке қалуға мүмкіндік алады. Енді ол барлық қиыншылықтар мен қасіреттен құтылып, ешқандай бөгет көрместен, Раббысымен кездесуден рахаттық сезініп, ләззат алады. Мүмин кісі үшін мұндай нығметтен асқан рахаттық пен бақыт бар ма екен?

Задында, бақыт пен игілікке жету дегеніміз – адамның қалаған нәрсесін алуы. Раббымыз Алла Тағала бұл жайында Құран Кәрімде былай деп баяндаған:

"Біз, дүние тіршілігінде де ақыретте де достарыңбыз. Сендерге ол жаннатта көңілдерің көксеген нәрселер бар. Сондай-ақ сендерге не тілесендер бар. Бұл аса жарылқаушы, тым мейірімді Алла тарапынан бір сыйлық". ("Фуссиләт", 41/31-32)

Раббымыздың жіберген дәл осы аяты жәннаттық ләззаттардың ерекшеліктері мен мәнін айшықтап түсіндіретін, мағынасын қамтитын аяттардың бірі болып табылады. Ал адамның өзі қалаған нәрсесіне жете алмауы – ең зор қасірет.

Мысалы, Раббымыз былай деген:

**"Олармен олардың қалаған нәрселерінің арасына кедергі түседі. Бұрын ұқсастарына да сөйтілген еді. Сөз жоқ, олар шәк ішінде күдіктенуші". ( "Сәбә", 34/54)**

Ал бұл аят болса, тозақ иелерінің неліктен ауыр азаптар мен қиындықтарды көретінін түсіндіретін, мағынасын қамтыған аяттардың бірі. Аллаға сенбеген, мойындамаған және тәрк еткен адамдар өлімдерінен кейін өздері сенген нәрселерінің пайдасын Қиямет күні көргісі келеді. Сондықтан олар тозақ отынан құтылғысы келіп, жәннатқа баруларын тілей бастайды. Олар қайтадан жер бетіне оралып, құлшылық пен игі амалдар жасағысы келеді, бірақ Алланы мойындамаған адамдар үшін бұл тек бос үміт қана болады. Себебі олар бұрын өздеріне берілген уақыттарын босқа өткізіп алған еді.

Шахидтік дәрежесіне жетіп қайтыс болған кісі өз жанын Раббысына берер-берместен, көп кешікпей сөзсіз өзіне даярланған сауаптар мен игіліктерді, мейірімді көріп, сезінеді. Бұдан бөлек, олар оны анық көреді, сырлы ілім иелерінің айтуынша, "Алланы шынайы тану – яқин" деп аталатын нұрлы, берік иманның арқасында айқын, дәл көзбен көргендей көреді. Оларға бұл жағдай ашық түрде көрсетіледі. Оның үстіне, осы тақырыпқа қатысты хадистердің әрқайсысы әр түрлі түсіндірмелердің, диалогтардың және баяндаулардың көмегімен шахидтер жететін шексіз игіліктер мен рақымшылықтар жайлы ақпараттарды хабарлайды. Мысалы, барша мүминдердің анасы – Хазіреті Айша (Алла одан разы болсын) жеткізуде: "Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Ухуд соғысында әкесі шейіт болған Жәбірге былай деді:

"Уә, Жәбір! Саған жақсы және қуанышты хабарды айтуымды қалайсың ба?" Ол: "Алла сізге жақсы жаңалықтарын жеткізе берсін! Әрине, айтыңызшы!" – деді. Сонда Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) шейіт болған әкесінің дәрежесін түсіндіріп былай деді: "Алла Тағала сенің әкеңді тірілтіп, оған былай деді: "Құлым! Егер қазір сенің қалаған нәрселерің болса, Менен сұра, себебі сұраған нәрсеңнің барлығын беремін". Оған жауап ретінде әкең былай деді: "О, Раббым! Саған лайықты түрде құлшылық ете алмадым, менің қалауым – Сен мені жер бетіне қайта жіберіп, Сенің Пайғамбарыңмен бір қатарда тұрып шайқасып, Сенің

жолыңда екінші рет шейіт болсам деймін". Ал Алла Тағала әкеңе былай деді: "Сен жер бетіне екінші рет жіберілмеуің үшін алдында Менің бұйрығым болып қойған".

Каъб әл-Ахбар былайша баяндаған: "Жәннатта бір жылап отырған адам пайда болады. Одан басқалар: "Сен қазір жәннатта тұрсың. Онда саған бұл жерде жылауға не түрткі болды?" – деп сұрайды. Ол болса: "Мен Алла жолында бір рет қана қайтыс болғаным үшін жылап отырмын. Қазіргі менің тек бір қалауым бар, ол – дүниеге қайта оралып, Алла жолында жүріп, көп рет шахид болып қайтыс болу", – деп жауап береді. Бұл мәселенің шындығы сол – мүмин кісі өлгеннен кейін бірден Алла Тағаланың құдіреті мен ұлылығын көреді. Ал мына өмір болса оған қиын қапасқа ұқсайды. Адамның бұл өмірдегі халі түрмеге қамалған адамның жағдайы іспетті. Кенеттен қараңғы қапас түрмеден бір есік ашылып, шегі жоқ керемет бақшаға жол ашылады. Бұл бақтың кең әрі үлкен болғаны соншалық, оның бітетін жерін көруге адамның көзі жетпейді. Онда әр қилы ағаштар мен жұпар иісті гүлдер, керемет раушан гүлдер мен жемістер бар, барлық жерде түрлі-түсті қанаттарын қаққан құстар ән салуда. Тұтқында болған адам, есік ашылып, кереметтілігі мен көркемдігін сөзбен айтып жеткізе алмайтын мұндай бақты көргеннен кейін ешқашан да қайтадан байырғы қараңғы түрмеге барғысы келмейді.

Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бұл ақиқатты мына мысалмен айшықтап берген:

"Қайтыс болған адам жайлы былай десек болады: "Бұл адам жер бетін тастап кеткен кезде түні бойы көз ілмеді, ал жанұясын жер бетінде тастап кетті. Ал егер ол барған жеріне қанағаттанатын болса, оны жер бетіне қайта бару туралы хабар қуантпайды. Дәл осы секілді, туылғаннан кейін сіздер де аналарыңыздың құрсағына қайта қайтқыларыңыз келмейді".

Бұл хадистен түсінетініміз – мына дүниемен салыстырғанда ананың құрсағы қаншалықты тар болса, ана өмірмен салыстырғанда мына өмір адамға соншалықты тар болады. Демек, ана өмірді көрген адам енді мына өмірге қайтқысы келмей қалады. Ананың құрсағы адамға жер жүзінен қараңғы болғаны сияқты мына өмір де о дүниемен салыстырғанда қараңғы болып қалады.

Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтқан:

"Мүминнің мына жер бетіндегі жағдайы шарананың ана құрсағындағы жағдайымен тең. Ананың құрсағынан туылғанда ол жақтан шыққаны үшін нәресте жылайды, ал бірақ ол жарық дүниені көріп, өз орнына барған соң, қайтадан өзінің бұрынғы орнына барғысы келмейді".

Мүмин де дәл солай. Басында ол өлімнен қорқады, қорыққаны соншалық төбе шашы тік тұрады. Алайда, ол Раббысына жеткен соң, қайтадан жер бетіне келгісі келмейді, сол секілді нәресте де қайтадан ананың құрсағында жатқысы келмейді.

Алла Елшісіне (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) біреу қайтыс болды деген кезде ол былай дейтін: "Бұлай болғаны жақсы болды, демек, адам демалу үшін кетіп қалды я болмаса басқалар одан құтылды".

Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) адам "демалу үшін кетіп қалды" деген сөзбен мұсылман адам мына өмірден демалу үшін кетті деген мағынаны жеткізіп тұр. Ал "басқалар одан құтылды" деп қайтыс болған адамның күнәһар, жаман адам болғанын меңзеп тұр. Қайтыс болған адам тірі күнінде басқаларға күн көрсетпей, мазаларын алғандықтан айналасындағылар қиналған, енді оның жаман қылықтарынан құтылып, тыныштық табуда. Өйткені, жер бетінде өмір сүретін адамдар осы уақыттан бастап оның зұлымдықтарынан

алшақ қауіпсіздікке жетеді.

Әбу Амр былай деп айтқан: "Біз әлі кішкентай бала болған кезімізде ибн Омар (Алла одан разы болсын) келді. Жол бойында ол сыртына бас қаңқасы шығып жатқан бір моланы көріпті. Сонда ол біреуге қаңқаны топырақпен жауып қою керектігін айтыпты. Әлгі кісі айтқанын жасапты. Сосын ибн Омар (Алла одан разы болсын) былай деген екен: "Мына топырақтың сыртына шығып жатқан денелерді көріп тұрсыңдар ма? Жазаны көріп жатқан олар емес. Олардың жандары ғана азапталып жатыр. Және бұл рухтарға берілетін жазалар Қиямет күніне дейін жалғасады".

Амр бин Динар былай деген: "Қайтыс болған әрбір адам, қабірге жерленбес бұрын, жанұя мүшелері оның қасында болған кезде болып жатқан нәрселердің баршасын біліп, көріп тұрады. Адамдар оның денесін жуындырып, кебінге орап жатқандарын біліп тұрады, ол сол адамдарға қарап тұрады".

Мәлік бин Әнас айтқан: "Маған жеткен мәлімет бойынша, мүминдердің жандары бостандықта болады. Олар қалаған жерлеріне барып жүре береді".

Нуман бин Башир былай деп баяндаған: "Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) мінберде тұрып былай деп айтқанын естідім: "Біліп қойыңыздар, тағдырымызға жазылған өмірімізде аз ғана уақыт қалды, құдды шыбынның мына жер жүзіндегі алатын орны секілді. Сендердің қабірлерде жатқан бауырларың жайлы ескертемін. Себебі олар сендердің жасап жүрген әрекеттеріңнен хабардар болады".

Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын Әбу Хурайра (Алла одан разы болсын) жеткізген: "Өздеріңнің жаман амалдарыңмен өлілерді ұятқа қалдырмаңдар. Өйткені сендердің амал-әрекеттерің қабірдегі жақындарың мен олардың жолдастарына көрсетіледі".

Сондықтан да Әбу Дарда (Алла одан разы болсын) Алла Тағалаға былай деп дұға жасайтын: "Уә, Алла Тағалам! Көкем Абдуллаһ бин Рауаханың (Алла одан разы болсын) алдында ұятқа қалатындай қандай да бір іс жасап қоюдан Бір Өзіңе сыйынамын және Сенен жәрдем сұраймын".

Абдуллаһ бин Амр бин Астан былай деп сұралған: "Мүминдер қайтыс болғаннан кейін олардың жандары қайда кетеді?" Ол: "Мүминдердің жандары жеті қат көктің астында аппақ құстардың жемсауында болады. Ал Аллаға сенбегендердің, мойынсұнбағандардың жандары болса жеті жер қыртысының астында жатады".

Абу Саид Худри (Алла одан разы болсын) былай деп айтқан: "Мен Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естідім: "Қайтыс болған адам өзін кім жуындырғанын, тасығанын және қабірге қойғанын біледі".

Салих әл-Мурри былай деген: "Өлім келген кезде рухтар бірге жиналады деп естідім. Бұрын қайтыс болғандардың рухтары жақында қайтыс болғанның рухынан былай деп сұрайды: "Сенің орның қандай?».

Убайд бин Умайр былай деген: "Қабір иелері әрдайым бір хабар күтіп жатады. Жаңадан бір өлікті алып келген кезде одан басқа біреулер жайлы сұрайды: "Мынадай деген адам не істеп жүр? Ол қалай?". Қазір ғана жерленген адам былай жауап береді: "Ол адам қайтыс болғалы көп уақыт өтті. Оны сендер көрмедіңдер ме? Оны сендерге көрсетпеді ме?". Бұған әлгілер

былай дейді: "Біз барлығымыз Алладан келдік және Оған ораламыз. Оны біз болмаған басқа бір жерге алып кеткен. Ол жер бетінде де бізбен бірге болмаған".

Жафар бин Саид былай деп айтқан: "Өзінен бұрын баласы қайтыс болып, сосын өзі қайтыс болса, баласы оны күтіп алады".

Ал Муджахид былай деген: "Расында, қайтыс болған адамның ұрпағы салиқалы және әдепті болса, оған жақсы хабар ретінде жеткізіледі".

Әбу Аюп әл-Ансари (Алла одан разы болсын) жеткізуде: "Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: "Мүмин жанын Аллаға тапсырған кезде, мына өмірде біреу оған жақсы хабар әкелгені секілді, Алланың құзырындағы періштелер оған былай дейді: "Бауырларың жақсылап демалып алуы үшін уақыт беріңдер, себебі ол қатты қиыншылық пен ауыртпалықтар көрді".

Адам қайтыс болып, қабірге барған кезде, қабір иелері оның басына жиналып, былай деп сұрақ қояды: "Мынадай деген адам не істеді? Мынадай деген әйел не істеді? Ана әйел тұрмысқа шықты ма?".

Егер одан бұрын қайтыс болып кеткен адам жайлы сұралса ол былай жауап береді: "Ол кісі мен қайтыс болмас бұрын қайтып кеткен еді". Сонда қабір иелері былай дейді: "Біз – Алла Тағаланың құлдарымыз, әрі Оған ораламыз. Демек, оны тозақ деп аталатын жерге алып кеткен".

## 21 бөлім: Қабірдің қайтыс болған адаммен сөйлесуі

Қайтыс болған адамдардың сөйлесуі "жүрек тілі" арқылы бізге белгілі сөздермен жүзеге асады я болмаса "хал-жағдай тілі" деп аталатын жағдай арқылы болады. Алайда өлілердің мәселелерін түсіну көзқарасы бойынша, "хал-жағдай тілі" арқылы түсінісу тәсілі тірілер қолданатын ауызекі сөйлеу тіліне қарағанда әлдеқайда анық және түсінікті болуы ықтимал.

Алланың Пайғамбары (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай деп айтқан:

**"Қайтыс болған адамды қабірге жерлеген кезде қабір оған былай деп тіл қатады: "Құрып кеткір, әй, пенде! Сен мен жайлы ұмытуыңа не себеп болды? Мені есіңе алмайтындай не нәрсеге сонша құнығып кеттің? Мен сынақ пен қиыншылықтың орны болатынымды сен білмеуші ма едің? Мен қараңғылық әлемі екенім саған белгілі болмап па еді? Жападан-жалғыз қалатын, жалқылықта болатын үй екенімді сен есіңе алмадың ба? Құрт-құмырсқалар мен жәндіктердің панасы екенім ойыңа кіріп-шықпады ма сенің? Мені ойламауыңа не себеп болды? Менің қасымнан өткен кездерінде өзінді қауіпсіздіктемін деп сезініп, өз-өзінді тым тәкаппар санаушы едің ғой. Адасушылыққа түсуіңе не нәрсе түрткі болды?" Қабірге жерленіп жатқан адам тірі күнінде расымен де тақуа кісі болып, басқаларды ақиқатқа тартқан, өзі де Алланың бұйрықтарын орындап өмір сүрген болса, оның орнына қабірде басқа біреу былай деп жауап береді: "Бұл адам басқаларды жамандықтан тыйып, жақсылыққа шақырғанын көрмеп пе едің?" Сол кезде қабір былай дейді: "Олай болса мен жасыл шөпке оранып, ол үшін жайнаған бақша боламын".**

Убайд бин Умайр Лейси былай деп айтқан: "Бір кісі қайтыс болған кезде, оны жерлейтін орны

оған былай деп тіл қатады: "Мен – қараңғылық, түнек пен жалғыздық үйімін. Мен – адамның жападан-жалғыз қалатын орнымын. Егер тірі кезіңде Аллаға мойынсұнған болсаң, Алла сені рахымшылығына алатынына кепіл бар. Ал егер тірі күніңде Аллаға қарсы шыққан адам болсаң, мен енді сазайыңды беремін. Адам Аллаға мойынсұнған күйде маған жерленген болса, менен айырылған кезде де қуанышты әрі бақытты болады, иә, мен сондай жермін. Ал Аллаға мойынсұнбаған адам маған жерленсе, менен айырылған сәтте де азап пен қиыншылық көреді".

Мұхаммед бин Сабих былай деп баяндаған: "Қабірге жерленген адам ол жақта қиыншылық пен азап көретіні айтылады. Көршілес қабірде жатқан адамдар оған былай дейді: "Әй, жерде қалып, бауырлары мен көршілерінен кейін бұл жерге келген адам! Сен бізге қарап ешқашан өзіңе сабақ алмадың ба? Біздің сенен бұрын бұл жерге келгеніміз сені ешқалай ойландырмады ма, уайымдатпады ма? Біз содан кейін еш нәрсе істей алмай қалғанымызды сен түсінбедің бе? Бізден кейін сен тірі болғаныңда саған уақыт берілгенін сен түсінбедің бе? Сонда не үшін бұл жайында еш уақытта ойламадың? Бұл жаққа сенен бұрын келген бауырларың қалт жіберіп алған нәрселерге сен жете алуыңа мүмкіндігін барын неге сен ойламадың?" Осы уақытта ол кісі жатқан жер де оған былай дейді: "Уақытша өмірдің алдамшы қызықтары мен жылтыры қызықтырып, алданған әй, пенде! Жалған дүниемен алданған бауырларың мен жер қойнауына кеткен жақындарыңа қарап сен неге өзіңе сабақ алмадың? Сенің өліміңнен бұрын жеткен жақындарың мен таныстарыңның өлімі оларды мына қабірге алып кеткен жоқ па еді?! Ал сен олардың денесін өз иығыңда тасып, осында әкеліп, достарыңмен бірге көмбеп пе едіңдер?! Бұл сөзсіз сосын өз басыңа түсетінін сен неге ойламадың?"

Йазид Раккаши былай деп айтқан: "Адам қайтыс болып, денесін қабірге берген соң, бірден оның амалдары оны қоршап алады деп естідім. Сол кісі жасаған амалдарды сосын Алла Тағала сөйлеттіреді. Олар адамға былай деп айтады: "Әй, өз қабірінде жападан-жалғыз қалған пенде! Осы кезде сенің жанұяң мен достарың сенен кетіп қалды. Енді осы күннен бастап сенімен дос болатын бізден басқа ешкімің жоқ".

Қаъб әл-Ахбар былай айтқан: "Алланың тақуа құлын қабірге қойғаннан кейін, оның барлық жасаған игі амалдары оны жан-жағынан қоршап тұрады: намазы, ұстаған оразасы, қажылығы, жиһады және берген садақасы. Осы кезде азап беруші періштелер оның аяқ жағынан оған жақындап келгісі келеді. Сол сәтте намаз олардың алдына шығып былай дейді: " Оны жәбірлеп-қинайтындай сендерге мұнда жол жоқ. Себебі бұл адам ұзақ уақыт бойы намаз оқыған. Біз сендерге оған жақындауға жол бермейміз. Ары кетіңдер". Сосын азап періштелері адамның бас жағынан келіп жақындағысы келеді. Осы кезде ораза оларға бөгет болады:

"Сендер бұл адамға жақындай алмайсыңдар. Себебі бұл адам жердегі өмірінде Алла разылығы үшін ұзақ уақыт бойына сусыз жүрген еді. Сендерге бұл жерде де жол жоқ". Сол уақытта азап періштелері адамның басқа жағынан келейін дейді. Ал қажылық пен жиһад оларға осы тұста қарсы тұрып, тойтарыс береді. Олар азап періштелеріне былай дейді: "Бұл адамнан алшақ жүріңдер, себебі ол өзін Алла разылығы үшін құрбан еткен, өзінің жанын Алла үшін пида еткен. Ол Алла жолында жүріп, қажылық жасады. Сендер оған жақындауға мұнда жол жоқ!" Сол кезде азап періштелері адамның қолдарына жақындай бастайды. Бірақ садақа мен зекет оларға қарсы тұрып, былайша тіл қатады: "Бұл адамнан ары кетіңдер. Оның қолдары қаншама садақа мен зекет берген еді! Алла разылығы үшін берілген бұл садақалар Алла Тағалаға жетті. Оған жақындауға сендерге мұнда да жол жоқ!" Міне, осылайша адамның тірі күнінде жасаған әрбір игі амалы азап періштелеріне оған жақындауына бөгет болып, адамның азапталуына жол бермейді".

Қаъб сөзін былайша жалғастырады: "Сол кезде әлгі адамға былай деп айтылады: "Сен керемет

ғұмыр жасадың. Сенің өмірің жақсы әрі бақытты болды. Енді өлімің де жақсы, бақытты және керемет болсын". Осыдан кейін оған мейірім періштелері келеді. Олар өздерімен жәннаттан алып келген төсек-орынды жаңағы адамға төсейді. Жәннаттан әкелінген көрпемен оның үстін жабады. Сосын олар адамның көзі жететін жерге дейін оның қабірін кең етіп созады. Сонымен қатар, оған жәннаттан әкелінген шырақ беріледі. Осы шырақ арқылы адам қайта тірілгенге дейін, яғни Қиямет күніне дейін оның жатқан жері жап-жарық болып тұрады".

Абдуллаһ бин Убайд бин Умайр бір жерлеуге орай былай деп айтқан: "Мен Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естідім: "Қайтыс болған адам қабірінде отырады, жерлеуіне қатысуға келген адамдарды біледі, олардың айтқан сөздерін естиді. Оның қабірі онымен сөйлесіп, оған былай деп тіл қатады: "Ұят емес пе саған, әй, пенде! Мен жайлы саған хабар айтылмап па еді?! Мен мұңға толы және денені қысатын, жәбірлейтін орын екенімді саған басқалар айтқан еді ғой?! Мен қорқыныш пен сұмдыққа толы, жан-жақтан қаптап жәндіктер келетін орын екенім саған айтылмап па еді, ескертілмеп пе еді?! Енді айт, қане, мен үшін сен не дайындадың?"

## **22 бөлім: Қабір азабы және Мүңкәр мен Нәкір періштелердің сұраққа алуы**

Бара бин Азиб (Алла одан разы болсын) төмендегідей баяндаған: "Біз Алла Елшісімен (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бірге ансарлардан болған бір кісінің жерлеуіне қатысқан едік. Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оның қабірінің басында басын төмен салбыратып отырып, үш мәрте былай деді: "Я, Раббым Алла! Мені қабір азабынан қорғауыңды тілеп, пана сұраймын". Сосын былайша жалғастырды: "Егер мүмін кісі тірі күнінде тақуа болып, дұрыс ғұмыр кешкен болса, ол өлім аузында жатқанда Алла Тағала оған жүздері күн секілді жарқырап тұратын жүздеген періштелерді жібереді. Періштелер қайтыс болған адамға жұпар иісті әтір мен кебін алып келеді. Сосын олар өлім аузында жатқан адамның қасында күтіп тұрады. Ал адам жанын Раббысына тапсырған кезде көктер мен жердің арасындағы періштелер және көктегі әрбір періште ол үшін дұға етеді. Көктің әрбір қақпасы оған ашылып, сол қақпа арқылы әлгі кісінің өткенін қалап тұрады. Қайтыс болған кісінің жанын періштелер көкке әкетіп бара жатып былай деп айтады:

**"Я, Раббым! Сенің мынадай деген құлың келді". Ал Алла Тағала оларға былай жауап береді: "Оны қайта алып кетіңдер. Алдымен оған Мен дайындаған игіліктер мен сауаптарды көрсетіңдер. Өйткені Мен құлыма былайша сөз бергенмін: "Одан (топырақтан) сендерді жараттық. Оған қайтарамыз да екінші рет содан шығарамыз".** ("Таха" сүресі, 20/55)

Қайтыс болған адамның денесін қабірге қойғаннан соң, ол адам өзін жерлеп, кейін ол жерден қайтып бара жатқан жақындарының қадам дыбыстарын естіп жатады. Оған мынадай сөздер айтылғанға дейін ол барлық нәрседен хабардар болып жатады: "Әй, пәленше деген пенде! Сенің Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім?"

Мүңкәр мен Нәкір періштелер соңғы сынақ ретінде оның денесін қысып жібереді. Қайтыс болған адам Мүңкәр мен Нәкірдің сұрақтарына мынадай жауабын береді: "Раббым – Алла, дінім – Ислам, ал пайғамбарым – Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын)". Ол осылай жауап бергенде бір дауыс оған былай дейді: "Сен өте дұрыс айттың!" Бұл сөздер Алла Тағаланың мынадай сөздерінің мағынасы болады. Раббымыз Алла Тағала былай деген: "Алла Тағала сондай иман келтіргендерді, дүние тіршілігінде де, ақыретте де мықты сөзбен бекітеді. Алла залымдарды адастырады. Сондай-ақ Алла қалағанын істейді". ("Ибраһим", 14/27)



Осыдан кейін оған әдемі киім киінген, жұпар әтір сепкен, ажарлы біреу көрінеді де, былай дейді: "Алланың рахымшылығымен саған жәннат бақтары жайлы керемет хабар айтайын. Сені жақсы хабармен құттықтаймын! Бұл – мәңгілік игіліктері болатын жәннат бақтары. Онда сен бақыт пен шаттықта болуың үшін!". Осындай керемет жақсы хабарды алған қабірдегі адам былай сұрайды: "Сен кімсің? Сені де Алла Тағала бар жақсылықпен қуандырсын!". Әлгі болса былай жауап береді: "Мен – сенің игі амалдарыңмын. Алланың атымен ант етемін! Сені әрдайым Аллаға мойынсұнған, тақуа құл ретінде көріп келдім, сен Аллаға ризашылық танытпайтын, Оған наразылық айтатын жерлерден аулақ жүрдің. Саған Алла игілігін нәсіп етсін!"

Бұл хадисті жеткізуші кісі ары қарай былай баяндайды: "Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: "Сосын біреу былай деді: "Оған жәннаттан төсеніш әкеліңдер және оған жәннатқа жетелейтін есікті ашыңдар". Сол мезетте оған жәннаттан төсеніш әкелініп, жәннат есіктерінің бірі ашылады. Мұны көрген Алланың құлы былай дейді: "Алла Тағалам! Тезірек мен жанұяммен кезігуім үшін әлем төңкеріліп кетсе екен!"

Ал Аллаға сенбеген адамға келер болсақ, ол өлім аузында жатқан кезде оған от пен қара шайырдан тоқылған жейде киген періштелер келеді. Адам өлім аузында болып, қиналып жатқан кезде әлгі періштелер оның көз алдында оны күтіп тұрады. Оның жаны денесінен шығар-шықпас көктер мен жер арасындағы бүкіл періштелер және көктегі әрбір періште оны лағынеттеп тұрады. Көктегі барлық қақпалар бірі қалмастан оның көзінше қарс жабылады. Оның өтуіне ешқандай есік келіспейді. Ешбір қақпа оған разылығын танытпайды. Азап періштелері оның жанын апара жатқанда оны кері қарай ысырып, сыртқа лақтырады. Сосын оған былай делінеді: "Раббым Алла! Бұл – мынадай деген құлдың жаны. Оны не жерде, не көкте қабылдамай жатыр!" Алла Тағала былайша бұйырады: "Оны кері алып кетіңдер. Оған дайындаған қаталдықты өзіне көрсетіңдер. Себебі мен былай деп сөз бергенмін: "Одан (топырақтан) сендерді жараттық. Оған қайтарамыз да екінші рет содан шығарамыз". ("Таха" сүресі, 20/55)

Бұл кісі де оның қабірінен алыстап бара жатқан қадам дыбыстарын естіп жатады, сосын Мүңкәр мен Нәкір періштелері оған былайша сұрақтар қояды: "Мынадай деген адам! Сенің Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім?" Осы сұрақтар қойылғанда жаңағы адам тек: "Мен білмеймін", - деп қана жауап береді. Оған: "Иә, сен білмейсің!" – дейді. Сосын оның қасына үстінен жаман иіс аңқыған, жиіркенішті киім киген, түрі жаман біреу келіп, оған былай дейді: "Саған Алланың ашуланғанғаны мен қаһары жайлы және сен мәңгілік көретін азапты қиыншылықтар жайлы жаман хабарды саған жеткіземін!" Ал анау адам былай дейді: "Сен кімсің? Сен қайдан келдің? Алла зор жаманшылықтарды саған "сыйға тартсын!" Ал түрі қорқынышты әлгі болса оған былай жауап береді: "Мен – сенің лас, жаман істеріңмін, сен мені тірі күніңде жер бетінде жасағансың. Алланың атымен ант етейін, сен Аллаға қарсы шығуға және наразылық білдіруге алдыңа жан салмаушы едің, және керісінше, Оған мойынсұнуға тырыспадың да. Енді Алла істегеніңе орай жазаңды берсін. Ол Өзінің қаһарын арттырып, сенің сазайыңды тартқызын!". Ал адам оған: "Сенің маған айтқан нәрселеріңнің баршасын өзіңе қайтарамын, Алла сені де жазаласын!" – дейді. Осыдан кейін оған қолында темір шоқпары бар, соқыр, мылқау, керең біреу келіп, шап береді. Егер барша жындар мен адамдар жиналып, барлығы бірге жаңағы шоқпарды оның қолынан алғысы келсе, ешбірінің де оны жылжытуға күші жетпес еді.

Егер ол шоқпармен тауды ұрар болса, тау сол мезетте шаң-тозаңға айнала еді. Енді сол шоқпармен қабірдегі адамды соғатын болса, ол күл-тозаңға айналады. Кейін жаны қайтадан адамға қайтарылады. Сосын әлгі шоқпармен адамның шекесінен ұрылады, адамдар мен жындардан басқа әрбір жаратылыс иесі соғылған адамның шыңғырған даусын естіп тұрады.

Кейін бір дауыс пайда болып: "Тозақтан болған екі төсенішті бұл адамға жайыңдар да, оған тозаққа апаратын есікті ашыңдар", - дейді.

Мұхаммед бин Әли былай деген: "Кімде-кім қайтыс болған кезде, оның жер бетінде жасаған ізгі я болмаса жаман амалдары басқа бір кейіпке еніп, оның көзіне көрінеді. Адам өзінің ізгі амалдарына көз алмай қарап тұрады, ал жаман істеріне қарағысы келмей, көзін тарта береді".

Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны Әбу Хурайрадан (Алла одан разы болсын) жеткен: "Мүмін кісі өлім аузында жатқан кезде оған райхан гүлдерінің гүлшоғы мен жұпар иіссу салынған, жібектен тоқылған себетпен періштелер келеді. Мүміннің жаны тәнінен құдды майдан тал шыбықты суырып алғандай шығады. Оның үстіне, оның жанына былай делінеді: " Уә, тыныштық тапқан, сенімділікке жеткен жан! Разы болған күйде және рахаттанып шық. Алла Тағалаға бар, Оның жайдарман қабылдауына бар". Мүміннің жаны жұпар иіссу мен райхан гүлдеріне қойылады, ал үстіне жібек жабылады. Осылайша ол "илийин" деп аталатын жәннат бақтарының ең жоғарғы дәрежесіне жеткізіледі. Ал кәпір болса, ол өлім аузында жатқанда оған отқа толған себет ұстаған періштелер келеді. Олар адамның жанын дөрекі түрде жұлып шығарып алады да, былай дейді: "Әй, жексұрын жан! Алланың мейірімінен алшақтаған күйде, азапталып шық, сен Алланың жазасы мен азабын көресің!" Оның жаны тәнінен шыққан кезде, жаны тозақ отынан болған көмірдің үстіне қойылады. Осылай отқа жанып жатқан күйде үстіне ескі-құсқы бір шүберек тасталады да, оны "сиджин" деп аталатын тозақтағы бір орынға әкетеді.

Мұхаммед бин Қаъба Куразидің мынадай аяттарды оқығаны жеткен: **"Ақыр олардың әрбіріне өлім келген сәтте: "Раббым! Мені дүниеге қайтар!" "Мүмкін мен қалдырған дүниеде жақсы амал істермін." Әсте олай емес. Рас бұл, оның бір айтқан бос сөзі. Өйткені, олардың артында қайта тірілетін күнге дейін бөгет бар".** ("әл- Му` минун", 23/99-100).

Алла Тағала айтады: "Сен не қалайсың? Неге талпынасың? Сен қайтадан дүние-байлық жинау үшін артқа қайтқың келеді ме? Сен жерге бір нәрсе егу үшін қайта қайтпақшысың ба? Сен биік зәулім ғимараттарды соғу үшін оралмақсың ба артқа? Ақша жұмсау үшін бе? Каналдар жүргізу үшін бе? Айт, қане, не үшін артқа қайтқың келеді?" Ал құл былай деп жауап береді: "Жоқ, мен бұл істердің бірі үшін де қайтқым келмейді. Мен тек тірі күнімде мән бермеген, жасамаған ізгі амалдарды жасау үшін ғана артқа қайтқым келеді". Құлының мұндай жауабынан кейін Ең Құдіретті болған Раббымыз оған былай деп айтады: "Жоқ! Сенің айтқаның енді еш уақытта болмайды!" Өйткені әлгі адамның айтып отырғаны тек бос сөздер ғана болады. Адам бұл сөздерді өлім аузында қиналып жатқан кезінде айтады".

Әбу Хурайра былай деп айтқан: "Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: "Мүмін кісі өзінің қабірінде болғанда жасыл, жаймашуақ бақшада болады. Оның қабірі жетпіс аршынға кең болады әрі он төртінші түні ай қалай жарық болса, солай жарық болып тұрады".

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларынан мына бір сөздері бар аят қандай адамға қатысты түскенін біліп-білмейтіндіктерін сұрайды: "Шүбәсіз, олар үшін берекесіз, шектеулі өмір болады..." Сахабалар: "Алла және Оның Пайғамбары дұрысын біледі", - деп жауап береді. Сонда Пайғамбар былай дейді: "Бұл – кәпір адам қабірде болғанда көретін азаптары. Оған тоқсан тоғыз айдаһар шабуыл жасайды. Айдаһар не екенін сендер білесіңдер ме? Олар – тоқсан тоғыз жыландар. Әр жыланның жеті-жетіден бастары болады. Жыландар адамның тәнін бүкіл жерінен өздерінің уын салып, шаға береді. Олар оның денесіне кіріп-шығады. Бұл жағдай барлығы қайтадан тірілгенге дейін, Қиямет күніне дейін жалғасады".

Осы жыландарға қатысты қабір азаптарының сипаттамасына қайран қалудың еш қажеті жоқ. Адамның бойында мына жаман қасиеттер бола тұра бұған таңқалу дұрыс болмайды: жаман мінез, тәкаппарлық, менмендік, екіжүзділік, сабырсыздық, көреалмаушылық, кекшілдік, қастандық және басқа да жаман қасиеттер.

Жауыздық пен кеселдің түбі бар екені белгілі. Олар сол түптерімен өсіп-өніп, көбейеді. Осы тамырларын жайған жауыздық пен кесел және олардан шыққан тармақтар көптеген бөліктерге бөлінеді. Осы жаман қасиеттер мен құрдымға апаратын жаманшылықтар адамның өмірін тас-талқан етуге жеткілікті және адам бір құрдымнан басқасына тап болуға да жетерлік. Осы жаман қасиеттердің өздері-ақ шаяндар мен жыландарға айналып кетеді. Тіпті олардың ең жаман зорының жалғыз өзі ғана адамды жылан шағып алғаннан да бетер улануына жетерлік болады. Ал әлсіздерінің шағуы шаянның шағуымен тең болады. Орташалары болса адамды қарапайым жылан шаққандай шағады.

Сырға толы ілімді білушілер осы ақиқатты өздерінің көкірек көздерімен және көрегендігімен біле алады. Олар бұл қиыншылықтарға тап болудың қауіптілігін жақсы түсінеді. Алайда мұның барлығын ұғыну оңай шаруа емес. Оларды тек пайғамбарлық қасиеттермен білуге болады. Оларға белгілі тараптардан басқа бұл мәлімдеменің жасырын жақтары да бар. Алайда олардың барлығы білімді кісілерге белгілі.

Егер де кімде-кім мұны қабылдай алмаса, шынайы мәні мен мағынасын түсіне алмаса және ақиқат оларға анық, айқын көрінбесе, олар оны тәрк етіп: "Мен көрмей тұрмын", - деп айтуы дұрыс болмайды. Ал иманның ең төменгі дәрежесі бізге жеткен хабарларға сеніп, растау және соған мойынсұну емес пе. Мынадай сұрақ туындауы мүмкін: "Біз иман етпеген адамдарды белгілі бір уақыт бойынша бақылаймыз, бірақ хадистерде айтылған олардың өлімі мен қабірде болуларына қатысты еш нәрсені көре алмаймыз. Ал адам көрмегенін қалай дәлелдей алады? Ол мүмкін бе?"

Мұндай жағдайда ақиқатты дәлелдеудің үш тәсілі болуы мүмкін.

**Бірінші әдіс.** Бұл – ең дұрыс, сенуге болатын анық әдіс. Осы әдіске орай, адам мәселеге өз көзімен көріп тұрғандай, дұрыс, тура әрі әділетті қарауы тиіс. Яғни, мүмін кісі қабірдегі болатын азаптарды, шаян, жыландар және сол сияқтылар адамды шағып, оны қинайтынын біледі және мойындайды. Алайда, оған қарамастан, біз оның барлығын өз көзімізбен көре алмаймыз. Сонымен қатар, бес сезім мүшелері арқылы да сезе алмаймыз және оны тәжірибеге сала алмаймыз. Себебі періштелер әлеміндегі болып жатқан оқиғаларды көретін қасиетке біздің көздеріміз ие емес. Біздің көздеріміз тылсым дүниеге байланысты нәрселерді көре алмайды. Өйткені мұның барлығы рухтар әлеміне қатысты.

Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары жайлы ойлаңыздар. Олар Жебірейіл періштенің (әлейхиссалям) Алла Елшісіне (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) келгеніне сөзге келместен, анық әрі бірден сенді. Ал бірақ олардың ешбірі Жебірейілдің (әлейхиссалям) келгенін өз көздерімен көрмеген. Олар ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оны көргендігіне нық сенді әрі оны құптады.

Егер бұл ақиқатқа сенбесең, онда діннің негізін құрайтын Алладан келген уахи мен періштелер жайындағы ақиқатқа деген иман мәселелесі сен үшін басымды маңызда болуы керек. Бұл сен үшін өте маңызды болып табылады. Ең алдымен, сен бұл мәселедегі өзіңнің сенімді дұрыстауың қажет. Егер сен осы ақиқатқа сенсең, онымен қатар ардақты Пайғамбарымыз

(оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің үмметі көрмеген нәрсені көргеніне сенсең әрі оны қабылдасаң, онда оның (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өлілерге қатысты айтқан хабарларына сенбегенің дұрыс болады ма? Бұл сенің адасуың болады емес пе? Міне, періштелер адамдар мен жер бетіндегі басқа да тіршілік иелерінің ешбіріне ұқсамайтыны секілді қабірдегі адамдарды шағатын жылан-шаяндар да жер бетіндегі біз білетін шаяндар мен жыландарға ұқсамайды. Керісінше, олар тіпті басқаша және оларды тек ерекше қабылдау қасиеттерінің көмегімен ғана сезуге болады. Ал бізде ондай сезім қабілеті жоқ, сондықтан оларды тани да алмаймыз, түсіне де алмаймыз.

**Екінші әдіс.** Бір адам өзін жылан шағып жатқанын түсінде көріп жатыр деп елестетіп көрелік. Бұл нәрсе түсінде болып жатса да, әлгі кісі қатты ауыруды сезініп жатады. Кейбір кездері тіпті кей адамдар қиналғаннан айқайлап жіберіп, су терге түсіп оянып жатқанын байқауға болады. Кейде адам тіпті дәл сол жерге қайта жатуға қорқады немесе қайта ұйықтамай қояды. Міне, адам түсінде бұл нәрселерді көрсе де, қатты қиналып, азап шегеді, порша-порша терлеп оянады, тіпті оның жан даусын ести тұра неліктен басқалар оған көмектесуге келмегенін ол сұрай бастайды. Ояу адам жылан шаққанда қалай қиналса, жаңағы адам да түсінде солай қиналады. Ал сол мезетте сырттан бақылап тұрған адам оның қиналып жатқанын білмейді, ұйықтап жатқан кісі жайбарақат жатыр деп ойлайды. Оның қасында ешқандай жылан жоқ екенін де көріп тұрады. Ал ұйықтап жатқан кісі үшін қасында жылан бар және өзін шағып жатыр. Ұйқыдағы кісі әбден қиналып, тіпті содан денесі құрысып та қалады. Сергек тұрған адам мұны сезіне алмайды, себебі ол оны көріп те, біліп те тұрған жоқ. Ауыру мен қиналу жыланның шаққанынан болғаны үшін, жыланның көзбен көруге болатын кәдімгі жылан ба әлде қиялдағы жылан ба екені маңызды емес. Олардың кез-келгені адамды бірдей қинайды және адамның одан сезетін ауруы бірдей.

**Үшінші әдіс.** Жыланның өзі адамға ауру, азап пен жапа бере алмайтыны – белгілі ақиқат. Жылан шаққаннан пайда болатын ауыру оның уынан келеді. У аурудың көзі емес деп те айтуға болады. Керісінше, бұл ауру удан адамның денесінде пайда болады. Адам жылан шаққаннан болатын сияқты ауыруды сезінгенде алғашқы сәтте оны сипаттай алмай қалады. Алайда мұндай ауыруды сезінген адам оны түсіндіруге басқалай себептерді табады. Мұны басқаша бір мысалмен түсіндіріп көрейік. Мысалы, адам тікелей жыныстық қатынасқа түспей, өзінде ләззатты сезінсе, бұл сезімді түсіндіру үшін және оған анықтама беру үшін оны сөзсіз қосылумен салыстырушы еді. Себебі қандай да бір мәселені басқа бір нәрсемен салыстырып, байланыстыру оған анықтама беру мен себебін түсіндіру үшін қажет. Осылайша себептің нәтижесі шығады, бірақ себеп болмауы да мүмкін, мысалы, жыныстық қатынас тікелей болмаған болуы да мүмкін.

Міне, осылай, тақырыбымызға арқау болып тұрған, адамды құрдымға кетіретін ең басты қауіптіліктер, ол адам өлім аузында жатқанда оны қинап, оған қасірет тудырған күйде алдына тап болады. Адамның сол мезетте сезінетін ауруы құдды жыланның шағып алғанына ұқсайды, алайда ешқандай жылан болмайды.

Мұндай ауыру, қиналыс, күйзелісте болатын адамның қалпы сүйіктісі қайтыс болып, одан айырылып қиналған, есеңгіреген адамның қалпына ұқсайды. Махаббат адамға рахаттылық пен ләззат сезімін береді, ал өлімнің келуімен ғанибетті әкелген нәрсе ендігі кезекте оған бірден қайғы мен қасіретті, қиналысты тудырады. Бұл – қайтыс болған адамның көретін қиналыстарының бірі ғана. Себебі адам тірі күнінде өзін, өзінің тұлғалық бейнесін жақсы көрген болатын. Яғни адам өзін емес, өзінің байлығын, кірісін, дәрежесін, бала-шағасын, жақындарын, білімін ойлаған болатын. Ол олар үшін барлығына даяр еді. Өйткені ол осының барлығын сүйетін. Егер осындай махаббатпен өмір кешкен адамнан барлық нәрсесін алып қойсақ, оның сол кездегі жағдайын қалай түсіндіруге болады? Барлық нәрсесінен айырылған

адам қайғы-мұңға батып, түңіліп кетеді емес пе? Оның рухани күйзелістері мен қайғысы артып кетпейді ме? Баршасынан айырылғандықтан қайғырған ол былай ойлайды: "Менің осындай байлық-дәулетім, дәрежем, жақсы жағдайым болмағанда жақсы болар еді. Одан да менде ештеңе болмағанда ғой. Сонда мен былайша қиналмас едім, осыншама күйінбес едім".

Мінеки, өлім дегеніміз – адам тірі күнінде жақсы көрген нәрселерінің барлығынан айырылу деген сөз. Өзінің сүйіктілерінен, достарынан және басқа да барша нәрседен алыста болады. Ажалдың келуімен ол осының барлығымен бір мезетте айырылады.

Бір ақын былай деген екен:

*"Тек тұрмыс үшін ғана өмір сүрген адам өзін қалай сезінеді екен?  
Ол бейбақ сол нәрсені жоғалтып, өзін ақымақ ретінде сезініп тұр!"*

Адам өмірді тек жалғыз дәулет деп қана түсініп ғұмыр кешті, әрі ол өзінде бар нәрселер мен өмірге құштар болды. Дүнияуи нәрседен басқаны көздері көрмеді. Осындай жағдайда болған адамнан барлық нәрсесі алынады да, оның қарсыластарына беріледі. Оның үстіне, адамнан бұл алынған нәрселерінен басқа, ол жіберіп алған о дүниелік игіліктер мен нәсіптер бар. Осының барлығы ол адам мен Алла арасына кедергі салады. Себебі Алладан басқа нәрсені сүю Алла мен өзінің арасына кедергі болу дегенді білдіреді. Бұл деген – Алланың мейірімі мен рахымшылығынан мақрұм қалу деген сөз. Ендігі кезекте адамның көретіні тек қайғы-қасірет пен рухани күйзеліс болады. Ол адам осы пәлекеттердің барлығынан құтылсам деген үміті себебінен әбден жабырқайды. Бұл жабырқау – мәңгілік өмірге қатысты игіліктерден қапы қалып, мүмкіндігін жеткізіп алғаннан пайда болатын уайым болады. Енді барша ақиқатқа оның көзі жетті. Алла өзін қабылдамай жатқанына, өзі мен Алла арасында бөгет барына ол әбден қынжылып, мұңға батады. Бір жағынан оны айырылысу сезімі оттай өртейді, ал екінші жағынан тозақ оты күтіп тұрады. Алла Тағала айтқан:

**"Негізінде олар ол күні Раббыларының дидарынан мақрұм қалады. Сосын олар, әлбетте тозаққа кіреді"** ("әл-Мутаффифин, 83/15-16)

Алайда Раббысын сүйген әрі Онымен жүздесуді сағынышпен күтіп жүрген құл мына алдамшы өмірден, нәпсі арбайтын дүнияуи нәрселерден өзін құтқара алды. Енді бұл адамдар дүнияуи қайғы мен құмарды ысырып қойып, сүйікті Раббыларына қарай тырмысып бақты. Олар барша қауіптерден Оның құтқаратына сеніп, Алланың рахымшылығы мен игіліктерін мәңгілікке арттырып, көбейтті. Бұл жерде мынадай нәрсеге мән бергеніміз жөн.

Мысалы, адамның бір тұлпары бар делік және ол оны қатты жақсы көреді. Ол адамға мынадай таңдау жасау ұсынылады: "Саған таңдау жасатамыз: не біз сенің атыңды аламыз, не болмаса сені бір шаян шағып алуына келісесің". Адам осы таңдауда шаянның шағуынан пайда болатын ауруға шыдап, сабырлық танытады да, өзінің тұлпарын сақтап қалады. Себебі өзі жақсы көретін атынан айырылу сезімінен қиналуы шаянның шағуынан да бетер қиын болады. Осы себептен ол атын сақтап қалғысы келеді. Ол атын жақсы көргені соншалық, егер одан атын алып қоятын болса, өзін жаман сезініп, терең қиналысқа түсіп, әбден қынжылады. Енді адам өзін шаян шағып алатынына даяр болуы керек. Өйткені ажал адамды атынан да, үйінен де, жанұясынан да, бала-шағасы, жақындары, сүйіктілерінен де айырады. Одан бөлек, өлім оны дәрежесі мен атақ-даңқынан айырады...Ол құлағынан, көздерінен және барлық мүшесінен айырылады. Өлім барлық нәрседен айырып, өзімен алып кетеді. Енді ештеңе қайтып келмейді, бұған барша үміт те үзіледі. Егер адам бұл айырылатын нәрселерінен басқа нәрсені жақсы көрмесе, онда бұл адамның жағдайы шаян-жыландардың шағып алуынан да жаман болады. Бұл жағдай оған одан да зор қайғы-қасіретті, уайым-күйзелісті әкеледі.

Адам тірі кезінде жақсы көретін нәрселерінен айырылып қалғанды бір мезет елестетіп көріңізші. Расында, бұдан адам қатты қиналады және жан шыдатпас рухани күйзеліске ұшырайды. Міне, адам қайтыс болған кезде де көретін жағдайы бұдан мәз емес. Себебі ой жоқ болып кетпейді және өлмейді де. Ол бар болуын жалғастыра береді. Адам қайтыс болған кезде сезінетін қайғысы мен қасіретін мына дүниедегі қайғымен ешқалай салыстыруға болмайды. Өйткені тірі адам бұл қайғысынан өзін жұбату үшін басқа нәрсе таба алады. Әрқалай нәрселермен, сөздермен адам өзіне үміт беріп, жұбатып, көңілін аулауы мүмкін. Бір кездері жоғалтатын басқа бір затпен өзін жұбата алуы да мүмкін. Ал ол қайтыс болғаннан кейін ешқандай үміт те, жұбаныш та болмайды. Себебі ажал барлық жолға бөгет жасап қояды. Үмітсіздік пайда болады.

Егер адамнан оның киімін я болмаса беторамалын біреу алып қойса, ол одан жаман болып қалады, бірақ айтарлықтай қатты қиналмайды. Яғни адамның мына өмірдегі жүгі жеңіл болса, ол құтылады. Мақалдың мағынасы мынадай: "Жүгі жеңіл адамдар құтылады!" Егер адамның жүгі ауыр болса, соған орай көретін қиналысы мен қайғысы да ауыр болады.

Басқа бір мысал келтіріп көрейік: алтын тиынын ұрлатып алған адам мен он тиынын ұрлатып алған адамның қайғысы бірдей емес. Дәл солай, бір тиынын жоғалтып алған адамның қайғысы бір теңгесін жоғалтып алған адамның қайғысынан жеңіл болады.

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұл ақиқатты бір хадисінде былайша айшықтаған: **"Бір дирхамы бар адамның есебі екі дирхамы бар адамның жауапкершілігінен жеңіл болады".**

Ойлап көріңіз: егер өлім келген кезде сенің артыңнан бір нәрсе қалса, сен қайтыс болғаннан кейін ол саған қайғы мен өкініш ретінде оралады. Қаласаң, өзіңде бар нәрсені көбейт, қаласаң, азайт. Егер оны көбейтейін десең, расында сен ештеңені көбейте алмайсың. Сенің көбейткенің тек өкініш пен қайғы, бармақ тістеумен ғана өзіңе қайтып келеді. Ал егер сен оны азайтатын болсаң, онда сен тек мойныңдағы жүгіңді жеңілдетесің. Сол себепті мына алдамшы өмірмен ғана ғұмыр кешкен бақуатты жандардың қабірлерінде жылан мен шаянның саны артады. Сіздердің назарларыңызға ұсынылған бұл мысалдар иман мен сенімге байланысты. Бұл баршамыздың білуіміз керек және сенуіміз қажет нәрселер.

Әбу Саид Худри (Алла одан разы болсын) бұрын қайтыс болған баласын түсінде көреді. Ол баласына былай дейді: "Құлыным, маған бір өсиет айт!" Баласы оған: "Алланың бұйырғанының ешбіріне қарсы келме!" – дейді. Әкесі оған былай айтады: "Балам! Жалғастыр, мен көбірек насихат тыңдағым келеді!" Ұлы: "Әкетай, саған бұл жетерлік. Менің айтатын нәрселеріме шыдай алмайсың!" – дейді. Сонда әкесі былай айтады: "Басқа бір нәрсе жайлы айт!" Оған баласы былай деп жауап қатады: "Өзің мен Алланың арасында тіпті бір мата тәрізді де бөгет болмасын!"

Бұл үш тәсілдердің қайсысы дұрыс? Біздің жауыбымыз мынадай: кей адамдар ғана бірінші тәсілді қабылдаған, ал қалған екеуін тәрк еткен. Ал кейбіреулер болса, екінші тәсілді қабылдап, алғашқы тәсілден бас тартып, үшіншісін де тәрк еткен. Ал басқа бір адамдар тек үшінші тәсілді ғана қабылдап, қалған екеуін мойындамаған. Ал өзімізге келер болсақ, бұл мәселені жан-жақты қарастырса, көреген адамдар үшін үш тәсіл де мүмкіндік шеңберінде болады. Ал үшеуін де мойындамау адамның ақылының шектеулігінен және Алла Тағаланың Құдіретінің шексіз екендігін ойламағандықтан туындайды. Бұл Оның ғажайыптарын білмегендіктен пайда болады. Жағдаяттарды қажетті түрде түсінбейтін және Алламен жүздескенде Оған деген жақындығын, құштарлығын сезбейтін адам Алланың ғажайып

әрекеттерін мойындамайды дегеннің мағынасы осында. Бұл нәрсенің барлығы адамның кемел емес екендігін білмегендіктен болады. Азап шегу мен қайғы-қасірет көру жөнінде айтар болсақ, бұған қатысты айтылып отырған үш жол болуы мүмкін. Оларды шариғи заңға сәйкес бекітіп, олардың дұрыстығы мен әділдігін қабылдау керек.

Азап-бейнеттің бір ғана түрін көретін қаншама адамдар бар десеңізші! Адамға есесін берудің бұл үш тәсілінің әрқайсысын тататын құлдар қаншама! Олар көп болады ма, аз болады ма, Алла Тағаладан бізді құтқаруын тілеп, пана сұраймыз.

Міне, ақиқат осындай. Ең болмағанда осы мысалдарға еріп, олардың дұрыстығы мен әділеттілігін мойындаңыз, қабылдаңыз. Алайда бұл айтып отырғандарды шынайы білетін адамдар жер бетінде өте аз. Менің айтқым келгені келесідей: "Барлығын егжей-тегжейлі қарастыруға күш-жігерімізді босқа құртудан Аллам Өзің бізді сақтай гөр! Жасырын нәрсені анықтап, оны білуге тырыспай-ақ қойыңдар!" Ал жасауымыз қажет нәрселер мынадай: Алланың берер азабы қандай болса да, одан құтылуға асық және одан алшақ қылатын жолдарды ізде. Егер барша еңбегің мен қызметіңді шетке ысырып қойып, жасырын және ұйғарынды нәрселердің мағынасын анықтауға тырысатын болсаң, сенің жағдайың дәл мынадай болады: бір адам сұлтанның қолына тұтқынға түсті делік. Ол зынданға тасталды. Сұлтан оған жаза ретінде оның білегі мен мұрнын шауып тастауды бұйырды. Алайда бұл бейбақ ол жайында емес, таңға дейін "қызық екен: бұл сұлтан менің қолым мен мұрнымды пышақпен кесе ме екен әлде қанжармен кесе ме екен? Мүмкін олармен емес, ұстарамен кесетін шығар?" деп ойлап жатады. Ал бірақ ол негізінде былай ойлауы керек еді: "Осындай азапты көретіндей мен не істеп қойдым? Бұл азаптан өзімді қалай құтқара аламын?.."

Мынадай болатыны рас және анық: құл қайтыс болғаннан кейін оны не үлкен жаза күтіп тұрады не болмаса зор сауап болады. Ақыл иелері өздерін осыған дайындау керек. Ал азапталу мен сауап алуды егжей-тегжейлі, қалай болатынын анықтап, зерттеу – тек бос әурешілік, қисынсыз іс және уақытты босқа кетіру болады. Осы ақиқатты баршамыз біле жүрейік.

### **23 бөлім: Мункар мен Накир періштелердің сыртқы келбеті мен сұрақтары, қабірдің қысуы және қабір азаптарына байланысты басқа да нақтылықтар (соңғы)**

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын Әбу Хурайра (Алла одан разы болсын) жеткізген: "Алланың құлы қайтыс болғанда оған жасыл көздері бар, қара екі періште келеді. Бірінің аты – Мункар, екіншісінікі – Накир. Өлген кісіден екеуі былай деп сұрайды: "Пайғамбар жайлы не айтасың?" Егер қайтыс болған адам мүмин болса, ол былайша жауап береді: "Ол – Алланың құлы әрі Оның Елшісі. Алладан басқа құдай жоқ екендігіне және Мұхаммед – Оның Пайғамбары екендігіне куәлік етемін". Сонда екі періште былай дейді: "Сенің осылай айтатыныңды біліп едік". Сосын қабір жетпіс аршынға кеңейіп, іші нұрға бөленеді. Олар: "Ұйықта!" – дейді. Сонда адам айтады: "Мені қоя беріңдер, осы жайында хабар беруім үшін әйелім мен бала-шағама бір рет барып-қайтуға мұрша беріңдер". Алайда оған "Ұйықта" делінеді. Сосын ол қалыңдығын күткен күйеу жігіт ұқсап ұйықтап қалады. Ол өзінің сүйікті жары оны келіп оятқанға дейін ұйықтап жата береді. Осылайша Қиямет күні келіп, баршамыз қайта тірілгенге дейін жалғасады.

Ал егер қайтыс болған адам мұнафиқ (екіжүзді) болса, қойылған сұрақтарға ол былайша жауап береді: "Адамдар әрдайым бірдеңелерді айтып жүретін, мен олардың сөздерін еститінмін әрі оны қайталайтынмын. Ол сөздердің мағынасын бірақ мен білмеймін". Мұнафиқтың бұл жауабына періштелер: "Сенің осылай дейтініңді біз біліп едік". Сосын

мұнафиқ жатқан қабірде мынадай дауыс шығады: "Мына адамның үстіне бастырылып қал!" Қабір сол кезде адамның сүйегі бір-біріне кіріп кеткенше оны қысып тастайды. Ал оның сол қабірде көретін азаптары қайта тірілетін күнге дейін, яғни Қияметке дейін жалғасады.

Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Омар ибн Хаттабқа (Алла одан разы болсын) былай деп айтқанын Ата бин Йасар жеткізген: "Уә, Омар! Сен қайтыс болғанда руластарың саған өлшеп үш аршынға татитын кебін тігіп, сосын денеңді жуып, кебінге орап, жұпар иіссу сеуіп, денеңді иықтарыңда тасып апарып, қабірге қойғанда, кейін үстіңнен қара топырақпен жауып көмеді де, сенімен айырылып қайтып кеткенде сен не істейсің? Өйткені сосын саған қатал екі періштелер – Мункар мен Накир келеді. Бұл – дауыстары күннің күркірегені секілді қатты шығатын, ал көздері найзағай секілді адамның жанарын алатын, өздері тым қорқынышты екі періште. Олар шаштарын жерге сүйретіп келеді де, қабірдегі барлық нәрсені төңкеріп түсіреді. Сені қатты жұлқылайды. Уә, Омар! Осындай жағдайда сен не істейсің?" Хазіреті Омар (Алла одан разы болсын) былай дейді: "Уә, Алланың Елшісі! Ол кезде қазіргідей ақыл-есім болады ма?" Алланың Пайғамбары (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): "Иә", - деп жауап береді. Сонда Омар (Алла одан разы болсын): "Ал ондай болса қорқатын ештеңе жоқ. Мен оларға керек жауабымды беремін", - дейді.

Бұл хадис адам қайтыс болғаннан кейін оның жаны қандай да бір өзгеріске ұшырамайды және жоғалып та кетпейтініне дәлел болады. Ал өзгеріске ұшырайтын нәрсе – адамның тәні мен оның барлық мүшелері. Осы жағдайға орай, адам барлық қайғы-қасіретті де, қуаныш-шаттықты да сезіп жатады. Демек адам бақилық болғанда оның ақыл-есі ғайып болып кетпейді. Бір нәрсені сезініп, түсіну, оны қабылдау; жағдайларды, оқиғаларды ұйғару – бұл адамның ішкі жасырын дүниесіне, жүрегі мен жанына байланысты ерекше құбылыс. Адамның ақыл-есі қандай да бір бөліктерге бөлінбейді, бөлшектенуге, ұсақталуға ұшырамайды, тіпті ол туралы сөз қозғамаса да болады. Оның үстіне, ол басқа нәрселерді қабылдайды әрі түсінеді. Адам тәнінің барлық мүшелері бөлшек-бөлшек болып ыдырап, тас-талқаны шықса да, тіпті күл болып кетсе де, біз айтып отырған сезімдік қабылдау және түйсік, яғни адамның ақылы қандай да бір бөлшектерге және атомдарға бөлініп кетпейді.

Расында, адам кемел ақыл-есінің арқасында өмір сүруін жалғастыра береді және ондағы мәңгілік болатын нәрсе – оның ақыл-есі. Осылайша адам өлген кезде де болады. Себебі адамның ақыл деп аталатын бөлшегі өлімге ұшырамайды, яғни ақыл-есі өліп кетпейді. Ақыл үшін қандай да бір жоқ болып кету немесе ғайып болу секілді түсініктер жүрмейді.

Мұхаммед бин Мункадир былай деп айтқан: "Кәпір адам қайтыс болғаннан кейін оның қабіріне бір соқыр сотқар келетіні жайлы естігенмін. Бұл соқыр жаратылыс сонымен қатар керең болады. Соқыр әрі керең осы мақұлықтың қолында ұшында түйенің өркешіне ұқсайтын ілгегі бар темір сойылы болады, ол онымен Қиямет күні келгенге дейін қабірдегі адамды соғып, әбден қинайды. Жаңағы мақұлық соқыр болғандықтан адамның қиналғандарын көре алмайды. Әрі адамның жан даусы шығып шыңғырғанын да естімейді, сондықтан оны аямастан азаптай береді".

Әбу Хурайра (Алла одан разы болсын) былай деп айтқан: "Қайтыс болған адамды қабірге қойғанда оның игі амалдары оның жан-жағынан қоршап алады. Оған бас жағынан жақындап, азаптайын делінгенде, оған қорғаушы ретінде Құран шығады да, мұны тоқтатады. Ал егер азапталу қаупі аяқ жақтан келетін болса, адам тірі күнінде оқыған намаздары оны қорғап тұрады. Егер адамның қолдары жағынан қинайын делінсе, екі қолы былай дейді: "Алланың атымен ант етеміз. Бұл адам қолдарын созып, садақа берген. Сондықтан сендерге бұл жақта да жол жоқ!" Ал егер оның аузы жағынан қауіп төнсе, Алланы зікір ету мен ораза қарсы тұрып, азаптауға жол бермейді. Сонымен қатар, намаз бен сабырлық шетте тұрып күтіп тұрады да,



былай дейді: "Егер де қандай да бір жерден қауіп төнетінін сезсек, біз тез арада сол жерді барып жабамыз".

Суфьян Саури (Алла оны рахымшылығына алсын) төмендегідей айтқан: "Адам өзінің бауырын, жанұясын және бала-шағасын қалай қорғап-қорғаштайтын болса, қабірде де оның ізгі амалдары өзін солай қорғайды. Сосын оған былай делінеді: "Сенің жататын жеріңе Алла Тағала рахымшылығын төксін! Сен жолдас болған достарың қандай керемет, қасыңдағы серіктерің неткен ғажап!"

Хазіреті Хузайфа (Алла одан разы болсын) былайша айтқан: "Біз Пайғамбарымызбен (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бірге бір жерлеуге қатыстық. Ол қабірдің бас жағына барып отырды. Қабірге біраз уақыт қарап тұрды да, былай деді: "Мүминді қабірде оның сүйектері бір-біріне кіріп кеткенше оны қысады".

Барша мүминдердің анасы – Хазіреті Айша (Алла одан разы болсын) былай деп жеткізген: "Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтқан: "Расында, қабір адамды сондай қатты қысады, егер одан кімде-кім құтылатын болса, онда Саъд бин Муаз одан құтылушы еді".

Әнас (Алла одан разы болсын) былай деп баяндаған: "Алла Елшісінің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қызы – Хазіреті Зейнеп (Алла одан разы болсын) қайтыс болды. Ол расында өте ауыр дертке ұшыраған еді. Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қара жамылып, қайғыға батқан күйі оның денесін жерлеу үшін қабірге барды. Біз Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қызының қазасына қатты қиналғанын көріп, көңіліміз әбден түсіп кетті. Қабір басына келген кезімізде, ол қабірге түскен соң оның(Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын)жүзі бозарып кеткенін көрдік. Ол қайта жоғары шыққанда жүзі қайтадан өз қалпына келді. Мұндайды көрген біз одан(Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деп сұрадық: "Уә, Пайғамбар! Біз сенде өзгеріс болғанын байқадық. Неліктен олай болды?" Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бізге былай деп жауап берді: "Мен қызымның қабірде қалай қысылатыны жайлы ойлап кеттім және қабір азабының қиыншылығы есіме түсіп кетті. Сондықтан да мен қабірге түстім. Маған мынадай хабар жетті: "Алла Тағала қызыңның қабірде қысылуын жеңілдетті". Бірақ жеңілдеткеніне қарамастан, бұл қысылудан шыққан айқайды жер бетіндегі жындар мен адамдардан басқаларының барлығы естиді, міне бұл сондай ауыр азап..."

---

© Авторские права на статьи и осуществленные переводы статей из других источников принадлежат сайту Azan.kz.

Убедительная просьба к лицам, производящим копирование и распространение в социальных сетях и иных сайтах любых материалов ресурса Azan.kz, в обязательном порядке указывать активную ссылку на источник.